# ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

## ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

## BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY

**№2 (44) 2013**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY
BULLETIN
SCIENTIFIC JOURNAL

№2 (44)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет
Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

**Бас редактор**
Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

**Бас редактордың орынбасары**
Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

**Редакциялық алқа**
Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)
Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)
Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)
Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор
Сәтімбеков Р.С. - профессор
Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.
Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).
Лазерев В.А. – п .ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).
Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).
Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор
Құлбек М.Қ. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор
Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор
Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)
Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)
Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)
Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор
Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.
Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)
Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)
Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)
Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)
Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)
Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор
Бапаева М.К. – пс.ғ.к., доцент
Сұлтанова Р. – Азиаттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).
**Редакциялық кеңес**
Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д, профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор
Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор
Ержанова С.Б. – ф.ғ.д.,профессор м.а.
Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент
Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор
Шаталина В.В.-пс.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)
Шерьязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент
Бейсенова Ж.Ж.– пс.ғ.к., аға оқытушы
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент
**Жауапты редактор**-Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.
**Редакторлар** Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.
**Корректор** Маханбетова С.Е. - магистр
© Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
050000, Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 99. Тел. 279-30-10, факс 233-18-35.

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – TABLE OF CONTENTS


**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES**

**Кішібаев Қ.О., Мырзахметова Н.О.** Құзыреттілікті қалыптастыруға бағдарланған инновациялық технологиялар ............ 5

**Сарманова Г.Ж., Мамирова К.Н.** Қазақстан Республикасы мұнай өнеркәсібінің қазіргі жағдайы мен даму болашағы ............ 8

**Курманбаева М.С.** Экологиялық факторлардың күздік бидай сорттарын өсірудегі маңыздылығы ... 12

**Тілеубаева Ж.С., Маселбаева Қ.Д., Асқарбаева Қ.А.** Бидай сары татын жіктейтін американдық сорттардың қазақстандағы сипаттамасы ............ 16

**Медеуова Ғ.Ж., Манар З., Абдикадирова Ж.** Тыңайтқыш мөлшерлеріне байланысты күріш сабағының анатомиялық құрылысы ............ 19

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА – PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE**

**Парманбеков Ө., Шақарбекқызы А., Бекарыстанова Н.С**. Газ қоспаларындағы диффузия құбылысының қысымға тәуелді өзгерісін borland delphi тілінде құрылған stefan программасымен алынған график арқылы көрсету ............ 23

**Шақарбекқызы А., Чанбаева М.К.** Газ қоспаларындағы зат алмасу процесінің молярлық массасы мен уақытқа тәуелді графигін stefan программасы арқылы көрсету ............ 26

**Қаңлыбаев К., Жумаканова М.** Математикадан сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың шығармашылық қызметін дамытудың әдістемелік жолдары ............ 30

**Таупык А.Т., Жақашбаев Б.Ж.** Обоснование формулы пуассона ............ 33

**Авдорсолұлы М.** RGB, LAB және CMY түстік моделінің қолдану мүмкіндіктері ............ 37

**ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY**

**Kulbekova B.R. Rayeva S.Zh**. Learning activities for reading ............ 41

**Сейтимова Ж.И.** Шетел тілін оқытуда таңбалық - символдық көрнекі құралдарды пайдаланудың тиімділігі ............ 45

**Ертаева П.Қ.** Түрік тіліндегі теңеулердің метонимия, символ және сықақпен байланысы ............ 49

**Қоңқабаева Э.Ш.** Абай шығармаларындағы рухани адамгершілік құндылықтар ............ 53

**ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW**

**Ауесова Л.Ж.** Алаш қайраткерлерінің әйелдерге құрметі жайында ............ 58

**Кожакеева Л. Т.** Промышленное развитие малых городов южного казахстана на современном этапе ............ 65

**Тортаев С.Ә.** Дулат тайпасы шағатай ұлысының құрамында ............ 70

**Исаева А.И.** Тарихнамадағы уақ тайпасының тарихы ............ 75

**Астемес Г.К.** ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ............ 80

**ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY**

**Левченко Т.А., Агеева Л.Е.** К вопросу об этетическом воспитании будущих педагогов ............ 85

**Дербисалова Г.С.** Психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері ............ 89

**Токтағұлова Г.Б.** Психика мен физиологиялық құбылыстардың даму сатысы – психофизиологиялық сауал ............ 95

**Измагамбетова Р.К.** Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық мәдениетін дамыту мәселелері ............ 98

**Медеубаева К.Т.** Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы халық педагогикасының үлгілері ............ 102

**ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА-ART AND CULTURE**

**Ауезбекова Ж.А.** Ұлттық тәрбие – өнер жастарының тұлға болып қалыптастырудағы маңыздылығы ............ 106

**Оразқұлова Қ.С. Досжанова А.Ж.** Сақ-скифтердің тарихы мен мәдениетінің ерекшеліктері ............ 108

**Сыздыкбаева А. Д., Бондарева Т.О.** Исследовательская культура как способ организации проектной деятельности в начальном образовани ............ 112

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES**

**ӘОЖ 534.22.**

# ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒДАРЛАНҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Қ.О.Кішібаев,** *х.ғ.к., доцент,*
**Н.О.Мырзахметова,** *х.ғ.к., доцент м.а.*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа*:** Мақалада бейорганикалық химияны оқытуда құзыреттілікті қалыптастыруда қолданылатын проблемалық оқыту технологиясын пайдалану жолдары қарастырылған. Оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды қолданудағы негізгі мақсат- құзыреттілікті дамыту. Оқушы бойында пәндік құзыреттілікті қалыптастыру оның жеке тұлға ретінде дамуына, алған білімдерін өмірде қолдана білуіне, өз іс-әрекеттерін ой елегінен өткізе білуіне жағдай жасайды.

***Түйін сөздер*:** инновация, оқыту әдістері, инновациялық технология, құзыреттілік, кәсіби және химиялық құзыреттілік.

Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деген [1].

Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесі міндеттерінің бірі - оқытудың жаңа технологияларын енгізу және педагогтардың өзіне қолайлысын қолдануға мүмкіндік беру»,- деп көрсетілген [2].

Еліміздің болашақта өркендеп дамуы қазіргі заманғы талапқа сай мектептерде білім мазмұнын өзгерту, жаңашыл идеяларды өмірге ендіру, озат педагогикалық тәжірибе мен тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін технологияларды енгізудің өзектілігі артуда. Өркениетті қоғамға сай білімді, зерделі, өз бетімен әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба білетін, шығармашылық тұрғыда жұмыс жасай білетін адамзатты дайындау міндеті-ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін мұғалімдердің инновациялық даярлығын қалыптастыру қажет. Ол үшін:

- озық педагогикалық және психологиялық тәжірибені басшылыққа ала отырып, мұғалімнің өз жұмысына деген жаңаша көзқарасын қалыптастыру;
- әр мұғалімнің өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін айқындай білуін қамтамасыз ету;
- мұғалімнің ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуына жағдай жасау;
- мұғалімнің инновациялық технологияларды пайдалана отырып, жұмысын жандандырып отыруы және жүргізген экспериментінің нәижесін хабарлап отыруы, оқушылардың жан-жақты құзыреттілігін дамытуы керек.

Химия пәнін оқытуда қолданылатын қазіргі мынадай технологияларды атап көрсетуге болады: бағдарламалап оқыту технологиясы, проблемалық оқыту, дербес оқыту, топтап оқыту, деңгейлеп оқыту, жобалап оқыту, кіріктірілген оқыту, модульдік оқыту, дидактикалық бірлікті ірілендіру, ойын арқылы оқыту, интерактивті оқыту технологиясы [3]. Проблемалық оқыту технологиясы қазіргі таңда химия пәнін оқытуда жиі қолданылып жүр. Студенттің немесе оқушының алдына белгілі бір проблеманы тудырып, оны шешуге оларды жұмылдыру мұғалімнен асқан шеберлікті қажет етеді.

«Бейорганикалық химия» пәнін оқытуда проблемалық оқыту технологиясын қолдануды қарастырайық: «Электролиз» тақырыбын өткенде студенттердің алдына мынадай проблемалық жағдайлар қойылады: қай кезде катодта металдар бөлінe алмайды,

қандай жағдайда олар бөлінеді, анодта қай жағдайда таза оттек немесе басқа газдар бөліне алады? Осы проблемалық сұрақтарға теория жүзінде жауап бере отырып, алған білімдерін бекіту үшін зертханалық жұмыс жүргізіледі: «Мыс сульфаты сулы ерітіндісінің инертті электродтардағы электролизі». Алған білімді толығымен бекітіп, студенттердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сабақта проблемалық жағдайы бар есептер шығартылады [4].

*1- есеп.* Натрий иодидінің балқымасының электролизі кезінде электродтарда не бөлінеді?

*Шешуі:* Натрий иодидінің балқымасында диссоциациялану процесінің нәтижесінде мынадай иондар түзіледі:

$$NaI \Leftrightarrow Na^{+} + I^{-}$$

Электр тогын өткізгенде натрий катиондары катодқа (теріс зарядталған электрод), иодид иондар анодқа (оң зарядталған электрод) қарай жылжиды.

Электролиз кезінде мынадай процестер жүреді:

$$\begin{array}{ll|l} Катодта: & Na^{+} + \bar{e} \rightarrow Na & 2 \\ Анодта: & 2I^{-} - 2e \rightarrow I_2 & 1 \end{array}$$

$$2NaJ \xrightarrow{электролиз} 2Na + J_2$$

*2 – есеп.* Күкірт қышқылының сулы ерітіндісінің электролизі қалай жүреді?

*Шешуі:* Сулы ерітіндіде күкірт қышқылы иондарға екі сатыда ыдырайды:

*1 – саты:* $H_2SO_4 \Leftrightarrow H^{+} + HSO_4^{-}$

*2 – саты:* $HSO_4^{-} \Leftrightarrow H^{+} + SO_4^{2-}$

Қышқыл ерітіндісі арқылы тұрақты электр тогы өткен кезде сутек иондары катодқа келіп, тотықсызданып, сутек түзіледі:

Катодта: $2H^{+} + 2\bar{e} = H_2$

Анод айналасында сульфат иондары жиналады, бірақсулы ерітіндіде су оңай тотығады:

Анодта: $2H_2O - 4e = 4H^{+} + O_2$

Электролиздің жалпы теңдеуі:

$$\begin{array}{l|l} 2H^{+} + 2\bar{e} = H_2 & 2 \\ 2H_2O - 4\bar{e} = 4H^{+} + O_2 & 1 \end{array}$$

$$4H^{+} + 2H_2O \xrightarrow{эл-з} 2H_2 + 4H^{+} + O_2$$

Нәтижесінде: $2H_2O \xrightarrow{эл-з} 2H_2 + O_2$

Күкірт қышқылының сулы ерітіндісінің электролизінде су электролизденіп, сутек және оттек түзіледі.

*3 – есеп.* Мыс сульфаты ерітіндісінің электролизі кезінде анодта 300 мл. (қ.ж.) оттек бөлінеді. Катодта қанша мыс бөлінеді?

*Шешуі:* Оттектің эквиваленттік көлемін $(5{,}6\, л/моль)$ пайдалана отырып, бөлінген оттектің эквивалентінің моль санын табамыз.

Егер 5,6 л $O_2$ - 1 моль эквивалент болса, онда 0,300 л $O_2$ - х моль эквивалент болады.

$$x = 0{,}300 \cdot \frac{1}{5{,}6} = 0{,}054 \text{ моль эквивалент } O_2.$$

Фарадей заңы бойынша бөлінген мыстың эквивалентінің моль саны да $\nu_{экв}(Cu) = 0{,}054\, моль$. Мыстың массасы: $m(Cu) = \nu_{экв}(Cu) \cdot Э(Cu) = 0{,}054 моль \cdot 32\, г/моль = 1{,}7 г$.

*4 – есеп.* $2{,}5\,А$ ток күші электролит ерітіндісі арқылы 30 минут бойы өткен кезде ерітіндіден $2{,}77г$ металл бөлінеді. Металдың эквиваленттік массасын табыңдар.

*Шешуі:* Фарадей заңы бойынша шешеміз.

$$m = 2{,}77г;\ I = 2{,}5А;\ \tau = 30мин = 1800с;\ F = 96500\,Кл/моль$$

$$Э = \frac{m \cdot F}{I \cdot \tau} = \frac{2{,}77г \cdot 96500\,Кл/моль}{2{,}5А} = 59{,}4\,г/моль$$

Қазіргі кезеңде қолданылатын әрбір инновациялық технологияның көздейтіні студентті, оқушыны өз бетінше ізденіп, білім ала білуге жұмылдыру. Сол себепті «Электролиз» тақырыбын толығымен меңгеру үшін студенттерге өз бетімен орындауға мынадай тапсырмалар беруге болады:

1. Мына тұздардың балқымаларының электролиз теңдеуін құрастырыңдар:

а) $K_2S$ ; ә) $CaCl_2$, б) $AlCl_3$

2. $H_2SO_4, CuCl_2, Pb(NO_3)_2$ сулы ерітінділерінің электролиз теңдеулерін жазыңдар (электрод- $Pt$ ).

3. $FeSO_4, NiCl_2, AgNO_3$ тұздары ерітінділерінің электролизі (инертті электродтарда) қалай жүреді?

4. Мырыш хлориді ерітіндісінің электролиз теңдеулерін жазыңдар, егер :

а) анод – графит; ә) анод –мырыш болса.

5. $NaOH$ ерітіндісін 10А токпен 268 сағат бойына электролиздеді. Электролиз аяқталғаннан кейін ерітіндіде 100г 24% $NaOH$ ерітіндісі қалды. Ерітіндінің бастапқы концентрациясы қандай?

6. Белгісіз металдың хлоридінің ерітіндісі арқылы 6,4 А ток күшін 30 минут бойына өткізгенде катодта 1,07г металл бөлінді. Электролизге түскен қандай тұз?

7. $CuCl_2$ ерітіндісінің электролизі кезінде анодта 560 мл газ (қ.ж.) бөлінді. Катодта бөлінген мыстың массасын табыңдар.

8. Күміс нитраты ерітіндісі арқылы 30 мин бойына 6А ток өткізгенде катодта бөлінген күмістің массасын анықтаңдар.

9. 2 А ток күшімен 2 моль суды толық ыдырату үшін қанша уақыт керек?

10. Калий гидроксиді ерітіндісі арқылы 30 минут бойына 6 А ток өткізгенде бөлінетін оттектің көлемін табыңдар.

11. Күкірт қышқылының ерітіндісі арқылы 1 сағат бойына 3 А ток өткенде бөлінетін сутектің көлемін табыңдар.

12. $Cr_2(SO_4)_3$ ерітіндісі арқылы 2 А ток өткізгенде катод массасы 8 граммға артты. Электролиз жүргізілген уақытты анықтаңдар.

13. $SnCl_2$ ерітіндісінің электролизі кезінде анодта 4,48 л хлор (қ.ж.) бөлінді. Катодта бөлінген қалайының массасын табыңдар.

Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігіне ену, бәсекеге қабілетті ұстаз болу және соған сай болашақ мамандарды даярлау үшін университет қабырғасының өзінде студенттердің кәсіби, пәндік құзыреттіліктерін дамытатын қазіргі инновациялық технологияларды әр сабағымызда ұтымды қолдануымыз тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». – Алматы ақшамы, 14.12. 2012.

2. Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңы. – Алматы: Юрист. – 2009. – 240 б.

3. Құрманалиев М.Қ. Химияны оқытудың қазіргі технологиялары. – Алматы: 2009. – 112 б.

4. Мырзахметова Н.О. Бейорганикалық химия есептері мен жаттығулары. – Алматы: 2010. – 185 б.

**Резюме**

**Компетентность-ориентированная инновационные технологии**

**К.О.Кишибаев,** *к. х. н., доцент,*

**Н.О.Мырзахметова,** *к. х.н., доцент*

*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

В статье рассматривается применение проблемного метода обучения при изучении неорганической химии. Цель применения инновационных технологий в развитии процесса обучения компетенции. Студент является предметом компетенции как умение применять знания, полученные в развитии личности, размышляя о действиях их знания ситуации.

**Ключевые слова:** инновация, методы обучения, инновационные технологии, компетентность, профессионализм и компетентность химического вещества.

**Summary**

**Competence-oriented innovative technologies**

**K.O.Kishibaev to.** *X. Sc., associate professor,*

**N.O.Myrzahmetova,** *HN, Associate Professor*

*(Almaty, the Kazakh State Women's Pedagogical University)*

The article deals with the use of problem method in teaching inorganic chemistry. The purpose of the application of innovative technologies in the development of the competence learning process. The student is the subject of competence as the ability to apply the knowledge gained in the development of personality, reflecting on the actions of their knowledge of the situation.

**Keywords:** innovation, teaching methods, innovative technologies, competence, professionalism and competence of the chemical.

**ӘОЖ 373.1.02:372.891**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ

**Г.Ж.Сарманова,** *магистрант,*
**К.Н.Мамирова,** *п.ғ.к., доцент*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада Қазақстан Республикасы бойынша мұнай өнеркәсібінің ең алғашқы пайда болған аудандары, негізгі таралу аймақтары және де қазіргі кездегі жағдайы айтылған. Қазақстан бойынша негізгі Атырау, Шымкент, Павлодар мұнай өңдеу заводтары жайында мағлұмат берілген. Қазақстан мұнайының экспорттық бағытын дамыту және әртараптандыру мақсатында жобаларды іске асыру үшін негізгі бағыттар көрсетілген.

***Түйін сөздер:*** ЭЛОУ-АВТ-3, АМӨЗ, Еуро-4 стандарты, ҚазТрансОйл, CNODC компаниясы, Петро Қазақстан Ойл Продактс, Атасу-Алашонькоу мұнай құбыры, Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры.

Қазақстан Республикасы қазба байлықтарының көлемі мен мұнай шикізатының қорлары бойынша әлем бойынша барынша көзге түседі. Көмірсутекті шикізаттың едәуір

қорына ие болуда. Сараптаушылардың бағалауынша Қазақстанның болжамды мұнай қоры 13 млрд.т., ал оның жер астынан алынатын қоры -2,76 млрд.т., бұл жалпы дүниежүзілік қордың - 1,92% құрайды. Қазақстан әлемде мұнайдың анықталған қорынан 11, ал болжамды қорынан 12 орында. Осы заманғы шаруашылық мұнайсыз мүлдем қызмет атқара алмайды. Дамудың «Қазақстандық жолын» қалыптастырған егеменді мемлекетімізде тәуелсіздік алған жылдар ішінде жүргізілген сындарлы саясаттың арқасында экономикалық және әлеуметтік өмірімізде оңтайлы өзгерістер орын алып, көптеген жетістіктерге қол жеткізді. «Алдымен экономика, содан кейін саясат» деген ұстаным негізінде Қазақстан экономикасы озық қарқынмен дамып, бүгінде экономикалық даму жағынан ТМД-ның барша елдерінің алдына шықты. Оның ең негізгі ерекше факторлары болып ең алдымен дұрыс бағытта жүргізген саясаттың арқасы болса, екінші жағынан еліміздің орасан - зор жер асты қазба байлықтарына ие болуы екендігін ерекше атап өтуіміз керек. Қазақстан өзінің жер қойнауының байлығымен әйгілі болып есептелінеді. Осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын 1899 жылы Карашұңгілден алғаш мұнай ашылуы, іле Доссор және Ембіде Мақат кен орындарының өмірге келуі Қазақстанның болашақ экономикалық, отын-энергетикалық әлеуетін танытса, 1961 жылғы 5 шілде күні Жетібайдағы №6 ұңғымада мол мұнай көзінің ашылуы туған жеріміздің, республикамыздың атақ - даңқын асқақтата түскен аса маңызды оқиға болды. «Мұнай» сөзі «наф ата» деген, парсы тілінен аударғанда «ағып жиналушы, ағып шығушы» деген мағына береді [1].

Мұнайды игеру техникасымен технологиясына тоқталатын болсақ, мұнайды алғаш ретте ұңғымадан атқылау арқылы өңдеп ала бастады. Бұл өңдеудің алғашқы сатысы болып табылады. Жер ұңғымасынан атқылап шыққан соң, соңына қарай атқылау процесі аяқталып, оны механикалық тасымалдау әдісіне айналдырады (насостың көмегімен). Келесі кезеңде ұңғымадағы өнімді қысым арқылы тасымалдау түрі біртіндеп бәсеңдейді. Барлығына дерлік ұңғымалар механикалық әдіспен тасымалданады. Осы деңгейдің соңына қарай тасымалдауды қажет етпейді.Соңғы кезеңінде өңдеу процесі жүргізіледі. Судың қоры көп болып келсе, мұнайды өңдеу көлемі біршама азаяды. Тәжірибеге сүйенсек, мұнайды ең көп көлемде өңдеу жылына 8-10% - дан аспау қажет, ал орташа есеппен алғанда жылына 3-5%-өңделеді. Қазыналы өлке байлықтарын қысқа мерзімде, кең ауқымда жедел игеру үшін Қазақстандықтарға Татарстанның, Башқұртстанның, Әзірбайжанның, Түркменстанның, Краснодар және Ставрополь өлкелерінің, Куйбышев және басқа облыстардың мұнайшылары шақырылды [2].

Жер қорларын пайдалану тәртібін бағыттаумен негізінен Қазақстан Республикасының заңдарымен халықаралық шарттардың қадағалануымен жүзеге асады. Ең негізгісі: 1996 жылғы «Жер қорлары туралы заң», 1995жылғы «Мұнай туралы заң». Осы заңға да бірнеше рет өзгерістер енгізілді. Соның ішінде ең маңыздысы 1999 жылғы және 2004 жылы желтоқсан айындағы мұнай операциялары кезіндегі өнімді бөлу, келісімдер туралы «Мұнай туралы заңды» атап өтуге болады. 2010 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №153 қаулысымен адам өмірін және денсаулығын, жеке заңды тұлғалардың мүлкін, қоршаған ортаны қорғау мақсатында автомобиль бензиніне, дизель отынына және мазут қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейтін «Бензин, дизель отыны және мазут қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті бекітілді. Оның аумағында құрлықтағы кен орындарында игерілетін көмірсутек шикізатының басым бөлігі жылдық өндірудің ең жоғары деңгейлі сатысына жетті. Құрлықта өндірудің одан әрі өсуі бірінші кезекте Теңіз және Карашығанақ кен орындарын игерудің жылдамдауына байланысты. 2012 жылдың аяғында Карашығанақ кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік іске асыруды бастау жоспарлануда. Бұл ретте өнімді бөлу туралы келісімге Екінші қосымша шартқа сәйкес Қашаған коммерциялық өндірісінің басталуы 2013 жылдың қазанына дейін ұзартылуы мүмкін. 2015 жылы мұнай және газ конденсатын өндіру 2009 жылмен салыстырғанда 124,2%-ға дейін өседі деп күтілуде

(өндіру өнімі 18,5 млн.тоннаны құрайды) [3]. Қазақстан бойынша мұнай өңдейтін ең ірі үш мұнай зауыттары бар. Оларға тоқталатын болсақ: 1.Атырау мұнай өңдеу зауыты, 2. Шымкент мұнай өңдеу зауыты, 3. Павлодар мұнай өңдеу зауыты. Мұнай өндіру басқармасындағы кәсіптік- ресурс әлеуетінің негізгі мақсаты - кәсіптік ресурс әлеуетінің жақсы нұсқасын қолдануы, яғни өндіру, баға, шығын қызметтерді нарық жағдайындағы конюктураға байланысты болуы және мұнай өндіруіндегі мемлекеттік реттеудің бар болуы. Отандық мұнай өңдеу зауыттарын қайта құру және жаңғырту мынадай инвестициялық жобаларды іске асыруды көздейді: Атырау мұнай өңдеу зауытында: ЭЛОУ-АВТ-3 қондырғысының вакуумдық блогын және АМӨЗ баяу кокстеу қондырғысын қайта құру вакуумдық блоктың қуатын жылына 1800 мың тоннаға дейін және баяу кокстеу қондырғысының қуатын жылына 1000 тоннаға дейін жеткізу. Жобаны іске асыру мерзімі - 2011жыл.

Жылына 133 мың тонна бензол, 496 мың тонна параксилол өндірумен хош иісті көмірсутек өндірісі кешенін салу және мұнай өнімдерінің сапасын 3 - экологиялық кезеңге дейін жақсарту. Жобаны іске асыру мерзімі- 2011-2013 жылдар. Зауыт базасында мұнайды терең өңдеу бойынша жылына мұнай өңдеуді 5500 мың тоннаға дейін жеткізумен және мұнай өнімдерінің сапасын 84%- ға дейін өңдеу тереңдігі бойынша Еуро-4 стандартына дейін жақсартумен кешен салу. Жобаны іске асыру мерзімі - 2011- 2014 жылдар [4].

Атырау облысындағы Солтүстік- Каспий экологиялық базасының негізгі жобасы: Каспий теңізінің солтүстік Қазақстандық бөлігінде құйылмалы мұнай түрін іске асыру. Жобаны іске асыру мерзімі – 2009 - 2012 жылдар. Жобаның негізгі ұсынылуы:

- теңіз маңындағы мұнай өңдеу аймақтарын құру;
- экологиялық, метеорологиялық мониторинг;
- органикалық дүние қорын кеңейту [5].

Маңғыстау облысы маңындағы Каспий теңізінің шығыс бөлігінде Баутино аймағындағы мұнай өңдейтін базаға тоқталатын болсақ, толығымен автоматтандырылған, автоцистерна және теңіз аймағындағы жанар - жағармайларды экологиялық қауіпсіз тасымалдап, пайдалануға мүмкіндік бар.

«ҚазТрансОйл» АҚ негізгі атап өтетін жетістіктеріне тоқталсақ: 2009 жылғы 9 қазанда «Кеңқияқ-Құмкөл» магистральды мұнай құбыры коммерциялық пайдалануға берілді. Мұнай құбыры «Қазақстан-Қытай» экспорттық мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің бірінші желісі болып табылады. Оның құрылысын қазақстандық «ҚазТрансОйл» АҚ және қытайлық CNODC компаниясының бірлескен кәсіпорны «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС жүргізілді. «ҚазТрансОйл» АҚ орналастыратын акцияларды төлеу мақсатында компания акционері - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 5 наурызындағы шешімімен «Туймазы-Омбы-Новосибирск 2» (ТОН-2) магистральды мұнай құбырының Қазақстандық учаскесі тапсырылды. «ҚазТрансОйл» АҚ тармақталған магистральді құбыр жүйесі арқылы мұнай тасымалдауы мен су жеткізуді қамтамасыз ететін ҚР басты мұнай тасымалдау компаниясы.

«Петро Қазақстан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (бұдан әрі -ПҚОП): Мұнай өңдеу бойынша қуатты жылына 6000 мың тоннаға дейін жеткізумен, өңдеу тереңдігін 90% дейін ұлғайтумен, зауытты қайта құру және жаңғырту, мұнай өнімдерінің сапасын 4-экологиялық кезеңге дейін жақсарту. Жобаны іске асыру мерзімі-2011-2014 жылдар. Павлодар мұнай-химия зауытында (бұдан әрі - ПМХЗ):

Зауыт қуатын жылына 6000 мың тоннаға дейін жеткізуде, мұнай өңдеу тереңдігін 90%-ға дейін ұлғайтумен қайта құру және жаңғырту, мұнай өнімдерінің сапасын 4-экологиялық кезеңге дейін жақсарту. Жобаны іске асыру мерзімі- 2011-2013 жылдар.

2011жылы Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды- инновациялық даму бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның инновациялық-технологиялық даму бағдарламасын іске асыру аясында Павлодарда орталық диспетчерлік бекет іске қосылды [6].

Мұнай өңдеу зауыты қайта құру және жаңғыртуды аяқтау 2015 жылы республиканың тұтынушыларын 3-4-экологиялық кезеңнің талаптарына сай келетін сапалы мұнай және мұнай-химия өнімдерімен қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға, республиканың автомобиль және авиация отынына қажеттігін қамтамасыз етуге, мұнай өңдеу зауыттарының жиынтық қуатын жылына 17,5 млн. тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді [7]. Қазақстанда түрлі маркадағы мұнай өндіреді. Қашаған теңіз мұнай өңдеу аймағында 8 млрд. баррель көлемінде мұнай өнімі бар екендігі анықталуда, екі жасанды аралда 20 эксплуатациялы скважинаның бұрғылауы жасалынды. Қазақстанның Каспий шельф аймағында Қашаған, Ақтоты, Қайраң, Қаламқас аймақтарында 41 скважина өңделіп, эксплуатацияланып, сараптамалық бақылау жасалынды. Қазақстанның Каспий аймағында мұнайды барлау 2013 жылғы маусым айына жоспарлануда. Алғашқы кезеңдерінде тәулігіне 400 мың баррель мұнай өңделеді. Қашағанда ең жоғарғы көлемде мұнай өңдеу тәулігіне 1,5 млн. баррель болуы мүмкін.

Қазақстан мұнай транзитіне тарифтерін бекітті. Ол мұнай магистралі 2005 жылы аталған тариф Қазақстанның мемлекеттік агент негізінде бекітіліп, 1 қыркүйектен өз жұмысын бастады, ол «Атасу-Алашонькоу» деп аталатын құбыр жүйесімен тасымалданады (1тонна 1000 км-ге 1673,89 теңгені құрайды). Атасу станциясынан (Қарағанды облысы) Алашонькоу теміржол станциясына (ҚХР) дейін аралықта орналасқан. Алғашқы кезеңде құбыр арқылы мұнайды жіберу мүмкіндігі жылына 10 млн.тонна, екінші кезеңде 20 млн.тоннаға жуық болды. 2008 жылы Қытайға осы құбыр арқылы біздің мұнайымыздың 5,1 млн.тоннасы экспортталды; 2011 жылы Атасу-Алашонькоу мұнай құбыры 2010 жылдың алғашқы 4 айына қарағанда 3млн.751мың тонна, яғни 15%-ға жоғары болды. Қазіргі кезде ресей мұнай компаниялары «Атасу-Алашонькоу» мұнай құбыры арқылы тасымалды іске асырып жатқан жоқ. Одан басқа Қазақстанның мұнай және газ министрлігі мұнай құбырымен Қытайға 250 мың тонна көлемінде мұнай тасымалдауға квотаны бекітті. Бұл айлық квота жыл соңына дейін сақталуы мүмкін [8].

Қазақстан мұнайының экспорттық бағытын дамыту және әртараптандыру мақсатында мына жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде: мұнай құбырын кезең-кезеңмен кеңейту, Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырына қосу арқылы Қазақстан-Каспий тасымалдау жүйесін құру және Қазақстан-Қытай бағыттары бойынша ұлғайтылатын болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Омарәлиев Т. «Мұнай мен газды өңдеудің химиясы және технологиясы», I бөлім, Астана- 2011, «Фолиант» баспасы, 6-8 б.
2. Джиембаева К.И., Ахмеджанов Т.К., Сакиева М.К. «Техника и технология добычи нефти». – Алматы: Экономика. – 2011. – Б. 5-11, 91-97.
3. Ахметов Е.А., Бердығұлова Г.Е. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. – Алматы. – 2011. – Б. 76-85.
4. «Petroleum». – Алматы. – 2012. – Б. 57-58.
5. «ҚазМұнайГаз». – Алматы. – 2011. – Б. 4-5.
6. «ҚазТрансОйл». – Астана. – 2012. – Б. 12-13.
7. «Нефтяное хозяйство». –2012. – Б. 18-19.
8. «Нефть и газ». – Алматы. – 2011. – №5 (65). – Б. 151-152.

**Резюме**

**Нефтяной промышленности республики: состояние и перспективы**

**Г.Ж.Сарманова,** *магистрант*
**К.Н. Мамирова,** *к. п. н., доцент*
*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

В этой статье рассматривается состояние и развитие нефтяной промышленности в Казахстане. Так же дается анализ межгосударственным и международным соглашениям по добыче нефти. Атырау, Шымкент, Павлодар нефтеперерабатывающий завод, чтобы узнать о растениях. Развитие экспорта казахстанской нефти и реализация проектов с целью диверсификации направления основных направлений.

**Ключевые слова:** Сырая-3, AR, стандарт Евро-4, КазТрансОйл, компания SNODC, Петро Казахстан Ойл Продактс, нефтепровод Атасу-Alaşonkow, нефтепровод Баку-Тбилиси-Джейхан.

**Summary**

**Oil industry of the republic state and prospects**

**G.Zh.Sarmanova**, *undergraduate*

**K.N. Mamirova**, *to. N. N., Associate Professor*

*(Almaty, the Kazakh State Women's Pedagogical University)*

The article first appeared in areas of the oil industry in the Republic of Kazakhstan, the main distribution area and referred to the current situation. Atyrau, Shymkent, Pavlodar oil refinery to learn about plants. Kazakhstan's oil export development and implementation of projects in order to diversify the direction of the main directions.

**Keywords:** Crude-3, AR, Euro-4 standard, kaztransoil, SNODC company, Petro Kazakhstan Oil Products, the Atasu-Alaşonkow oil pipeline, the Baku-Tbilisi-Ceyhan oil pipeline.

**ӘОЖ 581.585.34**

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ КҮЗДІК БИДАЙ СОРТТАРЫН ӨСІРУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**М.С.Курманбаева,** *б.ғ.д., доцент м.а.*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада ашық каштанды топырақты егістік танаптарында көп факторлы жүргізілген тәжірибе барысында, осы аймаққа аудандастырылған күздік бидай сорттарын өсірудегі экологиялық факторлардың маңыздылығы айқындалған.

***Түйін сөздер*:** күздік бидай, себу мөлшері, себу мерзімі, өнімділік, тыңайтқыш.

Соңғы жылдары біздің елімізде күздік бидайдың интенсивті көптеген сорттары шығарылды. Бұл сорттар сыртқы орта жағдайына талаптары бойынша және биологиялық қасиеттері жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Сондықтан, оларды өсірудің агротехникасы олардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып және өсіру ортасының экологиялық жағдайын да есепке ала отырып жүргізілуі тиіс. Жаңа сорттар агротехникаға ескі сорттармен салыстырғанда көбірек талап қояды [1].

Жыл сайын жоғары сапалы мол түсім алу үшін осы сорттардың жеке ерекшеліктерін ескеруіміз қажет. Қазіргі күздік бидайдың интенсивті сорттары өздерінің потенциалдық мүмкіншіліктерін өсуге қолайлы жағдайда ғана көрсете алады, ал қолайсыз жағдайда түсімділікті төмендетіп жібереді [2].

Дәнді дақылдардың өнімділігін арттыруда жоғары өнімді сорттардың рөлі ерекше маңызды. Интенсивті сорттардың ерекшелігі олар жоғары агрофонда рекордтық өнім бере алады. Ал, төмен агротехникада олардың кәдімгі сорттардан еш айырмашылығы болмайды және олардан да төмен өнім беруі ықтимал [3].

Практикадан белгілі барлық сорттар өсірудің бірдей жағдайында әртүрлі өнім беретіндігі. Біреулері - аз өнім берсе, келесісі - ауруға оңай шалдығады, басқасы - қысқы суықты нашар көтереді, біреулері - құрғақшылыққа төзбейді немесе тұрақты жоғары өнім бере алмайды [4].

Сондықтан зерттеу жұмысының *мақсаты* күздік бидайдан жоғары тұрақты өнім алу үшін экологиялық факторлардың маңыздылығын айқындау болып табылады.

*Зерттеу объектілері және әдістері.* Алматы облысы, Қарасай ауданында ашық - каштанды топырақты егістік танаптарында көп факторлы жүргізілген тәжірибе барысында, осы аймаққа аудандастырылған күздік бидай сорттары алынды: Алмалы, Эритроспермум 217, Эритроспермум 317, Эритроспермум 256, Эритроспермум 596, Лютесценс 42, агротехника осы аймаққа жалпы қабылданған. Ылғалмен қамтамасыз ету жағдайына байланысты жылына 1-2 вегетациялық суару жүргізілді (нормасы 400-500 м$^3$/гектарына).

*Зерттеу нәтижелері.* Күздік бидайды өсіруде ең маңыздысы топырақтық - климаттық жағдайды, биологиялық ерекшелігін, агротехниканы қолдануды есепке ала отырып, оптимальды себу мерзімін анықтау болып табылады. Себу мерзімінен өсімдіктің күзгі өсу мен дамуы, өсімдікте пластикалық заттардың жинақталуы, олардың ауруға және зиянкестерге төзімділігі және қыстап шығудың қолайсыз жағдайы тәуелді болады. Себу мерзімі мен оның мөлшері-күздік бидай өсіруде басты факторлар болып табылады. Ауыл шаруашылығында себу мөлшерінің қолайлысын таңдап алу және мерзімінің дұрыс уақытын білу негізгі міндеттердің бірі. Егісте өсімдіктер санына негізінен себу мөлшері әсерін тигізеді, ал жиналған масақтың санын анықтауда басты рөлді себу мерзімі атқарады. Бұл факторлар жалпы түсімнің 82%-н қамтамасыз етеді.

Себу мерзімі өз кезегінде көптеген жағдайларға - алғы егіс, сорт, топырақ жағдайы, оның ылғалдылығы мен құнарлығы және температуралық режимге тәуелді.

Бидайдың интенсивті жаңа сорттары басқа сорттарға қарағанда кеш егілгенін қалайды, олар ерте егілсе тез дамып, көптеген аурулардан және сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларынан төзімділігі нашарлап кетеді.

Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығысында күздік бидайды себу мерзімі сорттардың биологиялық ерекшелігіне байланысты дифференциацияны талап етеді.

Дәнді дақылдарды өсіру шаруашылықтарында көп ауданды жерлерде егу техникаларының жетіспеушілігінен аз уақытта барлығын сеуіп шығу мүмкін болмайды, кейде кыркүйектің басынан қарашаның ортасына дейін баруы мүмкін. Осыған байланысты күздік бидай сорттарының дұрыс дифференциациясының қажеттілігі туындайды.

Себу мерзіміне байланысты түсімділік ұлғаюының өзгерісі көбінесе себу мөлшеріне және күздік бидайдың минералды коректенуіне және өсірілген сорттардың биологиялық ерекшелігіне тәуелді. Біздің зерттеген сорттарымызда әртүрлі себу мерзімінде және себу мөлшерін көбейткен сайын оның өнімділігі төмендей түсті, Алмалы, Лютесценс 42 Эритроспермумнің 217, 317, 256, 596 сорттары 20.10 күні себілгенде және себу жиілігі 1,5-2,5 млн дән болғанда жоғары өнімділікті көрсетті, ал ерте 20.09 күні және себу мерзімі 2,5 -5,5 млн дән болғанда төменгі өнімділікті көрсетті (1-сурет).




1-сурет. Себу мерзімі мен себу мөлшерінің өнімділікке әсері

Күздік бидай өсімдігінің ерте кезеңінде морфологиялық, анатомиялық құрылымын зерттеу арқылы қандай өнімділік алуға болатындығына диагностика жасауға болады. Сорттарды себудің мөлшерін айқындау үшін көптеген факторларды ескеру қажет. Себу мөлшері себу мерзіміне және егу тәсіліне, алғы егіске, егісті күту технологиясына топырақ құнарлығына және басқа факторларға тәуелді. Өте сирек немесе өте жиі себілген жағдайда жоғары өнімді сорттар жоғары және тұрақты өнімділік бере алмайды.

Біздің зерттеуге алынған жоғары өнімді сорттар болғандықтан себу мөлшері 110 кг гектарына алынды. Зерттеу барысында себу мөлшерінің оптимальды мөлшері әр сортта әртүрлі болатындығы байқалды. Күздік бидайдың сабақтары өте сирек немесе өте жиі өскенде жоғары және тұрақты өнімділік алуға кепіл бола алмайды.

Күздік бидайдың жоғары өнімділігі басты екі жағдайға байланысты: уақытында шыққан өскіндер - олардың қыстап шығуына және жақсы өсуіне ықпал етсе; уақытында өсімдікті сумен қамтамасыз ету, күзгі ылғал және көктемгі кезеңде қажет ылғалмен қамтамасыз етілуі.

Жоғары және тұрақты өнімділік алу үшін суаруда ең маңыздысы сорттар болып табылады, олардың жоғары өнімділігі, қысқа төзімділігі, құрғаққа және ауаның жоғары температурасына тұрақтылығы, жапырылуға төзімділігі және жоғары ылғалмен қамтамасыз етілуге бейімделуі.

Тәжірибе барысында күздік бидай Алмалы сортының жапырақ көлемінің ауданына себу тәсілдерінің, қатарлап, кең жалдап, жалға екі қатарлап себу, жалға үш қатарлап себу мөлшерлерінің әсері 1-кестеде көрсетілген. Себу мөлшері артқан сайын 5 млн. дән гектарына болғанда, түптену кезеңінде 22,4 мың м/га, түтіктену кезеңінде 33,1 мың м/га, масақтану кезеңдерінде жапырақ ауданы 60 мың м/га-на артты, ал сүттену кезеңінде 20,6 мың м/га-на күрт төмендеді.

Себу мөлшерінің 1,5 млн. дән болғанда 17,3, 28,9, 48,1, 15,9 мың м/га ауытқып отырды. Сондықтан, 5 млн. дән сепкенде шығатын шығынды салыстырсақ, 1,5 млн. дән сепкен тиімді екендігіне көз жеткіземіз (1-кесте).

Кесте 1 – Өсімдіктің өсіп-өну кезеңіндегі жапырақ ауданының себу тәсіліне және тұқымның себу мөлшеріне байланыстылығы

| Сорт | Себу тәсіл | Себу мөлшері | Өсу кезеңдері | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | түптену | түтіктену | масақтану | Сүттеніп пісу |
| Алмалы | Қатарлап | 5,0 | 23,8 | 33,1 | 60,8 | 20,6 |
| | Кең жалдап | 4,0 | 22,4 | 32,1 | 53,9 | 18,5 |
| | Жалдап екі қатарға | 1,5 | 17,3 | 28,9 | 48,1 | 15,9 |
| | | 2,5 | 19,3 | 30,6 | 51,6 | 16,5 |
| | | 3,5 | 20,6 | 31,5 | 53,8 | 17,6 |
| | Жалдап үш қатарға | 1,5 | 15,7 | 26,2 | 39,0 | 13,1 |

Жалау жапырақтың ауданы өнімділікпен оң корреляцияда болатындығы белгілі, неғұрлым жапырақ ауданы үлкен болса, фотосинтез жүретін аудан үлкейеді, фотосинтез қарқынды жүретін болса, өнімділік артуына ықпал етеді, әсіресе бидайдың жалау жапырағының өнімділікке әсері жоғары болатындығы дәлелденген, біздің зерттеу нәтижесі оны нақтылай түседі.

Суару тәсілінің өнімділік қалыптасуына айтарлықтай әсер ететіндігі айқындалып және оның сорттың биологиялық ерекшелігіне минералды қоректенуіне және себу мөлшеріне байланыстылығы белгілі болды. Жалдағы арық арқылы суаруда себу мөлшерінің өнімділік қалыптасуға қатынас пайызы артатындығы анықталды.

Суарылатын ашық каштанды топырақта өскен күздік бидайдың өнімділігінің қалыптасуына зерттелген факторлардың қатысуының пайыздық өзгеруі келесідей:

- сорттар – 12,3%, тыңайтқыш – 70,7% және себу мөлшері – 4,5% себу мерзімі ерте болғанда;

-сорттар – 21,2%, тыңайтқыш– 57,5% себу мөлшері – 4,3% себу мерзімінің кеш болуы.

Статистикалық талдау мәліметтерінен, күздік бидайдың өнімділігінің қалыптасуы біріншіден минералды қоректену жағдайына, екіншіден сорттардың биологиялық ерекшелігіне және себу мөлшеріне тәуелді екендігі мәлім болды. Ашық каштанды топырақта сорттың өнімділік қалыптасуына қатынасу пайызы және олардың рөлі суарылған жағдайда себу мерзімі кеш болғанда жоғарылайтыны айқындалды. Сонымен оңтүстік және оңтүстік шығыс Қазақстан жағдайында күздік бидайды себудің оптимальды мерзімі 20 қыркүйектен 5 қазан аралығында сорттардың биологиялық ерекшелігіне қарай анықтау қажет.

Себу мөлшерін жоғарылатқан сайын, борозда арқылы суару тиімділігі арта түседі, өнімділік 4-11 ц/га-ға өседі. Зерттеу барысында Алмалы сорты ерекшеленіп, өнімділігі суару тәсіліне орай арта түсті.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қапасова М.С., Сарқытбаева А.К. Жаңа технологиямен өсірілген бидайдың морфо - анатомиялық құрылысына экологиялық факторлардың әсері // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Хабаршысы // №1, 2009. – Алматы. – Б.180-185.

2. Қапасова М.С. Жаңа Мексикалық технологияның күздік бидайдың морфо-анатомиялық құрылысына әсері //Известия вузов//№1, 2009, Бишкек. Б.304-310

3. Масанобу Фунуока «Революция одной соломинки» (Введение внатуральное земледелие) 2008г. http://www.ganeymoledet.org.

4. Сыдық Д.А., Сыдықов М.А. Оңтүстік Қазақстан жағдайында күздік бидайды топырақты өңдемей тікелей егудің экономикалық тиімділігі. Жаршы. – №2. – 2009. – Б.40-43.

**Резюме**

**Экологические факторы в сортов озимой пшеницы**
**важность хозяйство**

**М.С. Курманбаева,** *к. б. н., и.о.доцента*
(*г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

Формирование урожая озимой пшеницы зависит в первую очередь от условий минерального питания, затем биологических особенностей возделываемых сортов и незначительно от нормы высева семян. При этом на светло-каштановой почве доля участия сорта в формировании урожая значительно выше, чем на лугово-сероземной почве. Повышается также роль сорта в формировании урожая при поздних сроках посева, особенно в условиях орошения. При определении сроков посева необходимо учитывать биологические особенности возделываемых сортов.

**Ключевые слова:** размер озимого сева пшеницы, посева, урожайность, удобрения.

**Summary**

**Environmental factors in winter wheat varieties**
**The importance farming**

**M.s.kwrmanbaeva,** *ph.d., associate professor*
*(Almaty, Kazakh state women*
*pedagogical university)*

The article deals with the importance of ecological factors in growing winter crop sorts.

Formïrovanïe wrojaya ozïmoy pşenïcı zavïsït pervwyu oçered fire wslovïy mïneralnogo power, austere bïologïçeskïx vozdelıvaemıx features of sortov seeding rate of fire and neznaçïtelno semyan. When étom Pale kaştanovoy poçve Dolya wçastïya variety formïrovanïï

wrojaya on a grand scale vışe anything on meadow serozemnoy poçve. Povışaetsya variety of takje role in formïrovanïï wrojaya when pozdnïx srokax poseva osobenno wslovïyax irrigation. When opredelenïï srokov poseva necessary wçïtıvat Biology Features vozdelıvaemıx sortov.

**Keywords:** the size of the winter wheat sowing, sowing time, productivity, fertilizer.

**ӘОЖ 633.11: 632.4: 632.911**

## БИДАЙ САРЫ ТАТЫН ЖІКТЕЙТІН АМЕРИКАНДЫҚ СОРТТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СИПАТТАМАСЫ

**Ж.С.Тілеубаева**, б.ғ.к., *аға оқытушы,*
**Қ.Д.Маселбаева,** *ізденуші,*
**Қ.А.Асқарбаева**, *оқытушы*
*(Алматы қ., Қазмемқызпу)*

***Аңдатпа:*** Оңтүстік Қазақстан жағдайында алғаш рет америка сары тат сорт жіктегіштері зерттелінді. Жіктегіш сорттардың ауруға төзімділігі жасанды індет аясында өсімдіктердің вегетациялық кезеңдерде бағаланды.

***Түйін сөздер:*** Сары тат, Питомник, Төзімділік, Сары тат сорт жіктегіш, Зақымдану.

Сары тат (қоздырғышы - *Puccinia srtriiformis f. sp.tritici*) әлемде бидай өсірілетін барлық егістік аймақтарда кең таралған қатерлі өсімдік ауруы.

Сары тат өсімдіктің жапырақ тақтасын зақымдап, ассимиляциялық әрекетін нашарлатады, осы себептен физиологиялық процестері бұзылып, масақ ұзындығы қысқарады, бидай масағындағы масақшалар саны, масақтағы дән саны, дән мөлшері және салмағы азайып, бидай сапасы және егін түсімі кемиді. Өсімдіктің тіршілікке қабілеттілігін төмендетеді немесе оның функцияларын бұзады. Осының салдарынан өсімдікте ассимиляция процесі бұзылады, тамыр жүйесінің дамуы, масақтағы масақша саны, масақтағы дән саны, дән массасы, сабақтың беріктігі кемиді, құрғақшылыққа және қысқа төзімділігі төмендейді [1].

Сонымен қатар зақымдану салдарынан өсімдік бойы, сабағының жуандығы және тамырының дамуы қысқарады, нәтижесінде тамырдың қоректік заттарды топырақтан сіңіруі қиынға айналады. Індет неғұрлым күшті болғанда зақымданған жапырақ күні бұрын өліп қалады, өсімдіктің өсуі және дән түзуі төмендеп, егін түсімінің кемуі 70-80%-ке жетеді [2].

Дән өнімінің қатты кемуі сары таттың сабақты зақымдануынан туындайды. Әдетте бұған жапырақтың, жапырақ түтікшесінің, масақ қабықшасының және масақ қылтанағының зақымдануы бастама береді, масақ астындағы сабақтын зақымдалуы егін түсімінің жойылуына дейін әсерін тигізеді [3, 4]. Тат ауруларынан өсімдікті қорғаудың экологиялық жағынан таза, экономика жағынан тиімді әдісі бұл өндіріске төзімді сорттарды ендіру. Селекцияда жетістіктерге жету үшін патоген расасына немесе тұтас популяциясына қарсы тиімділігі жоғары төзімді генді білу керек, сонымен қатар ол геннің ұзақ сақталуы жиі қадағаланып тұру қажет [5].

*Материалдар және әдістер.* Зерттеу материалдары ретінде америка сары тат сорт жіктегіштері пайдаланылды. Тәжірибе институттың тәжірибелік танап жағдайында жүргізілді. Танаптық жағдайда әр сорт төрт қатардан ені 1м, қатар арасы 20 см болатын мөлтектерге қолмен егілді. Әр питомниктің шеткі жағасына індет көзі ретінде Богарная 56, Стекловидная 24 және ауруды қабылдағыш сорт *Morocco* егілді. Түптену фазасында бидай сорттарына бүрку әдісі бойынша сары тат уредоспорасы жұқтырылды. Сары татпен

зақымдануды есепке алу бақылау сорттарында ауру дамыған кезде Гасснер және Штрайб көрсеткіші бойынша ұпаймен, Петерсон көрсеткіші бойынша пайызбен (%) жүргізілді.

*Нәтижелер және талқылаулар.*Танап жағдайында американдық доктор Ченнен келіп түскен сорт жіктегіштердің өсімдіктің вегетация кезеңдерінде сары тат аруына төзімділігі зерттелінді. Зерттелінген сорт дифференциаторлар арасынан Paha (Yr Pa1, Yr Pa2, Yr Pa3), Druchamp (Yr3a, Dru1, Dru2, HTAP), Riebesel 47/51 (Yr9), Produra (Yr Pr1, Pr2) дамудың барлық кезенінде ауру қоздырғышқа иммунды болды. Түптену және сабақтану кезінде төзімді болған Heines VII (Yr2, Yr HVII), Moro (Yr10, Yr Mor), Yamhill (Yr2, Yr4a, Yr Yam), Tyee (Yr Tyee), Tres (Yr Tr1, Yr Tr2) сорт жіктегіштер масақтану кезінде сары татпен 2/10-2/40 орташа төзімділік деңгейінде зақымданды. Lemhi Yr21, Chinese 166 (Yr1), Lee (Yr7, Yr22, Yr23), Express (HTAP resistance), Yr8, Yr9, Compair (Yr8, Yr19) сорт жіктегіштерінің масақтану кезінде патогенмен зақымдануы 3/40-3/80 көрсеткіш деңгейін қамтыды. Fielder (Yr6, Yr Fie) және Hyar (Yr17) дамудың барлық кезеңінде ауруға төзімсіздік байқатты. Бұл сорт жіктегіштерінің сары татпен зақымдануы масақтану кезінде 4 балл, 80-90% болды (1-кесте,1-сурет).

1-кесте




1- Сурет. Америка сары тат сорт жіктегіштерінің даму кезеңдері аурумен зақымдануын анықтау

*Американың бидай сары тат сорт жіктегіштерінің ауруға төзімділігін анықтау*

| Аталуы | Ген | Зақымдану типі және деңгейі, балл/ % | | |
|---|---|---|---|---|
| | | түптену | сабақтану | масақтану |
| Lemhi | Yr21 | 0 | 2/5 | 3/50 |
| Chinese 166 | Yr1 | 2/5 | 3/40 | 3/70 |
| Heinese VII | Yr2, Yr HVII | 1/5 | 2/5 | 2/40 |
| Moro | Yr10, Yr Mor | 2/10 | 2/20 | 2/20 |
| Paha | Yr Pa1, Yr Pa2, Yr Pa3 | 0 | 0 | 0 |
| Druchamp | Yr3a, Dru1, Dru2, HTAP | 0 | 0 | 0 |
| Riebesel 47/51 | Yr9 | 0 | 0 | 0 |
| Produra | Yr Pr1, Pr2 | 0 | 0 | 0 |
| Yamhill | Yr2, Yr4a, Yr Yam | 0 | 0 | 2/10 |
| Stephens | Yr3a, Ste1, Ste2, HTAP | 0 | 0 | 1/5 |
| Lee | Yr7, Yr22, Yr23 | 3/10 | 3/60 | 3/80 |
| Hyar | Yr17 | 3/10 | 4/70 | 4/80 |
| Express | HTAP resistance | 0 | 2/5 | 3/40 |
| Аталуы | Ген | Зақымдану типі және деңгейі, балл/ % | | |
| | | түптену | сабақтану | масақтану |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Fielder | Yr6, Yr Fie | 3/5 | 4/70 | 4/90 |
| Tyee | Yr Tyee | 0 | 0 | 2/40 |
| Tres | Yr Tr1, Yr Tr2 | 1/5 | 2/10 | 2/20 |
| Yr 8 | Yr8 from Compair in Avocet | 0 | 3/50 | 3/70 |
| Yr 9 | Yr9 from Clement in Avocet | 0 | 3/40 | 3/60 |
| Clement | Yr9, Yr Cle | 0 | 0 | 1/5 |
| Compair | Yr8, Yr19 | 0 | 0 | 3/40 |

Зерттеу нәтижесінде бидай сары тат сорт жіктегіштерінің даму кезеңдері аурумен зақымдануы анықталынды. Paha (Yr Pa1, Yr Pa2, Yr Pa3), Druchamp (Yr3a, Dru1, Dru2, HTAP), Riebesel 47/51 (Yr9), Produra (Yr Pr1, Pr2) сорт жіктегіштер барлық кезеңдерде ауруға иммунды болды. Бұл аталған сорт жіктегіштерді селекцияда төзімділік көзі ретінде пайдалануға ұсынуға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ступина Н.В., Лобачев Ю.В., Сибкеев С.Н. Генетический метод защиты яровой мягкой пшеницы от листовой ржавчины. // Вопросы биологии, экологии, химии и методики обучения / Сарат. гос. ун-т, 2005 в.8. – С 57-607.

2. Кайдаш А.С., Бессмельцев В.И., Добрянская М.В. Возможные потери урожая зерна озимой пшеницы от желтой ржавчины (*Puccinia stiformis West.)* // Микология и фитопатология. – 1976, Том 10, Выпуск 6. – С.509-511.

3. Кайдаш А.С., Шинкаарев В.П. Обоснование краткосрочного прогноза желтой ржавчины для сортов озимой пшеницы. Микология и фитопатология. – 1972, Том 6, Выпуск 1. – С.13-17.

4. Хахимов А.Х., Рашидов М.И.и др. Желтые ржавчины пшеницы в Узбекистане. Защита и карантин растений. – 2002. №7. – С.36-37.

5. Койшибаев М. Особенности развития желтой ржавчины и пятнистостей листьев на озимой пшенице в Центральной Азии. // 1-я Центрально-Азиатская конференция по пшенице. – г. Алматы. 10-13 июня 2003 г. – С.281.

**Резюме**

**Фитопатологическое исследования у американских сортов в Казахстане**

**Ж.С. Тлеубаева,** *к.б.н., старший преподаватель,*
**К.Д.Маселбаева,** *соискатель*
**К.А. Аскарбаева,** *преподаватель*
*(г. Алматы, КазГосЖенПУ)*

В работе методом фитопатологического исследования у американских сортов дифференциаторов озимой пшеницы идентифицировано 4 гена устойчивости к желтой ржавчине: Paha (YrPa1, Yr Pa2, Yr Pa3), Druchamp (Yr3a, Dru1, Dru2, HTAP), Riebesel 47/51 (Yr9), Produra (Yr Pr1, Pr2). Указанные сорта являются ценными донорами для селекции на иммунитет в условиях Казахстана.

**Ключевые слова:** Желтая ржавчина, питомник, толерантность, желтый ржавчина оценка ущерба отборочные.

**Summary**

**Phytopathologic study in the US grades in Kazakhstan**

**J.S. Tleubaeva,** *PhD, Senior Lecturer,*
**K.D.Maselbaeva,** *competitor*
**K.A. Askarbaeva,** *teacher*
*(Almaty, KazGosZhenPU)*

The article deals with 4 genes of stability identified the yellow blight of American sorts differentiators of winter wheat the method of phytopatology research: Paha(Yr Pa1, Yr Pa2, Yr Pa3), Druchamp(Yr3a, Dru1, Dru2, HTAP), Riebesel 47/51(Yr9), Produra(Yr Pr1, Pr2). The indicated sorts are valuable donors for a selection on immunity in the conditions of Kazakhstan.

**Keywords:** Yellow rust, nursery, tolerance, yellow rust grade qualifier damage.

**ӘОЖ 502.1 (574);581.524**

## ТЫҢАЙТҚЫШ МӨЛШЕРЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ КҮРІШ САБАҒЫНЫҢ АНАТОМИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

**Ғ.Ж.Медеуова,** *а.ш.ғ.к. аға оқытушы,*
**З.Манар,** *магистр, оқытушы,*
**Ж.Абдикадирова,** *магистр, оқытушы*
*(Алматы қ., Қазмемқызпу)*

***Аңдатпа:*** Мақалада Арал өңірі жағалауындағы агроэкологиялық факторларға байланысты оған тыңайтқыш мөлшері, мерзімі, енгізу тәсілдері күріш сабағының құрылысы туралы айтылған. Арал өңірі жағдайында агроэкологиялық факторларға (тыңайтқыштар мөлшері, мерзімі, енгізу әдістер, тұқым себу нормасы, яғни қоректену алаңына) байланысты күріш мүшелерінің (сабақ) анатомиялық құрылысы зерттелінбеген. Осыған байланысты зерттеу мақсаты – әртүрлі қоректену алаңы мен минералды тыңайтқыштар мөлшерінің, мерзімі мен енгізу тәсілдерінің күріш сабағының анатомиялық құрылысына әсерін анықтау.

***Түйін сөздер:*** паренхима, эпидермис, склеренхима.

Күріш – жер бетіндегі ең өнімді әрі маңызды дақылдардың бірі. Әлемдегі барлық адамзаттың жартысынан көбі күріш дәнін тағам ретінде пайдаланады. Соның ішінде, Азия тұрғындарының 80%-ның ең маңызды тағамы болып саналады. 2015 жылы әлемнің 4,6 млрд. халқының негізгі азығы және олардың өсіп өркендеуі күрішке байланысты болуы мүмкін. Өсіру технологиясының әртүрлілігіне қарамастан күріш әлемдегі ең өнімді злак текті дақылдардың бірі. Агротехникасы реттелген жағдайда өсірілетіндіктен бұл дақыл өнімділігін көп мөлшерде арттыруға болады [7].

*Зерттеу әдістемелері:* тәжірибе «Қазақстан күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің (Қызылорда қаласы) станионарлық (тұрақты) телімінде салынды. Күріштің (Oryza sativa 4) – Маржан, Арал 202 сорттары төмендегі схемалар бойынша зерттелінді: тұқым себу нормасы 7 млн. шығымды дән; минералды тыңайтқыштар мөлшері мен енгізу әдістері – NoPo (бақылау), N60 P90+N60кг/га ә.з. (орташа доза), N60P120+N120 кг/га ә.з. (жоғары доза) енгізілді. Үстеп қоректендірулер – N60,N120 кг/га күріштің түптену кезеңінің басында берілді.

Күріштің вегетациялық мүшелерін фиксациялау және анатомиялық препараттар дайындау жалпы пайдаланылатын әдістер: М.Л.Прозина [1], А.И.Пермякова [2], Р.П.Барыкина және басқалар [3] бойынша жасалынды. Зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеу Г.Ф.Лакин [4] бойынша жүргізілді.

*Зерттеу нәтижелері:* Күріштің Маржан сорты (57,6-58,1 ц/га) және Арал 202 (57,9-59,5 ц/га) сорты ең мол өнімі 7 млн. шығымды дән себіліп, N60P120+N120 кг/га ә.з. дозада минералды тыңайтқыштар берілгенде алынды. Минералды тыңайтқыштар орташа мөлшерде (N60P90+N60 кг/га) берілгенде күріш өнімі – 51,2-50,0 ц/га болды. Қоректену алаңына, тыңайтқыштардың мөлшері мен енгізу әдістеріне байланысты күріш сабағындағы анатомиялық өзгерістер болатындығы анықталды.

Сабақтың анатомиялық құрылысы. Сабақтың анатомиялық құрылысын талдау үшін негізгі даму кезеңдері мен танысқан жөн. Өсу конусының астында алғашқы жапырақ түзілген деңгейде өркеннің осьтік бөлігінің орталығында және шетінде орналасқан. Сабақтың көлденең кесіндісінде төмендегідей ұлпалар анықталады: эпидермис, майда

жасыл ассимиляциялаушы паренхима, түссіз негізгі паренхима, «айналмалы» склеренхима талшықтары, екі қатар (сыртқы және ішкі) талшық-түтікті өткізуші шоқтар және сабақ ортасындағы қуыс. Кейбір жағдайларда сабақтың сыртқы қабырға клеткалары склерификацияланған және ішкі, орталық қуыс жағында рексигендік (ауа өткізуші қуыстарды қалыптастыратын) зоналар бар.

Бір қабат эпидермис клеткаларының қабырғаларының құрылысы тор тәрізді, өте майда, қабырғалары қалыңдаған, әрі кремнийленген, үсті жұқа кутикуламен жабылған. Эпидермисте лептесіктер және бір немесе екі клеткалы түкшелері бар. Бұл түкшелердің пішіні домалақтау, томпақ немесе шамалы ұзынша.

Тығыз орналасқан, ұзынша, майда клеткалы паренхима эпидермиске жанаса орналасқан. Ішкі жаққа қарай майда паренхималық клеткалар негізі ассимияциялаушы, ірі клеткалы ұлпаларға айналды. Бұл клеткалардың қабырғалары жұқа, домалақтау, арасында ұзынша пішінділері де кездеседі, көптеген клетка аралық қуыстары бар.

Сабақ қабырғаларында екі қатар орналасқан өткізуші шоқтар бар. Сыртқы өткізуші шоқтарды қоршаған склеренхималық ұлпалар «айналымдық қоршау» склеренхима элементтерінен ұштасып орналасқан. Механикалық ұлпалар іші арқылы өтетін сыртқы өткізуші шоқтардың кейбіреулері бір-бірінен алшақ, ал кейбіреулері жақын орналасқан және клеткалары майда. Сабақтың қырлылығы сыртқы өткізуші шоқтарға байланысты. Орталыққа жақындау орналасқан паренхималық клеткалар арасында үлкен ішкі түтікті шоқтар жүйесі баролар сабақта «дұрыс шеңбер» болып орналасқан, бірақ, бір деңгейде емес. Барлық өткізуші шоқтар жабық.

Л.Р.Петрова, А.Г.Ляховкиннің [5] зерттеулері бойынша, күріштің жатпайтын Анауо сорты сабағындағы ішкі, ірі өткізуші шоқтардың пішіні ұзынша, жұмыртқа тәрізді, ал жатпау қасиеті орташа УЗРОС 7-13 сортынікі-ромба тәрізді, домалақтау, сабақтары жатып қалатын Арпа-шалы сортынікі-сопақша, домалақ, екі бүйірі қысыңқы орташа. Біздің зерттеген сорттарымыздың ішкі ірі өткізуші шоқтары пішіні бойынша жатпай қасиеті орташа УЗРОС 7-13 сорты өткізуші шоқтарының пішініне ұқсас. Яғни, Қазақстандық селекциясы сорттары – Маржан, Арал 202, Түгіскен күріш сорттарының жатпау қасиеті орташа деңгейде.

Шоқтар құрамында флоэма және ксилема бар. Флоэма және ксилема – бұлар су мен онда еріген қоректік заттар және синтезделген органикалық заттарды өсімдіктер денесінде жылдамдатып тасымалдайтын, өте маңызды физиологиялық жүйе. Күріш сабағында ксилема 3-5 түтіктерден құралған, оның ішінде 1-3-і ірілеу тесікті.

Флоэма көп қырлы елек тәрізді түтіктерден және кішкенелеу «серік» клеткалардан құралған. Флоэманың түрі тор секілді, оның үлкенде қуыстары елек тәрізді түтіктердің көлденең кесіндісіне сәйкес. Сабақтың өткізуші шоқтар саны 10-нан 40-қа дейін.

Сыртқы өткізуші шоқтарды қоршаған механикалық (арқаулық) ұлпалар бірнеше қатар, бір-бірімен тығыз орналасқан, клетка аралық қуыстары жоқ. Олардың клетка қабықшалары склерификацияланған, қалыңдау. Бұлар сабақты қоршаған арқаулық склеренхималық клеткалармен ұштасып орналасқан және де сабаққа белгілі дәрежеде мықтылық қасиет береді. Ішкі өткізуші шоқтарды қоршаған арқаулық скленхималық клеткалар 2-3 қатарлы, тығыз орналасқан. Олардың сыртында, қабықшалары жұқа майдалау паренхималық клеткалар қоршаған.

Тыңайтқыштар, оның ішінде азотпен үстеп қоректену мөлшері артқан жағдайда склеренхималық қоршау клеткалары бар өткізуші шоқтар (оның ішінде майда, сыртқы шеңбердегі және ішкі, ірі шоқтар) саны көбейеді үлкен өткізуші шоқтардың көлемі де ұлғайған (1 кесте). Бұл флоэма арқылы сіңген қоректік заттардың көбірек жылжуын туындатады. Жоғары дәннің қалыптасуына әсері үлкен. Сорттық ерекшеліктеріне келетін болсақ, күріштің 202 сорты сабағындағы ішкі, ірі және сыртқы «майда шоқтар саны бұрыннан» 1986-1987 жылдардан бері егіліп келе жатқан маржан сортына қарағанда мөлшерде көп. Бұл жаңадан аудандастырылған Арал 202 сортының негізгі

артықшылықтарының (1 кестеде) көрсетілген. Тыңайтқыштар орташа (N60P90+N60кг/га ә.з) және жоғары дозада (N60P120+N120 кг/га ә.з) берілгенде зерттелген сортарда ішкі, сыртқы майда өткізуші шоқтар саны көбейген. Осы шоқтарды қоршай орналасқан скелеренхималық клеткалар сабақтың мықтылығын күшейтіп, сабақтың жатпайтын күшейтеді. Бірақ тыңайтқыштар, үстеп қоректендіру жоғары дозада енгізілгенде сабақтың орталық қуысы кеңейіп, үлейген және сабақ ұзарғандығы байқалған. Бұл сабақтың қасиетін күшейтеді. Тыңайтқыштар берілмегенде зерттелінген сабағының буын аралығында ішкі ірі өткізуші шоқтар паренхималық клеткалар ортасында, ауа өткізуші аэренхима қуыстарынан сәл төмендеу болған.

Тұқым себу нормасы көбейіп, 7 млн. шығымды тұқым себілгенде және тыңайтқыштар жоғары дозада берілгенде сыртқы, майда өткізуші шоқтар сабағының сыртынан томпақ болып шығып, оның қырлылығын күшейтеді. Ал ішкі, ірі өткізуші шоқтар сабақтың перифериясына, сыртқы қабырғасына жақындау орналасып, сабақтың ішкі қуысы шамалы кеңейген. Сонымен бірге сабақ буын аралықтары ұзарған. Бұл әсіресе Арал 202 сортына тән қасиеттер және сабақтың жатып қалу қасиетін шамалы болса да күшейтеді деген пікір туындайды.

1-кесте Күріш сабағының ішкі анатомиялық құрылысы көрсеткіштерінің тыңайтқыштар мөлшеріне және енгізу әдістеріне байланысты өзгерістері

| Күріш сорттары | 7 млн. тұқым себілгенде | | |
|---|---|---|---|
| | NOPO, бақылау | $N_{60}P_{90}+N_{60}$ орташа доза | N $_{60}$P $_{120}$+N $_{120}$ жоғарғы доза |
| Ішкі, ірі өткізуші шоқтар саны, дана | | | |
| Маржан (стандарт) | 10,5±0,35 | 13,3±0,53 | 17,0±0,63 |
| Арал 202 | 12,0±0,30 | 16,0±0,70 | 19,1±0,40 |
| Сыртқы, майда өткізуші шоқтар саны, дана | | | |
| Маржан (стандарт) | 15,5±0,53 | 17,2±0,61 | 21,7±0,76 |
| Арал 202 | 17,5±0,42 | 20,2±0,51 | 26,5±0,62 |

Сыртынан томпақ болып шығып, оның қырлылығын күшейтеді. Ал ішкі, ірі өткізуші шоқтар сабақтың перифериясына, сыртқы қабырғасына жақындау орналасып, сабақтың ішкі қуысы шамалы кеңейген. Сонымен бірге сабақ буынаралықтары ұзарған. Бұл әсіресе Арал 202 сортына тән қасиеттер және сабақтың жатып қалу қасиетін шамалы болса да күшейтеді деген пікір туындайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Прозина М.Л. Ботаническая микротехника. – М.,1960-28-08 с.
2. Пермякова А.И. Микротехника. – М., 1988-208 с.
3. Барыкина Р.П. и другие. Справочник по ботанической микротехнике. Основа и методы. – М.: Изд-во МГУ. – 2004. – 312 с.
4. Лакин Г.Ф. Биометрия. – М.: Высшая школа. – 1990. – 352 с.
5. Петрова Л.Р., Ляховкин А.Г. Структурный особенности стебля и листового влагалища некоторых полегающих и неполегающих сортов риса Oryza sativa L. //ботан. Журн., 1968, т.53, №1. – С.75-84
6. Мұхитдинов Н.М., Бегенов Ә.Б., Айдосова С.С. Өсімдіктер морфологиясы және анатомиясы. – 2001. – Б. 166.
7. Жайлыбай Н.К. Күріш егіншілігі және экология. – Алматы. – 2006.

**Резюме**

**Стебли риса мера удобрений и анатомической структуры**

**Г.Ж.Медеуова,** *кандидат сельскохозяйственных наук, старший преподаватель,*

**З.Манар,** *магистр, преподаватель,*
**Ж.Абдикадирова,** магистр, *преподаватель*
*(г. Алматы, КазГосЖенПУ)*

В статье приведены результаты выращивания риса в условиях технологий с добавлением минеральных удобрений. Проведены исследования анатомического строения стебля риса. В случае регионе Аральского моря агроэкологических факторов (количества удобрений, сроков, методов реализации, высева, мощность платформы) риса (уроки) анатомическое строение zerttelinbegen. В связи с этим, целью исследования в другой области мощности и количества минеральных удобрений, сроков и реализации методов, чтобы определить влияние риса стволовых анатомических структур.

**Ключевые слова:** паренхимы, эпидермис, склеренхима.

**Summary**

**Steblï Risa Mera wdobrenïy and anatomïçeskoy Structures**

**G.J.Medewova,** *candidate selskoxozyaystvennıx of Sciences, the senior teacher,*
**Z.Manar,** *master, teacher*
**J.Abdïkadïrova,** *master, teacher*
*(Almaty, KazGosJenPW)*

The article deals with the results of rice cultivation in the conditions of the technologies with the addition of mineral fertilizers. Anatomic structure of a stalk of rice is given. In the case of the Aral Sea region agro-ecological factors (amount of fertilizer, timing, implementation methods, seeding, Power Platform), rice (lessons) anatomical structure zerttelinbegen. In this connection, in order to study different field power and quantity of fertilizer, timing and implementation of methods to determine the effect of rice stem anatomical structures.

**Keywords:** parenchyma, epidermis, sclerenchyma.

## ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА – PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE

**ӘОЖ 536.24.08.**

# ГАЗ ҚОСПАЛАРЫНДАҒЫ ДИФФУЗИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ҚЫСЫМҒА ТӘУЕЛДІ ӨЗГЕРІСІН BORLAND DELPHI ТІЛІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН STEFAN ПРОГРАММАСЫМЕН АЛЫНҒАН ГРАФИК АРҚЫЛЫ КӨРСЕТУ

**Ө.Парманбеков,** *ф.- м.ғ.к., доцент,*
**А.Шақарбекқызы,** *физика магистрі,*
**Н.С.Бекарыстанова,** *физика магистрі,*
*(Алматы қ., Қазмемқызпу)*

***Аңдатпа:*** Мақалада Borland Delphi тілінде құрастырылған Stefan программасының көмегімен диффузия процесінің қысымға тәуелді өзгерісін график түрінде түсіндіру және нақты әрі жылдам есептеуге қол жеткізуімізге мүмкіндік беретін жолдар қарастырылған. Мақалада көп компонентті газ қоспаларындағы зат алмасу процесіндегі диффузия құбылысының қысымға тәуелділігі программа арқылы алынған нақты графиктермен келтірілген. Сондай-ақ, диффузияның эффективті коэффицентін программа арқылы есептеу қарастырылған.

***Түйін сөздер:*** диффузия, процесс, график, программа, Borland Delphi, Stefan, зат алмасу, көпкомпонентті, бар эффект, кері диффузия, диффузиялық, ДЭК (диффузияның эффективті коэффициенті), ӨӘК (өзара әсер коэффициенті), екі колбалық аппарат.

Осы уақытқа дейін Стефан-Максвелл формуласын пайдаланып зат алмасу процесінде диффузияны есептеп келді. Бұл есептеу процесі ұзақ уақытты, қайталап есептеуді талап етеді. Осындай қиындықтарды жеңілдету мақсатында нақты әрі жылдам есептеуге қол жеткізуімізге мүмкіндік беретін Borland Delphi тілінде құрастырылған Stefan программасының көмегімен аталған мәселені жеңілдету жолдары қарастырылады [1].

Жұмыста екі колбалық диффузиялық қондырғы әдісі қолданылды, негізгі газдар сутегі, азот, аммиак, метан, неон, екі колбада да бірдей мөлшердегі осы газ қоспаларының зат алмасу процесінің эксперименттік зерттелуі көрсетіліп, графиктері келтірілген [3,6].

Қондырғымен жұмыс істеу әдісі мынадай: аппараттың колбалары өзара бөлінеді және форвакуумдық насоспен сорып алып дайындалады, мысалы бірнеше рет зерттелетін газ қоспасымен «шайылған» және онымен тәжірибелік қысымға дейін жоғарғы колба толтырылады. Осыған ұқсас процедура төменгі колбада да жүргізіледі. Берілген температуралық режимде колбалардағы қысымдар теңестіріледі және газдың артық мөлшері атмосфераға жіберіледі. Манометрлердің көрсетулерінде аппарат колбаларындағы газ қысымы белгіленеді. Тәжірибенің абсолюттік қысымы атмосфералық қысымдардың қосындысымен, яғни манометр-барометрдегі (МБП) қысым және манометр көрсетуіндегі қысыммен анықталды. Қысымдарды теңестіргеннен кейін бастапқы араласу процесіне сәйкес келетін уақыт белгіленеді және диффузиялық канал ашылады. Тасымалдау жүргізілген уақыты аяқталғаннан кейін эксперимент соңында аппарат колбалары ажыратылады. Араласудан кейін газдарды талдау хроматографта жүргізілді.

Аталған программаны пайдаланып $0.6332H_2 + 0.1929N_2 + 0.0339NH_3 + 0.1174CH_4 + 0.0226Ne - 0.5445H_2 + 0.1486N_2 + 0.1587NH_3 + 0.1233CH_4 + 0.0249Ne$ газ жүйесіндегі диффузия процесінің қысымға байланысты өзгерісін зерттей отырып, алынған нәтижелерді төмендегі графиктер арқылы көрсетеміз [5,7].




(а) –сурет.




(ә)-сурет.

1-сурет. Жоғарғы колбадағы газ қоспаларының қысымы Р=0,101 МПа (а)-сурет және Р = 30 кгс/см$^2$ (29,43 МПа) (ә)-сурет болғандағы газ концентрацияларының уақытқа тәуелділігі.




(б)-сурет.




(в)-сурет.

2-сурет. Төменгі колбадағы газ қоспаларының қысымы Р=0,101 МПа, (б)-сурет және Р = 30 кгс/см$^2$ ( 29,43 МПа ) (в)-сурет болғандағы газ концентрацияларының уақытқа тәуелділігі.




(г)-сурет




(д)-сурет

3-сурет. Газ қоспаларындағы диффузияның эффективті коэффициентінің қысымы Р=0,101 МПа (г)-сурет және қысымы Р = 30 кгс/см$^2$ (29,43 МПа) (д)-сурет кездеріндегі газ концентрацияларының уақытқа тәуелділігі.







4-сурет. Жоғарғы және төменгі колбадағы газ қоспаларының қысымы P=0,101 МПа және P = 30 кгс/см$^2$ (29,43 МПа) болғандағы газ концентрацияларының уақытқа тәуелділігі.

P=0,101 МПа және P = 30 кгс/см$^2$ (29,43 МПа) қысымдағы T=298,0 K болғандағы көпкомпонентті газ қоспасының матрицалар коэффициентінің нәтижесі төменде көрсетілген (КҚМК, см$^2$/с ):

D(1,1) = 0,41586 ; D(1,2) = -1,11190 ; D(1,3) = -1,07850 ; D(1,4) = -1,07360 ;
D(2,1) = -0,00979 ; D(2,2) = 1,24890 ; D(2,3) = 0,38356 ; D(2,4) = 0,39674 ;
D(3,1) = -0,01191 ; D(3,2) = 0,05542 ; D(3,3) = 0,87698 ; D(3,4) = 0,05841 ;
D(4,1) = -0,01380 ; D(4,2) = 0,22651 ; D(4,3) = 0,22882 ; D(4,4) = 1,03440.

P = 30 кгс/см$^2$ ( 29,43 МПа ):
D(1,1) = 0,01384 ; D(1,2) = -0,03700 ; D(1,3) = -0,03589 ; D(1,4) = -0,03572 ;
D(2,1) = -0,00033 ; D(2,2) = 0,04156 ; D(2,3) = 0,01276 ; D(2,4) = 0,01320 ;
D(3,1) = -0,00040 ; D(3,2) = 0,00184 ; D(3,3) = 0,02918 ; D(3,4) = 0,00194 ;
D(4,1) = -0,00046 ; D(4,2) = 0,00754 ; D(4,3) = 0,00761 ; D(4,4) = 0,03442 .

Жоғарыда аталған программа бойынша 0.6332H2+ 0.1929N2 + 0.0339NH3 + 0.1174CH4 + 0.0226Ne – 0.5445H2 + 0.1486N2 + 0.1587NH3 + 0.1233CH4 + 0.0249Ne газ жүйесі үшін белгілі уақыт аралығындағы жоғарғы және төменгі колбадағы бірдей мөлшердегі газ қоспаларының қысымның өзгерісіне байланысты, тұрақсыз заңдылықпен өзгеретіндігі график арқылы көрсетілді. Диффузияның эффективті коэффиценті анықталды. Осы алынған нәтижелерді эксперименттік есептеулерде сондай-ақ анықтамалық құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді [4,3].

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жаврин Ю.И., Косов Н.Д.и др. Расчет диффузионного процесса в двухколбовом аппарате для случая многокомпонентной газовой смеси // Каз.у-т, НИИЭТФ. – Алматы, 1995. – 26 с.

2. Жаврин Ю.И., Косов Н.Д., Белов С.М., Тарасов С.Б. Влияние давления на устойчивость диффузии в некоторых трехкомпонентных газовых смесях // Письма в ЖТФ. – 1984. – Т.54, № 5. – С. 943-947.

3. Косов В.Н., Селезнев В.Д. Аномальная диффузионная неустойчивость многокомпонентных изотермических газовых смесей. – Алматы-Екатеринбург: Принт, 1998. – 180 с.

4. Шакарбеккызы А. Применение эффективных коэффициентов диффузии к описанию массопереноса в многокомпонентных газовых смесях, содержащих аммиак // Сборник тезисов III Международного конгресса студентов и молодых ученых Мир науки». – Алматы, 23-30 апреля, 2009.– С.58.

5. Шакарбеккызы А. Расчет диффузионного процесса в многокомпонентных газовых смесях, используемых при синтеза аммиака// Сборник тезисов III Международного конгресса студентов и молодых ученых Мир науки». – Алматы. 19-22 апреля, 2010. – С.14.
6. Шакарбеккызы А., Каптагай Г.А. Эффективные коэффициенты диффузии в газовых системах// – Алматы. КазгосженПУ. Вестник научный журнал, серия естествознание №1(6), 2011. –С. 9-12.
7. Жаврин Ю.И., Косов Н.Д., Белов С.М., Тарасов С.Б. Влияние давления на устойчивость диффузии в некоторых трехкомпонентных газовых смесях // Письма в ЖТФ. – 1984. – Т.54, № 5. – С. 943-947.

**Резюме**

**Изменение давления в явлении диффузии газовых смесей зависимой с помощью Borland Дельф создается в программе передач stefan**

**О. Парманбеков,** *к.ф.-м. н., доцент,*
**А.Шакарбеккызы,** *магистр физики,*
**Н.С. Бекарыстанова,** *магистр физики,*
*(г. Алматы, КазГосЖенПУ)*

В статье рассмотрена проблема описания через вычислительный эксперимент соответственно разработанной программе массопереноса в многокомпонентных газовых смесях. Получина информация о диффузионных процессах в многокомпонентных газовых смесях, содержащих аммиак, в зависимости от концентрации, давления и температуры.

***Түйін сөздер:*** диффузия, процесс, график, программа, Borland Delphi, Stefan, зат алмасу, көпкомпонентті, бар эффект, кері диффузия, диффузиялық, ДЭК (диффузияның эффективті коэффициенті), ӨӘК (өзара әсер коэффициенті), екі колбалық аппарат.

**Summary**

**Pressure changes in the phenomenon of diffusion of gas mixtures associate with Borland Delphi is created in the program stefan Gear**

**O. Parmanbekov,** *Cand Sc., Associate Professor,*
**A.Shakarbekkyzy,** *Master of Physics,*
**N.S. Bekarystanova,** *Master of Physics,*
*(Almaty, KazGosZhenPU)*

In the work to looking of the problems are writing calculation experiments of the working out program mass giving in the more components gas. To given information with diffusions process in more components of gas in the concentration, temperature and voice.

**Keywords:** diffusion process, the graph program, Borland Delphi, Stefan, metabolism, multicomponent, in effect, reverse diffusion, diffusion, DEC (effective diffusion coefficient), ÖÄK (efficiency), two sausage machine.

**ӘОЖ 536.24.**

# ГАЗ ҚОСПАЛАРЫНДАҒЫ ЗАТ АЛМАСУ ПРОЦЕСІНІҢ МОЛЯРЛЫҚ МАССАСЫ МЕН УАҚЫТҚА ТӘУЕЛДІ ГРАФИГІН STEFAN ПРОГРАММАСЫ АРҚЫЛЫ КӨРСЕТУ

**А. Шақарбекқызы,** *физика магистрі,*
**М.К. Чанбаева,** *магистр, оқытушы*
*(Алматы қ., Қазмемқызпу)*

***Аңдатпа:*** Мақалада Borland Delphi тілінде құрастырылған Stefan программасының көмегімен диффузия процесін график түрінде түсіндіру, сонымен бірге нақты әрі жылдам

есептеуге қол жеткізуімізге мүмкіндік беретін жолдар қарастырылған. Зат алмасу процесінде маңызды рөлді диффузия атқарады, мысалы: табиғи газдан аммиакты синтездеу, газ тәрізді отынның жануы. Қазіргі уақытта химиялық технологиялардың, ракеталық және авиакосмостық техникалардың өнеркәсіптік аппараттарын жасау және есептеу кезіндегі бинарлық қоспа жағдайына арналған зат тасымалдау тұрақтысы туралы білім жеткіліксіз.

***Түйін сөздер:*** шток, вороток, диффузия, процесс, график, программа, Borland Delphi, Stefan, зат алмасу, көпкомпонентті, бароэффект, кері диффузия, диффузиялық, ДЭК (диффузияның эффективті коэффициенті), ӨӘК (өзара әсер коэффициенті), екі колбалық аппарат.

Көп компонентті қоспалармен байланысты табиғи және технологиялық процестерді қарастырғанда, біз оның негізгі масса тасымалдау ерекшеліктерін көрсететін параметрлерді білуіміз қажет. Нақты кездесетін заттар мен құбылыстар алуан түрлі, сондықтан олардың масса тасымалдауын анықтайтын коэффициенттер мәндері де әртүрлі және олар өте кең зерттеулерді талап етеді. Қазіргі уақытта көп компонентті қоспалардағы диффузия құбылысы алдағы уақытта әлі де терең зерттеулерді талап етеді. Гидродинамикалық ағыстың диффузиялық ағысқа қосылуы әртүрлі бароэффект, кері диффузия, диффузиялық бөгет сияқты эффектілерге әкеледі, ол эффектілер тәжірибе жүзінде тұйықталған екі колбалық жүйе әдісімен зерттеледі [3].

Екі колбалық аппарат әдісі классикалық квазистационарлық әдіс болып табылады [4]. Оны өздік диффузияны, термодиффузияны өлшеуде және диффузиялық бароэффект, көп компонентті диффузия, термодиффузияны зерттеуде қолданады. Бұл әдістің жоғарыда айтылған жақсы жақтарымен қоса, бірқатар айтарлықтай кемшіліктері де бар. Біріншіден, эксперименттің ұзаққа созылуы, мысалы үлкен қысым кезінде эксперимент бірнеше күнге созылуы мүмкін. Екіншіден, алынған диффузия коэффициенттерінің орташалануы, үшіншіден, әдістің есептеу формулаларына байланысты ескертулерге бағынуы.

Екі колбалық аппарат әдісімен зерттелетін диффузия параметрлеріне байланысты аппаратқа әртүрлі шарттар қойылады. Үлкен қысымдағы экспериментке бұл шарттар өзгеше. Төмендегі 1-суретте эксперименттік қондырғы көрсетілген.



Сурет 1 – Қондырғының схемасы.

Сурет –1. Екі колбалық әдістемелік қондырғының эксперименттік сызбасы. А,Б – газ толтырылған баллондар; I- газдарды дайындау блогы; II – екі колбалық аппаратпен термостат. 1 - 10 - крандар; 11- мембрана бөлгіші; 12 - манометрлер; 13 - теңестіретін сыйымдылық; 14-төменгі колба; 15 - диффузиялық капилляр немесе капилляр блогы; 16 - жоғарғы колба; 17- фторлыпластаалық таблетка; 18 - шток; 19 - вороток.

Жұмыста екі колбалық диффузиялық қондырғы әдісі қолданылды, негізгі газдар сутегі, азот, аммиак, метан, екі колбада да бірдей мөлшерде осы газ қоспаларының зат алмасу процесінің эксперименттік зерттеуі көрсетілген [1,2,4,5]. Қондырғы негізгі екі

бөліктен тұрды. Біріншісі – газ дайындайтын блок, онда колбаны газға толтыру үшін керекті вентильдер жиынтығы және колбадағы газдардың қысымдарын теңестіретін сыйымдылықтар, манометрлердің көрсетулерінен тұратын газдарды дайындау блогы, яғни газы бар баллондар, крандар, мембраналық бөлгіштер. Екіншісі – термостатты екі колбалық аппарат (2-сурет). Қондырғымен жұмыс істеу әдісі мынадай: аппараттың колбалары өзара бөлінеді және ауа форвакуумдық насоспен сорып алып дайындалады, мысалы бірнеше рет зерттелетін газ қоспасымен «шайылған» және онымен тәжірибелік қысымға дейін жоғарғы колба толтырылады. Осыған ұқсас процедура төменгі колбада да жүргізіледі. Берілген температуралық режимде колбалардағы қысымдар теңестіріледі және газдың артық мөлшері атмосфераға жіберіледі. Манометрлердің көрсетулерінде аппарат колбаларындағы газ қысымы белгіленеді. Тәжірибенің абсолюттік қысымы атмосфералық қысымдардың қосындысымен, яғни манометр-барометрдегі (МБП) қысым және манометр көрсетуіндегі қысыммен анықталды. Қысымдарды теңестіргеннен кейін бастапқы араласу процесіне сәйкес келетін уақыт белгіленеді және диффузиялық канал ашылады. Тасымалдау жүргізілген уақыты аяқталғаннан кейін эксперимент соңында аппарат колбалары ажыратылады. Араласудан кейін газдарды талдау хроматографта жүргізілді. Біз

0.6126H2+0.1829N2+0.0339NH3+0.1099CH4+0.0607Kr–0.4948H2+0.1636N2+ 0.1557NH3+0.1233CH4+0.0626Kr;

газ жүйелерінің жалпы қысымға және температураға тәуелділігін зерттедік.

T = 500K және P = 30МПа мәнге ие болғандағы газдардың өзара әсер коэффициенті төмендегідей нәтижені көрсетті:

$D_{H2-N2}$=0,0258; $D_{H2-CH4}$=0,0242; $D_{N2-CH4}$=0,0071; $D_{H2-NH3}$=0,0252; $D_{N2-NH3}$=0,0074; $D_{CH4-NH3}$=0,0068, $D_{H2-Ar}$=0,0274; $D_{N2-CH4}$=0,0071; $D_{N2-Ar}$=0,0068; $D_{Ar-CH4}$ =0,0068; $D_{H2-Kr}$=0,0229; $D_{CH4-Kr}$=0,0147; $D_{N2-Kr}$=0,0128; $D_{NH3-Kr}$=0,0029; $D_{Ar-Kr}$=0,0041; $D_{Ne-Kr}$=0,0001; $D_{H2-Ne}$=0,0044; $D_{N2-Ne}$=0,0254; $D_{NH3-Ne}$=0,0101; $D_{Ne-CH4}$=0,018 $см^2/с$ [3].




Сурет – 2. Жоғарғы және төменгі колбадағы 0.6126H2+ 0.1829N2 + 0.0339NH3 + 0.1099CH4 + 0.0607Kr –0.4948H2 + 0.1636N2 + 0.1557NH3 + 0.1233CH4 + 0.0626Kr; газ жүйесінің молярлық массаға және уақытқа тәуелділігі



3-сурет. 0.6126H2+ 0.1829N2 + 0.0339NH3 + 0.1099CH4 + 0.0607Kr –0.4948H2 + 0.1636N2 + 0.1557NH3 + 0.1233CH4 + 0.0626Kr; газ жүйесі үшін диффузияның эффективті коэффициентінің (ЭКД) концентрацияға тәуелділігі

Borland Delphi тілінде құрылған Stefan программасы арқылы есептелген диффузияның эффективті коэффициентінің (ЭКД) сандық мән нәтижесі

0,6H2 + 0,4NH3 – 0,5N2 + 0,5CH4:

$$D_{H}^{эф} = 0{,}775 \text{ см}^2/\text{с};\ D_{N}^{эф} = 0{,}503 \text{ см}^2/\text{с};\ D_{CH4}^{эф} = 0{,}481 \text{ см}^2/\text{с};\ D_{NH3}^{эф} = 0{,}067 \text{ см}^2/\text{с}.$$

Сондай-ақ P=0,101 МПа және T=298,0 K болғандағы көп компонентті газ қоспасының матрицалар коэффициентінің нәтижесі төменде көрсетілген (КҚМК):

D(1,1) = 0,77305 ; D(1,2) = -0,00542 ; D(1,3) = -0,00322 ;

D(2,1) = -0,17904 ; D(2,2) = 0,28566 ; D(2,3) = -0,00314 ;

D(3,1) = -0,14475 ; D(3,2) = -0,00550 ; D(3,3) = 0,27736 см$^2$/с

Алынған диффузияның эффективті коэффициентінің нәтижелері эксперименттік есептеулерде сондай-ақ анықтамалық құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Жаврин Ю.И., Косов Н.Д.и др. Расчет диффузионного процесса в двухколбовом аппарате для случая многокомпонентной газовой смеси // Каз.у-т, НИИЭТФ. – Алматы, 1995.- 26 с.

2. Жаврин Ю.И., Косов Н.Д., Белов С.М., Тарасов С.Б. Влияние давления на устойчивость диффузии в некоторых трехкомпонентных газовых смесях // Письма в ЖТФ. – 1984. – Т.54, № 5. – С. 943-947.

3. Косов В.Н., Селезнев В.Д. Аномальная диффузионная неустойчивость многокомпонентных изотермических газовых смесей. Алматы-Екатеринбург: Принт, 1998. – 180 с.

4. Шакарбеккызы А. Применение эффективных коэффициентов диффузии к описанию массопереноса в многокомпонентных газовых смесях, содержащих аммиак // Сборник тезисов III Международного конгресса студентов и молодых ученых Мир науки». – Алматы, 23-30 апреля. – 2009. – С.58.

5. Шакарбеккызы А. Расчет диффузионного процесса в многокомпонентных газовых смесях, используемых при синтеза аммиака// Сборник тезисов III Международного конгресса студентов и молодых ученых Мир науки». – Алматы. 19-22 апреля, 2010.– С.14

**Резюме**

**Газовые смеси процесс обмена веществ с помощью молекулярной массы и независимого графика программы STEFAN**

**А. Шакарбеккызы,** *Магистр физики,*
**М.К.Чанбаева,** *магистр, учитель*
*(г.Алматы, КазГосЖенПУ)*

В статье рассмотрена проблема описания через вычислительный эксперимент соответственно разработанной программе массопереноса в многокомпонентных газовых смесях. Получина информация о диффузионных процессах в многокомпонентных газовых смесях, содержащих аммиак, в зависимости от концентрации, давления и температуры.

**Ключевые слова:** акции, vorotok, процесс диффузии, программа графика, Borland Delphi, Стефан, метаболизм, многокомпонентная диффузия baroéffekt обратной диффузии, DEC (эффективный коэффициент диффузии), дубовые (коэффициент полезного действия), две сосиски машины.

**Summary**

**Gas mixtures metabolic process via the molar mass and independent program schedule STEFAN**

**A. Şaqarbekqızı**, *Master of Physics,*
**M.K. Çanbaeva,** *master, teacher*
*(Almaty, KazGosZhenPu)*

The article deals with the problem of describing through computational experiment, respectively developed program of mass transfer in multicomponent gas mixtures. Poluchina information diffusion processes in multicomponent gas mixtures containing ammonia, depending on concentration, pressure and temperature.

**Keywords:** action, vorotok, the diffusion process, the program schedule, Borland Delphi, Stefan, metabolism, multicomponent diffusion baroéffekt back diffusion, the DEC (effective diffusion coefficient), oak (efficiency), two sausage machine.

**ӘОЖ.378.016.026.7:51(574)**

## МАТЕМАТИКАДАН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

**К.Қаңлыбаев,** *профессор*
**М.Жумақанова,** *4 курс студенті*
*(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)*

***Аңдатпа:*** бүгінгі жалпы білім беретін орта мектеп қоғамның алға қойған міндеттерін орындау үшін баланың табиғи мүмкіндіктерін, қабілетін дамытып кең профильді және дүниежүзілік деңгейдегі жоғары мәдениет пен қажетті білім қорын жинақтаған, өз алдына жауапты шешімдер қабылдай алатын, әр істе белсенді шығармашылық әрекет жасауға қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуі тиіс. Оқушыларды шығармашылық жолмен оқыту, көптеген ғалымдардың көзқарасы бойынша, алдағы XXI ғасырда іске асуға тиісті негізгі - өзекті проблема [1].

***Түйін сөз:*** софизм, графтар, головоломка (бас қатырғыш).

Оқушылардың шығармашылық қызметі туралы мәселе көне заманнан бастау алады. Сократтың өзі-ақ оқыту барысында оқушылардың дамыту белсенділігі мен ізденімпаздық шығармашылығын, арнайы басқаруың маңыздылығын атап көрсетеді. Архимедтің өзі белгілі әдіс – эвристикалық әдісті геометриялық фигуралар мен денелердің бетінің ауданы мен көлемдерін есептеуге қолданған. Ежелгі Рим философтарының түсіндірулерінде білімді игеруде оқушылардың белсенді шығармашылығы айтарлықтай рөл атқарады деген пікір айтылады. Оқытуды дамыту құралы ретінде оқушылардың шығармашылық ізденімпаздығы туралы пікір Я.А. Коменскийдің еңбектерінде, сонан соң И.Г.Песталоцци мен А.Дистервегтің еңбектерінде тереңдетіледі. Мәселен, А.Дистервегтің оқыту барысында баланың шығармашылық ізденімпаздығы оның ақыл-ой қабілетін дамытудың аса маңызды құралдарының бірі деп есептейді. Декарт жаңа теорияны ашу кезінде ойдың тізбектілігін орнықтыруға ұмтылады. Математикалық зерттеу жұмысында басшылыққа алынатын арнайы ереже ойластырды, оның осы күнге дейін зор мәні бар. Математикалық

шығармашылық туралы математиканың теориясымен айналысатын үлкен математик, ғалым- мамандардың айтқандарының мәні зор. [2]

Республика мектептерінің алдына оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға барлық мүмкіндіктер жасау мақсаты алға қойылып отыр. Мектеп - қоғамның талаптарына байланысты өзгеретін және қоғамның барлық мүшелеріне қызмет жасайтын ерекше әлеуметтік құрылым. Мектептің айналысатын мәселесі жөнінде әр дәуірдің адамдарының көзқарасы мен түсінігі түрліше сипатта болды. Әлеуметтік прогресс неғұрлым жоғарылаған сайын осы прогресті қамтамасыз етудегі мектептің орны мен міндеті солғұрлым күштірек болмақ [3].

Қазір республикамыздың мектептері өтпелі кезеңде тұр, ол дүние жүзінің алдыңғы қатарлы мектептерінің озық тәжірибесінен үйреніп оқытуды ұйымдастыру түрі жөнінен де, білім беру сапасы жөнінен де жаңа жоғары кезеңге көтеріліп келеді, ол ескі әдіс-тәсілдермен бұдан былай оқыта алмайды.

Оқушылардың оқу саласындағы шығармашылық қызметі жөнінде (ТМД көлемінде) А.Е.Әбілқасымованың, М.Ахметовтың, Г.Д.Балктың, И.И.Дырченконың, К.Қадыровтың, В.Н.Сергеевтың, Г.А.Тонянның, М.И.Махмутовтың, А.М.Матюшкинның, П.И.Пидкасистидың т.б. мазмұнды еңбектері бар. Сонымен бірге математиканы оқыту әдістемесінде және әсіресе сыныптан тыс жұмыстарға байланысты оқушылардың шығармашылық қызметі туралы түсініктің өзі осы күнге дейін әртүрлі сипатта түсіндіріліп келеді [6].

Психология ғылымында математикалық қабілеттілік проблемалардың комплексі ретінде қарастырылады. Осы заманғы психологиялық зерттеулерде математикалық қабілетке қатысты 1) есептер шешуге байланысты ойлау тәсілдерінің ерекшеліктерін анықтауға ұмтылу; 2) математикалық қабілеттің құрылымына талдау жасауға ұмтылу сияқты екі бағыт бар.

Логикалық ойлау математиалық ой қорытудың негізін құрайды, осы тұрғыдан алғанда есептер шешу процесі бұрыннан белгілі проблемаларға жаңа салдарлар жасау болып табылады. Қарастырылған пәнге байланысты бұрын алған білімдерге сүйеніп негізделген салдарлар жасай аламыз. Бірақ математикалық ой тұжырымы тек логикалық жағынан тұрмайды. Математикалық қызметтің жемісті болуы үшін тек логикалық қорытындылардың жетімсіз болатыны туралы ірі математиктер Декарт пен Галуа көрсетті. Кез келген жаңа теореманы ашудың себебі ол алғашқы аксиомаларға байланысты бола отырып дәлелденген, Олай болса осы аксиомалардан шығарып ойды қорытуға болатын сияқты. Бұл тек дайын ғылымға қарап отырған сияқты болып шығады. Ал, шынында да дәлелдеушілер салыстырады, мәселенің барлық жақтарын қарастырып, шындыққа қол жеткізеді.

Зерттеулердің түрлі авторлары оқушылардың оқудағы шығармашылық қызметінің дамуы мен белсенділігін қалыптастыру проблемаларын практикада шешудің түрлі жолдарын бөліп көрсетеді:

1) Шығармашылық іс-әрекеттің табиғаты жөнінен дербес екенін білдіретін өз бетіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу арқылы;
2) Шығармашылық іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру арқылы;
3) Іс-әрекеттің бағдарланушылық негізін құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы;
4) Оқытуға әдістемелік білімдер элементтерін енгізу арқылы;
5) Оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту арқылы;

Бір авторлар шығармашылық ізденімпаздықты оқып-үйренуші бөгде адамның көмегінсіз жүзеге асыратын кез келген әрекетпен салыстыратынын, екінші біреулері тек шығармашылық әрекетпен ғана салыстыратынын да айта кетеміз [4].

Мысал келтірсек:

7=11 болатынын дәлелдейік

Ол үшін 35+14-49=55+22-77 теңдігін қарастырамыз. Бұл теңдіктің оң жағында және сол жағында ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарамыз, сонда: 7(5+2-7)=11(5+2-7).

Екі жағын жақша ішіндегі ортақ көбейткішіне бөлсек: 7=11 теңдігін аламыз, дәлелдеу керегі осы болатын. (қатесі: 5+2-7 нөлге тең, ал санды нөлге бөлуге болмайды) [5].

Жоғарыдағы шолудан айқын көрініп отырғанындай, шығармашылықтың мазмұнын бір аяда (әрекет, дайындық, бейімділік т.б.) ғана ашуға болмайтын күрделі ұғым болып табылады. Тегінде, жеке тұлғаның бұл біріккен қасиеті талдау жасау негізінде жүйелі түсіндіруді талап ететін көп қырлы қасиет болса керек.

Ғалым-математиктер мен педагогтар, әдіскерлердің оқушылардың математикалық қабілеті мен шығармашылығы жөнінде жазған еңбектері, олардың мәні құрылымына жасалған талдаулар зерттеушілерді белгілі бір қорытындылар жасауға келтіреді. Олар бөліп қарастырған математикалық қабілет пен шығармашылық бір мезгілде күрделі білім беру, қабілеттіліктен басқа компоненттер: қабылдаудың ерекшелігі, түсінік және т.б. шын ойлау тәсілдеріне жақын, бұларды мектеп математикасын шығармашылықпен меңгерген оқушының қалай қолданғанына байланысты.

Білімді меңгерудегі оқушылардың жеке ерекшеліктері оның ойлау тәсіліне байланыстылығын психологтар ерекше атап өтеді. Оның үстіне оқушылардың белгілі оқу материалын меңгеруіне қатысты берілген тәсілдер бойынша жеке тұлғаның әр түрлі ойлау әдістерін игеруінің ерекше мәні бар.

Сонымен, оқушылардың қабілеттілігін дамыту мен оларды математикаға қызықтырудағы қосымша мүмкіндіктер математикадан жүргізілетін сыныптан және мектептен тыс сабақтарда туады.

Сыныптан тыс жұмысты біз барлық оқушылармен жүргіземіз. Онда бір немесе бірнеше нақтылы форма қолданылуы мүмкін: математикалық үйірме, математикалық кештер, математикалық сайыс, әр түрлі жарыстар, викториналар, конкурстар және т.с.с.

Қорыта келгенде, танымдық белсенділік, қызығушылық, ізденімпаздық және әртүрлі формадағы математикалық қабілетті жан-жақты жетілдіру арқылы жоғары деңгейдегі шығармашылық қабілетті дамытуға болатынын психологтар мен педагогтардың, әдіскерлер мен математиктердің еңбектерінен байқаймыз. Оқушылардың оқу-танымдық қызметінің, өз бетіндік шығармашылық әрекетінің, жеке адамның шығармашылық қызметінің дамуы ең алдымен психологиялық ұғым екені талданады, математиканың сыныптан тыс жұмыстарында қызығу, себеп-салдар, қабілеттілік, аналитикалық және эвристикалық ойлау сияқты психологиялық ұғымдардың математиканың сыныптан тыс жұмыстарында әр түрлі формада қолданылуы айқындалған.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. - Алматы: «Білім», 1994, - 192б.

2. Ахметов М. Математиканы оқытуда оқушылардың ғылыми-диалектикалық ойлауын қалыптастыру: (студенттерге арналған құрал). - Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1993.-215б.

3. Махмутов М.И. Теория и практика проблемного обучения. –Казань: Татариздат. – 1972. – 240 с.

4. Матюшкин А.М. Проблемная ситуация в мышлении и обучении. – М: Педагогика. – 1969. – С. 9-10.

5. Қаңлыбаев Қ., Бекбаулиева Ш., Меңдіғалиева М. Математикадан сыныптан тыс жұмыстар. Орта мектеп жоғары сынып оқушыларының сыныптан тыс оқуына арналған. – Алматы: Рауан. – 1992. – 116 б.

6. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім. – 1993. – 372 б.

**Резюме**

**Математический творческий методологические подходы к развитию из класса работы**

**К.Канлыбаев,** *профессор*

**М.Жумаканова,** *студент 4 курса*

*(г.Алматы, КазНПУ им.Абая)*

Известно, что для теории и практики обучения в средней школе проблема развития активности, самостоятельности, в частности, в творческой деятельности обучающихся приобретает особую активность так как неразвитость навыков творчества отрицательно влияет на успеваемость учащихся. На уроках математики имеется немало возможностей заинтересовать школьников содержанием этой науки – обучать определенному комплексу процедур математического характера. В работе предпринята попытка раскрыть дополнительные возможности различных внеклассных и внешкольных форм занятий по математике для развития способностей учащихся и привития им интереса к математике и её приложениям.

**Ключевые слова:** суфизм, графы, golovolomka (головоломка).

**Summary**

**Mathematical creative methodological approaches to the development of out of class work**

**K.Qañlıbaev,** *Professor*

**M.Jwmaqanova,** *4th year student*

*(Almaty., Named after Abay)*

It is known that for the theory and practice of training in high school the problem of development activity, self-reliance, particularly in the creative activity of students is particularly active as the underdevelopment of creativity skills negatively affects student achievement. In math class, there are many opportunities for interested students the content of this science - to teach a particular complex nature of mathematical procedures. An attempt to uncover additional opportunities of various forms of extra-curricular activities in mathematics to develop sposovnostey students and instilling in them the interest in mathematics and its applications.

**Keyword:** Sufism, graphs, golovolomka (puzzle).

**УДК 517.2**

## ОБОСНОВАНИЕ ФОРМУЛЫ ПУАССОНА

**А.Т.Таупык**, *магистрант,*

**Б.Ж. Жақашбаев**, *к.ф.м-н., доцент*

*(г.Алматы, Казгосженпу)*

***Аннотация:*** Получены достаточные условия существование единственности решения линейных дифференциальных уравнений в частных производных. Обоснование формулы Пуассона для простоты проведем в предположении, что уравнение теплопроводности – однородное. Мы, не будем пытаться доказывать ни справедливость предположений об искомом решении, ни законность действий. Вместо этого непосредственно установим, что формула Пуассона дает, ограниченное решение задачи Коши для уравнения теплопроводности в единственном предположении, что начальная функция $\varphi(x)$ непрерывна и ограничена в пространстве $E_m$.

***Ключевые слова:*** Дифференциальные уравнение в частных производных.

Докажем прежде всего, что формула Пуассона определяет функцию, непрерывную при $t > 0$.

В пространстве $m+1$ переменных $x_1, x_2, \dots, x_m, t$ рассмотрим область, определенную неравенствами

$$|x|^2 \le a^2, 0 \le t \le T, \qquad (1)$$

где $a$ и $T$ - положительные постоянные. Докажем, что входящий в формулу Пуассона интеграл

$$\int \varphi(z)\, e^{-\frac{r^2}{4t}} dz \qquad (2)$$

сходится равномерно по $x$ и $t$ в области (1). Возьмем достаточно большое число R и оценим интеграл

$$\int_{|t|>R} \varphi(x)\, e^{-\frac{r^2}{4t}} dz.$$

Функция $\varphi(z)$ ограничена; пусть $|\varphi(z)| \le M = const$. Далее $r = |x-z| \ge |z| -$ $-|x| \ge |z| - a$. Будем считать, что $R > 2a$. Тогда $a < \frac{R}{2} \le \frac{|z|}{2}$ и $r > \frac{|z|}{2}$. Теперь $e^{-\frac{r^2}{4t}} < e^{-\frac{|z|^2}{16T}}$ и, следовательно,

$$\left| \int_{|t|>R} \varphi(x)\, e^{-\frac{r^2}{4t}} dz. \right| < M \int_{|z|>R} e^{-\frac{|z|^2}{16T}} \mathrm{dz} = \mathrm{M}|\mathrm{S}_1| \int_{\mathrm{R}}^{\infty} e^{-\frac{|\rho|^2}{16T}} \rho^{m-1} d\rho. \qquad (3)$$

Интеграл $\int_0^{\infty} e^{-\frac{|\rho|^2}{16T}} \rho^{m-1} d\rho$ сходится, поэтому интеграл справа в (3) сколь угодно мал при $R$ достаточно большом; так как он не зависит ни от $x$, ни от $t$, то интеграл (2) сходится равномерно. Отсюда следует, что функция, определяемая формулой Пуассона, непрерывна при $t > 0$.

Докажем, что при $t > 0$ функция $u(x,t)$ бесконечно дифференцируема по $t$ и по координатам точки $x$ и что все производные можно получить, дифференцируя формулу Пуассона под знаком интеграла.

Рассмотрим, например, производную $\frac{\partial u}{\partial t}$. Если формально продифференцировать по $t$ правую часть формулы Пуассона, то получится выражение

$$-\frac{m}{2^{m+1}\pi^{\frac{m}{2}} t^{\frac{m+2}{2}}} \int \varphi(z) e^{-\frac{r^2}{4t}} dz + \frac{1}{2^{m+1}\pi^{\frac{m}{2}} t^{\frac{m+2}{2}}} \int r^2 \varphi(z) \int \varphi(z) e^{-\frac{r^2}{4t}} dz.$$

(4)

Как мы видели, первый интеграл сходится равномерно в области (1). Точно так же проверяется, что в той же области равномерно сходится и второй интеграл. Отсюда, как обычно, следует, что производная существует, непрерывна и совпадает с выражением (4). Существование остальных производных устанавливается аналогично.

Непосредственным дифференцированием доказывается, что функция, определяемая формулой Пуассона, удовлетворяет уравнению теплопроводности.

Остается доказать, что функция $u(x,t)$ ограничена и удовлетворяет начальному условию.

$$\lim_{t\to 0} u(x,t) = \lim_{t\to 0} \frac{1}{\left(2\sqrt{\pi t}\right)^m} \int \varphi(z)\, e^{-\frac{r^2}{4t}} dz = \varphi(x).$$

Сделаем замену $z = x + 2\sqrt{t}\xi$, тогда формула Пуассона примет вид

$$u(x,t) = \pi^{-\frac{m}{2}} \int \varphi\left(x + 2\sqrt{t}\xi\right) e^{-|\xi|^2} d\xi. \qquad (5)$$

По формуле $\int_{-\infty}^{+\infty} e^{-p^2} dp = \sqrt{\pi}$ легко находим

$$\pi^{-\frac{m}{2}} \int e^{-|\xi|^2} d\xi = 1. \qquad (6)$$

Теперь из формулы (5) следует, что

$$|u(x,t) \leq M\pi^{-\frac{m}{2}} \int e^{-|\xi|^2} d\xi = M,$$

и функция $u(x,t)$ ограничена. Далее по формулам (5) и (6)

$$|u(x,t) \leq M\pi^{-\frac{m}{2}} \int \left[\varphi\left(x + 2\sqrt{t}\xi\right) - \varphi(x)\right] e^{-|\xi|^2} d\xi. \qquad (7)$$

Интеграл в формуле (7) разобьем на два интеграла, взятые по областям $|\xi| > R$ и $|\xi| < R$, где $R$ - некоторая постоянная. Имеем

$$\left|\pi^{-\frac{m}{2}} \int \left[\varphi\left(x + 2\sqrt{t}\xi\right) - \varphi(x)\right] e^{-|\xi|^2} d\xi\right| \leq 2M\pi^{-\frac{m}{2}} \int e^{-|\xi|^2} d\xi =$$

$$= 2M\pi^{-\frac{m}{2}} |S_1| \int_R^\infty \rho^{m-1} e^{-\rho^2} d\rho.$$

Интеграл $\int_0^\infty \rho^{m-1} e^{-\rho^2} d\rho$ сходится, и можно выбрат такое $R_0(\varepsilon)$, что при $R > R_0(\varepsilon)$ будет

$$2M\pi^{-\frac{m}{2}} |S_1| \int_R^\infty \rho^{m-1} e^{-\rho^2} d\rho < \frac{\varepsilon}{2}.$$

Зафиксируем какое – нибудь $R > R_0(\varepsilon)$. Тогда можно найти такое $R_0(\varepsilon)$, чтобы при $0 < t < t_0(\varepsilon)$ и для любого ξ, $|\xi| \leq R$ было $\left|\varphi\left(x + 2\sqrt{t}\xi\right) - -\varphi(x)\right| < \frac{\varepsilon}{2}$. Теперь

$$\left|\pi^{-\frac{m}{2}} \int \left[\varphi\left(x + 2\sqrt{t}\xi\right) - \varphi(x)\right] e^{-|\xi|^2} d\xi\right| < \pi^{-\frac{m}{2}} \frac{\varepsilon}{2} \int e^{-|\xi|^2} d\xi = \frac{\varepsilon}{2}$$

и окончательно

$$|u(x,t) - \varphi(x)| < \varepsilon, \quad 0 < t < t_0(\varepsilon).$$

Этим завершено обоснование формулы Пуассона.

За $B_1$ примем пространство функций, непрерывных и ограниченных в $E_m \times [0,8]$, с нормой

$$\|u\|_1 = \sup_{x \in E_m} |\varphi(x)|. \qquad (8)$$

Если $\varphi \in B_2$, то решения задачи $\frac{\partial u}{\partial t} - \Delta u = 0$, $u_{\,t=0} = \varphi(x)$ в пространстве $B_1$ существует и единственно. Это означает, что оператор $R$, который переводит начальную

функцию $\varphi$ в решение, существует и определен на всем пространстве $B_2$. Далее, из формулы Пуассона, записанной в виде (5)

$$u(x,t) = \pi^{-\frac{m}{2}} \int \varphi(x + 2\sqrt{t}\xi) e^{-\xi^2} d\xi,$$

следует

$$|u(x,t) \leq \sup_{x\in E_m} |\varphi(x)\pi^{-\frac{m}{2}} \int e^{-|\xi|^2} d\xi = \sup_{x\in E_m} |\varphi(x)| = \|\varphi\|_2,$$

Это неравенство не нарушится, если заменить в нем левую часть ее верхней гранью:$\|u\|_1 = \|R\varphi\|_1 \leq \|\varphi\|_2$, и, следовательно, $\|R\| \leq 1$. Таким образом, задача Коши для уравнения теплопроводности корректна в паре пространств $(B_1, B_2)$, в которых нормы заданы формулами (8).

**Список литературы**

1. Демидович Б.П. Лекции по математической теории устойчивости. – М.: Наука.– 1967. – С. 85.
2. Скубачевский А.Л. Неклассические краевые задачи. – М., РЗДН – 2009. – С. 45.
3. Владимиров В.С. Уравнения математической физики. – Новосибирск: Наука. – 1988. – С. 64.
4. Тихонов А.Н., Самарский А.А. Уравнения математической физики. Учебник для университетов – М.: Московский университет, Наука. – 2004. – 798 с.

**Түйіндеме**

**Пуассон формуласының өзектілігі**

**А.Т.Таупық,** *бакалавриат,*
**Б.Ж. Жақашбаев,** *ф. –м.ғ. к., доцент*
*(Алматық., Қазмемқызпу)*

Біз Дербес туындылы сызықтық дифференциалдық теңдеулер шешімдерінің жалғыздығы болуы үшін жеткілікті жағдай жасадық. Бірыңғай деп жылу теңдеуі болжам қарапайым Пуассон формуласын негіздеу. Біз іс-шаралар қажетті ерітінді немесе заңдылығы туралы кез келген жол берілгеннің негізділігін дәлелдеуге тырысады. Оның орнына, ол Пуассон формуласы бастапқы функциясы φ (x) үздіксіз және E_m кеңістікте шектелген екенін бір болжамға жылу теңдеуі үшін Коши шектеулі шешімін береді және тікелей белгілейді.

**Түйін сөздер:** Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер.

**Summary**

**The relevance of the Poisson formula**

**A.T.Tawpıq,** *undergraduate,*
**BJ Zhakashbayev**, *f. -m.ğ. Str., Associate Professor*
*(Almaty, KazGosZhenPu)*

We have a uniqueness of solutions of nonlinear partial differential equations is enough to be done. Common justify the simple assumption that the heat equation Poisson formula. We were on the legality of the measures necessary solution or trying to prove the validity of any road. Instead, it is the primary function of the Poisson formula φ (x) is continuous and E_m one of the Cauchy problem for the heat equation on the assumption that limited space is limited and the decision themselves.

**Keywords:** partial differential equations.

**ӘОЖ 378.016.02:004:517.53/.55(574)**

# RGB, LAB ЖӘНЕ CMY ТҮСТІК МОДЕЛІНІҢ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

**М.Авдорсолұлы,** *бағдарламалаушы*
*(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)*

***Аңдатпа:*** RGB, LAB және CMY түстік моделінің қолдану мүмкіндіктері компьютерлік графикамен тек көркемдеу мен безендірумен үшін ғана емес, ғылым мен медицинаның барлық саласында, коммерциялық және әкімшілік қызмет орындарында алуан түрлі ақпаратты көрнекі түрде көрсету үшін сызбалар, графиктер, диаграммалар жасау үшін қолданылу әдістері қарастырылады.

***Түйін сөздер:*** RGB, LAB, CMY, графиктер, диаграммалар, World, Wide, Web.

Дербес компьютерді пайдаланушылардың қатарында компьютерлік графикамен айналысатындардың саны күн санап артып келеді. Қазіргі кез келген мекемеде кей уақытта газеттер мен журналдарға жарнамаларға тапсырыс беру немесе жарнамалық парақшалар мен буклеттер басып шығару қажеттілігі туындайды. Олардың кейбіреулері осындай жұмыстарды арнайы дизайнерлік бюролар мен жарнамалық агенттіктерге тапсырса, кейбіреулері қолда бар программалық құралдарын пайдаланып, өз күштерімен жасауға тырысады [1,2].

Қазіргі танымал программалардың ешқайсысы компьютерлік графикасыз жұмыс істемейді. Статистикаға сүйенсек, жаппай қолданыста жүрген программаларды жасап шығарушы программистік ұжымның қызметкерлері өз жұмыстарының 90 % уақытын осы графикамен шұғылдануға жұмсайды екен.

Графикалық программаларды кең көлемде қолдану қажеттілігі Интернеттің және бірінші кезекте миллиондаған Интернет парақтарын бір «өрмекпен» байланыстырған World Wide Web қызметінің пайда болуынан туындады. Өйткені компьютерлік графикасыз безендірілген web-парақтың бүкіләлемдік желіде басқалардың көзіне түсіп, танымал болуы екіталай [3].

Қазіргі компьютерлік графика тек көркемдеу мен безендірумен үшін ғана емес, ғылым мен медицинаның барлық саласында, коммерциялық және әкімшілік қызмет орындарында алуан түрлі ақпаратты көрнекі түрде көрсету үшін сызбалар, графиктер, диаграммалар жасау үшін қолданылады.

Конструкторлар автомобильдің немесе ұшақтың жаңа үлгілерін құрастырған кезде олардың соңғы көрінісін алу үшін үш өлшемді графикалық объектілерді қолданады. Архитекторлар монитор экранында болашақ ғимараттың кең көлемді кескінін жасап, оның жер бедерімен қалай жанасатынын алдын ала болжай алады. Көзге көрінетін және көрінбейтін кескіндерді компьютер дисплейінде бейнелеуде түстік модель маңызды роль атқарады. Түс арқылы барлық объекттерді бір-бірінен ажыратамыз, әрбір объектінің тереңдігін, қисықтығын көре аламыз.

*И.Ньютон тәжірибесі.* Ақ жарық шыны призмадан өткен кезде бірнеше түске жіктелетінін алғаш рет И.Ньютон бақылап, зерттеген болатын. Мұндай монохроматты (бір түсті, мысалы, қызыл, көк, күлгін т.с.с.) жарық одан әрі басқа түстерге жіктелмейді.

Ал енді осылай ақ жарықтың монохроматты жарықтарға жіктелуінің себебі неде? Ол мынада. Жарық дегеніміз – электромагниттік толқындар. Әртүрлі түстегі жарықтар бір-бірінен толқын ұзындығының, немесе онымен байланысты жиілігінің әртүрлі болуымен өзгешеленеді. Ал жарықтың шыны призмадан өткенде әртүрлі түске жіктелуінің себебі қандай да бір ортадағы жарық жылдамдығының (немесе онымен байланысқан сыну көрсеткішінің) жарық жиілігінен тәуелділігімен байланысты. Сыну көрсеткішінің жарық жиілігінен осындай тәуелділігін *дисперсия* құбылысы деп атайды (1-сурет). Бұл

құбылысты түсіндіруге Максвеллдің электромагниттік теориясын қолдану оң нәтиже бермеді [4, 5].



1-сурет. Сыну көрсеткішінің жарық жиілігі көрсетілген

Себебі, бұл жердегі мәселе тек электромагниттік толқынның қасиетінде ғана емес, сонымен қатар ол толқындардың затпен әсерлесу сипатымен де байланысты болатын. Қазіргі кезде компьютер дисплейінде бейнені шығаруда, графикалық бейнелерді өңдеуде, графиктік немесе мәтіндік мәліметті қағаз бетіне басып шығаратын құрылғылар белгілі бір түстік моделмен жұмыс істейді.

*Түстік модельдер.* Түстік модельді құру негізінде әмбебап тілдерді қолдану жатыр, олар математикалық стандартты өрнектер 1 – сурет көмегімен нақты түсті сипаттау тәсілін іске асыруға көмектеседі. Олардың көмегінсіз сандық кескіндердің баспаның редактірлеу, сканерлеудің өңдеудің ешбір кезеңін орындай алмаймыз. Қазіргі компьютердегі программада түспен басқару режимдерге түстік модель көмегімен іске асырылады. Түстік модельдер (немесе түстік кескіндік) түсті сипаттаудың концептуальды және мөлшері үшін амалдарын ұсынады. Негізгі түсті концептуальды ұсынылып танысқаннан кейін сіз жұмыс барысында түстер арасындағы қатынасты жақсы түсінесіз. Режим бұл анықталған түстік модельдердің нақты графикалық программа көлемінде іске асырылу тәсілі [6].

*Түстік модельдің түсінігі.* Түстік модельдер (color model) спектрдің анықталған түстік ауданын математикалық сипаттау үшін қолданылады. Көптеген компьютерлі түсті модельдер адамдар көзімен қабылданатын үш негізгі түстер қолдануға негізделген. Әр негізгі түске анықталған сандық код мәні меншіктеледі, содан кейін қалған түстердің барлығы негізгі түстер комбинациясы ретінде анықталады. Осындай тәсілді суретшілер шектеулі түстер палитрасы базасында сурет салу үшін қолданады. Түстік модельдер түсті математикалық ұсынылуына қарамастан әлсіз. Бірақ олар компьютерлік программада шығарылатын түстің бір мәнді анықталуы үшін қолданылу ыңғайлы. Егер мониторға R.255 G000 Б255 түсті сигналын жіберсек онда жақсы мониторда жақсы бір түс пайда болу керек (берілген жағдайда) өзінің негізінде не жатқанына тәуелсіз кез келген модель үш талапты қанағаттандыруы керек:

- қандай болмасын нақты құрылғы мүмкіндіктеріне тәуелсіз, түстерді кейбір стандартты әдіспен анықтауды іске асыру;
- қайта өңдейтін түстер диапазонын нақты беру;
- түстерді қабылдау механизмін ескері шағылысу немесе сәулелену.

Қазіргі графикалық кестелер керек түсті модельді таңдау үшін дамыған интерфейстер орналасады. Ары қарай бұл бөлімде қазіргі графикалық кестелерде қолданылатын көптеген түстік модельдер толық қарастырылады.

*Түстік модельдер типі.* Графикалық кестелердің көпшілігі түстік модельдердің кең көлемімен операцияларды олардың бір бөлігі арнайы мақсаттарға құрылған, ал келесі бөлігі-бояудың маңызды типтері үшін атап өтелік CMY, CMYK, RGB, HSB, HLS, Lab, YIQ және YCC. Әрекеттер принциптері үшін аталған түстік модельдерді үш класқа бөлуге болады.

- аддитивті (RCB), түстерді қоюға негізделген;
- субтрактивті (СМУ, СМУК) есептеу операциясының негізін құрайды (субтрактивті синтез)
- перцепционды (HSB, HLS, Lab, YCC) қабылдауға қор жинайды.

Нақты түстік модельге көшпестен бұрын түс табиғатына тән физикалық заңдылықтарға назар аударайық.

*Аддитивті түстік моделдер.* Аддитивті түсті әртүрлі түстер жарық сәулелерін біріктіру жолымен Грассман заңы негізінде алынады. Көптеген түстері үш негізгі түстік код көрінетін спектрдің компоненттерін араластырылғанда алынады. Мұндай түстер теорияда бастапқы түстер деп аталады, қызыл (Red), жасыл ( Green) және көк (Blue) түстер. Бастапқы түстерді жұпты араластырғанда екінші түстер пайда болады: көгілдір (Cyan), сары (Yellow) бастапқы және екінші түстер қорлық түстерге жатады. Көрінетін түстердің барлық спектрын алуға болатын түстерді қорлық түстер деп атайды.

Аддитивті синтез көмегімен жаңа түстерді алу үшін әртүрлі комбинациялауға 2 негізгі түстерді қолдануға болады. Қызыл және жасыл түстерді қолданып екі бастапқы қорда жаңа түстерді алу сұлбасы келтіріледі. Қызыл және жасыл әртүрлі пайызды екі бастапқы шешім базасында түстерді жаңа түстер аддитивті синтез. Аддитивті түстер жарақаттану жүйелерінде видео жүйелерінде, фотоүлгілерінде, жазба құрылғыларында, мониторда, сканерде, сандық камераларда, кең қолданыс тапты. RGP модельдерді тұрғызу үшін қолданылатын бастапқы немесе Аддитивті түстердің тағы бір атауы. Кейде интенсивті жарықты түске қосқан кезде түстер көбейеді мұндай модельдерді қосатын немесе терминдер деп аталады, олар RGB –модельді сипаттау үшін қолданылады [7].

*Субтрактивті түстік модельдер.* Монитор экранына қарағанда жарық шағылысуына негізделген түстерді қайта өндіру, басылатын бет тек түсті ғана бейнелейді. Сондықтан бұл жағдайда RGB модель қолайсыз. Оның орнына басылатын түстерді сипаттау үшін субрактивті түстерге бағаланатын СМУ моделі қолданылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Петров М.Н., Молочков В.П.Компьютерная графика: Учебник для вузов. 2-е изд. – СПб.: Питер, 2004.-811 с.: ил.
2. Петров М.Н., Молчанов В.П. Компьютерная графика. СПб.: – Питер, 2002.
3. Хирн Д., Беркер М. Микрокомпьютерная графика. – М.: Мир, 1987.
4. Иванов В.П., Батраков А.С. Трехмерная компьютерная графика./ Под. ред. К.М.Полищука. – М.: Радио и связь, 1995.
5. Роджерс Д., Адамс Дж. Математические основы машинной графики. Пер. с англ. М.:Машиностроение, 1980.
6. Э.Т.Романычева, Т.Ю.Соколова, Г.Ф. Шандурина Инженерная и компьютерная графика. – М.: ДМК Пресс, 2001. – 592 с.
7. Панкратова Т. Photoshop 7: учебный курс. – СПб.: Питер. – 2003. –528

**Резюме**

**RGB, цветовая модель LAB и использование cmy возможности**

**М.Авдорсолулы,** *программирист*
*(г. Алматы, КазНПУ им.Абая)*

В статье рассматривается возможность применения RGB, LAB и CMY моделирования. RGB, LAB, а также возможность использования только CMY цветовой модели компьютерной графики иллюстрации, а не только для регистрации всех коммерческих и административных услуг в области науки и медицины, чтобы продемонстрировать широкий спектр информации, рисунков, графиков, методов графиков, используемых.
**Ключевые слова:** RGB, LAB, CMY, графики, диаграммы, World Wide Web.

**Summary**

**RGB, LAB AND USE CMY color model OPPORTUNITIES**

**M.Avdorsoluli,** *programming*
*(Almaty., Named after Abay)*

The article deals with the possibility of applying RGB, LAB, and the CMY model. RGB, LAB, and the possibility of using the CMY color model computer graphics illustration only, and not only for the registration of all commercial and administrative services in the field of science and medicine to demonstrate a wide variety of information, drawings, graphs, charts methods used.
**Keywords:** RGB, LAB, CMY, graphs, charts, World Wide Web.

**ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY**

**UDK 316.614:37113**

# LEARNING ACTIVITIES FOR READING

***Kulbekova B.R.*** *candidate of pedagogical sciences,*
***Rayeva S.Zh****., senior teacher*
*(city Almaty, Islam cultural Egypt*
*Nur-Mubarak university)*

***Abstract:*** The purpose of this article is to provide the young teachers with suggestions for developing purposeful activities in reading which may be used in the class room. These activities may be for the entire class, small groups and individual child. It is suggested that the activities be modified by the teacher according to the diagnosis of each child's needs.

***Keywords:*** teaching English, general principles, mental, concept, social laboratory, maturity.

According to the order of the Ministry of Education of Kazakhstan all the schools begin learning and teaching English in the first grade. The question is whether all the schools are ready to teach English and whether we have the experienced teachers for six-year children.

There are problems that we haven't solved yet and there will be some. And we would like all the teachers to discuss the problems and solve them together, sharing the good ideas and material. The purpose of this article is to provide the young teachers with suggestions for developing purposeful activities in reading which may be used in the class room. These activities may be for the entire class, small groups and individual child. It is suggested that the activities be modified by the teacher according to the diagnosis of each child's needs.

The right activities will help the teacher discover procedures in which the basic reading skills can be presented in a motivated situation. Mental activities, concentration and insight are part of the general pattern of procedures which will help the children learn more readily and more effectively.

The general principles relating to reading instruction standards presented in this article are:

1. Reading must be a happy, exciting and enriching experience for the child.
2. A variety of approaches in reading instruction is essential since children learn by different methods.
3. Since children grow and mature at different rates, reading instruction must be adjusted to meet the physical, social, emotional and mental development needs of all children.
4. A vigorous reading program entails the use of many varied instructional materials.
5. Intelligent reading is a positive method of learning to think.
6. Every child should know his or her own reading progress and have every opportunity to succeed.
7. Reading competence is the result of developing varied interests which differ in rate of growth of each child.
8. The continuity of growth in the skills of reading is as important as the mastery of a single skill.

Every teacher is a teacher of reading and every activity is a reading activity. One reads people's faces, their hands, their attitudes, their behavior, and their intentions. One reads instruments, such as gauges, meters and clocks. One reads the clouds, the sunsets, terrains and all of nature about us. One reads pictures, music and the printed page. How well one reads and remembers what has been read is usually the result of elementary school training.

Children learn easiest when they are allowed to discover things through activities in which they participate. Too frequently the learning situation is too abstract and there is too much reliance on rote memory rather than on understanding and experiencing.

The teacher does well to formulate plans for safe and purposeful learning activities which should be encouraged and executed in the classroom. Reading is not merely pronouncing words in a textbook, but a thought-getting process as well. The learning activities must include enrichment, evaluation and enjoyment. Reading is not an isolated activity but a functional one, involving all other school subjects and everyday living. It must be a successful procedure, formulated in a happy, friendly atmosphere where the children can feel that they are reasonably successful. The teacher and pupils should work together to set their standards and goals. They should discuss procedures so that the children understand what is expected of them and can execute the task without further difficulty. Activities should be experiences in learning and motivating not testing. The activities should have a diagnostic and prognostic value to the teacher. Through the children's work, the teacher should be able to determine their needs and evaluate their growth. If work is assigned and then forgotten or relegated to the wastebasket, the children are quick to notice and they may attempt to get by with as little work as possible. If a child cannot complete an assignment, the material may be too difficult or uninteresting to him, or the assignment may be too long. Such situations should be recognized early, studied promptly and proper adjustment made. Motivation is essentially a personal matter and children usually enjoy purposeful activities when they discover things that are outgrowths of interests already started. Such activities contribute to thinking, creative ability, development of good work habits and skills, as well as to proper social attitudes and habits.

While working with the children, a teacher must evaluate not only their changing behavior patterns, but also the knowledge they have gained. There must be emotional and intellectual growth. However, besides teacher evaluation, there must also be pupil participation in evaluation of their own work and attitudes. It is through cooperative evaluation that children can understand and appreciate their problems.

The teacher must remember that parents are either ill at ease or apologetic or they are hostile. Those who are ill at ease need reassurance and understanding. The hostile parent is more difficult to deal with, but the wise teacher will be careful not to further aggravate the situation.

The teacher must understand that success depends on many factors and among them is the child's readiness to learn and read. Reading readiness is a term commonly used to denote a general mental, emotional and physical preparedness for reading on the part of the child. It is an attitude or mind set. It requires careful nurture on the part of the teacher. Some teachers have an erroneous concept of reading and look upon it as word calling, word analyzing, sounding, spelling out and memorizing process. The process of reading calls for more than the recognition of printed symbols for the purpose of word calling. It is during the readiness period that the teacher should develop in the child the true purpose of reading.

The readiness period is a unique and precious period of opportunity for both teacher and child. It sets the stage for one of the most important instructional undertakings in the educational program, and the very cornerstone of the reading curriculum, because of its strategic position during the formative years of the child's life.

Being six is a very wonderful and a very important time. It is a time of new adjustments, learning to make decisions and learning to read. The child learns to organize his experiences and thinking and to become a member of a group. But on the child's sixth birthday, he does not magically or automatically gain all those complex skills which will open for him the doors to successful reading.

In fact, failure in reading in later grades is ascribed, in part at least, to an inadequate reading readiness program for the child in the first grade. Some studies report that over forty percent of all elementary school children read below their norms. This appalling figure makes us

realize that we must help the child get the best start in reading that is within our power. We must realize that this reading incompetence can cause unhappy children with emotional conflicts.

Therefore it is most important that we treat that cause, which is rooted, in so many cases, in the early years. Children are eager to learn and most six-year olds anticipate starting to school so that they can begin to read. At no other age do we have the enthusiasm expressed as by this age-group. This is a time for teaching to make the most of their opportunity.

Many school authorities have failed to inform the parents about the newer school practices and many parents have failed to ask. Parents often do not realize that schools, like automobiles and refrigerators, have changed since they themselves went to school. A letter or brochure, explaining what the school is attempting to do can divert much criticism. Some first-grade teachers meet the parents before the opening of school so that they can avert those first-day tragedies that frequently occur. Some parents become alarmed when the child does not read from a book on the first day of school or even by the end of the month.

The teacher should explain to the parents what they can do to help the child at home. There are many awareness activities that will fascinate the parents as well as the child. It is well for the teacher to summarize the day's activities before the children go home for the day, so they can report intelligently. Sometimes the learning activities are misinterpreted; this to the parent may signify lack of discipline or mere play. Frequently the child is admonished, «You can play at home. We are sending you to school to learn something».

Parents can be useful to us if we keep them informed and explain to them what experiences they can offer their children in order to provide them with a more enriched understanding of their environment. They also need to know that the child's greatest need is approval and love on the part of both parents and teacher; and if he knows that they are working harmoniously together, he has a greater feeling of security. The fortunate parent learns to know the school as a partner in the development of his child, a source of information and encouragement and an ever-present help.

The children's attitude and their desire to read are all important. They are eager to learn and the teacher has willing subjects to guide into the exciting realm of reading. Children learn and grow best when their basic needs is met and when they are allowed to discover things for themselves. Each child must learn to meet a society of his peers, and he must learn to find his place among them. He often comes to school immature – perhaps infantile – but if all goes well; he develops into an individual who has taken the first step toward growing up.

The readiness period is difficult for the child. He has so many things to learn. It can be an anxious time, too, for he must find his position in a new group. Some children are easily discouraged and have marked feelings of insecurity and inferiority. Some give up easily. Social and emotional immaturity makes for unhappy children and inhibits their learning; it may result in adults who cannot effectively with benefit to themselves and others.

All children pass through a succession of stages in an orderly growth pattern. Each stage is dependent on the preceding ones, and no two children progress at the same rate. There are children who learn slowly and those who learn quickly. Some carry heavier emotional loads than others, making it difficult for them to concentrate long enough to learn. Some travel on a faster and higher-powered native capacity than others. They need to develop faith in themselves and in their teacher. There are a few who feel that you are an impediment to their freedom and happiness. They must allow the teacher the opportunity to give them her love, understanding and encouragement.

The modern school is a social laboratory wherein children experience living and learning together. The teacher should learn about the child's background and problems. Understanding mild cases of maladjustment can prevent later adult unhappiness. The teacher must remember that teaching is not telling but directing and that all good teaching is diagnostic. The children are her publicity agents, her critics and her fans. Without sensitivity to children, it is difficult to develop an emotionally satisfying climate in the classroom.

The richness of the pre-reading stage cannot be overlooked. The teacher must show artistry and insight in her work so that she develops a reading willingness. However, at this period there are only a very few children who are reluctant to learn to read. It must be remembered that learning at any age is successful only when the individual is ready and has a need for it. If a child becomes fatigued easily, it may be due to some emotional strain either at home or at school. Social adjustment is closely related to emotional adjustment.

There is no fixed readiness period of three weeks or three months. There is no "right time" to begin to read. There is no sharp line between reading readiness and reading. In an effective program, the transition will take place almost unnoticed. An important instructional job of the classroom teacher during the pupil preparatory period is the development of language. A command of oral English is essential to the mastery of reading. The teacher must consciously attempt to add new usable words to the child's speaking vocabulary, and should make the child curious about the meanings of these new words. Correct pronunciation and enunciation must not be overlooked. Reading readiness workbooks can be helpful if correctly used, but they are not self-directive; merely coloring the pictures will not instill the desire to learn to read.

Through experience and training the teacher learns to recognize that particular phase of a child's development which indicates his readiness for reading. She sees signs of maturity in the child and he himself shows that he is ready.

The suggestions for developing reading readiness and for first-grade experiences can be modified for the individual's specific needs. If the teacher can enlist the aid of parents in helping to make these into games, it will save her a great deal of work and parents will feel that they are a part of the child's learning development.

Factors that influence reading readiness are:

1. Physical readiness;
a)visual readiness
b) auditory acuity
c) motor coordination
d) general good health
2. Social readiness
a)self-reliance
b)ability to cooperate and share with others
c)good habits of listening
d)ability to assume responsibility
3. Mental maturity
a) mental age of six-and-one-half years
b) good memory span
c) good speech
d) emotional security
4. Environmental factors
a) good instruction
b) enrichment of experiences
c) satisfactory home conditions
d) satisfactory school conditions

There is no such magic as a quick-change «ready to read». It is something that the teacher must develop.

**Literature**

1. Learning activities for reading. Selma E. Herr,1961, 1970, 1977.Reading laboratory, Tulane University, New Orleans, Louisiana.
2. Brown H. Communication. American Press. 2003.
3. Connor L.D. Better English Pronunciation. Cambridge University Press. 1998.

4. Павлоцкий В. Read, learn, discuss English.1999.

**Түйіндеме**
**Оқу үшін оқу сабақтары**
**Б.Р.Құлбекова,** *п.ғ.к.*
**С.З. Раева,** *аға оқытушы*
*(Алматы қ., Ислам мәдениеті «Нұр-Мүбарак» Египет университеті)*

Бұл мақалада шетел тілін оқытуда оқылымның ролі және оның әдістемелік жолдары қарастырылған. Оқылымның шағын топтарда, жеке оқушыға шетел тілін үйретуде мақсатты, маңызды және пайдалы жұмыс түрі екендігі жаттығулар арқылы түсіндіріледі.

**Түйін сөздер:** ағылшын, жалпы қағидаттарын, психикалық, тұжырымдамасын, әлеуметтік зертхана, кемелдену тәлім.

**Резюме**
**Учебные занятия для чтения**
**Б.Р.Кулбекова,** *к. п. н.,*
**Раева С.Ж.,** *старший преподаватель*
*(г. Алматы, Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак»)*

В статье рассматривается роль и методические пути чтения в обучении иностранному языку. Целевое обучение учащихся иностранному языку в маленьких группах и индивидуально объясняется с помощью важных и полезных упражнений.

**Ключевые слова:** преподавание английского языка, общие принципы, психическое, концепция, социальная лаборатория, зрелость.

**ӘОЖ 41**
**С31**

## ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТАҢБАЛЫҚ - СИМВОЛДЫҚ КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***Ж.И. Сейтимова,*** *магистр, оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Тұлғаға бағдарланған іс-әрекеттік тәсіл білім берудің жетекші парадигмасы болып саналады. Сол себепті білім берудің барлық деңгейлерінде оқытудың әдістемелік мәселелерін жаңа тұрғыдан қарастыру, бүгінгі таңда білім беру саласының басты мақсаттарының бірі болып отыр. Осы мақалада таңбалық-символдық көрнекі құралдарды оқыту үдерісінде пайдаланудың тиімділігі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарастырылып, шетел тілін оқытуда таңбалық-символдық көрнекі құралдарды пайдаланудың тиімді екеніне көз жеткіземіз.

***Түйін сөздер:*** сындарлы ойлау, таңбалы-символдық, динамика, мнемоникон, визуалды білім.

Тұлғаға-бағдарланған іс-әрекеттік тәсіл білім берудің жетекші парадигмасы ретінде білім берудің барлық деңгейлерінде оқытудың әдістемелік мәселелерін жаңаша қарастыруды талап етеді. Қазіргі жағдайда білім деңгейі алған білімнің көлемімен анықталмайды, сол білімнің негізінде әртүрлі мәселелерді шеше алу қабілеттіліктерімен өлшенеді. Демек, оқушылардың пән бойынша алған білімді өмір тәжірибесінде пайдалана алу қабілеттеріне көңіл аударуға басымдық береді.

Еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негізгісі – әрбір жеке тұлғаға білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу. Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін, жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға оқушыны жеткізуіміз керек. Оқытудың ұтымды технологиясын пайдалану арқылы шәкірттің тұлғалық болмысын дамытуға мүмкіндік туады.

Бүгінгі күні білім сапасы үлкен мәселе болып тұрғаны шындық. Білім сапасы – мұғалімдер жұмысының көрсеткіші және мұның бәрі пәндік олимпиададан, ғылыми жоба жарыстарынан көрініс табады. Осы жерде ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, көрнекі құралдар, құралсыз іс істелмейді» деген сөзі ойға оралады. Бұл өткен ғасырдың басында айтылғанымен, жүз жыл өтсе де бүгінгі білім беру жүйесінің бағыт-бағдары іспеттес.

Н.Ә.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасында қазіргі заманғы білім берудің болашақтағы міндеттерін атай келе, жас қазақстандықтар бастапқы интеллектуалдық әлеуетпен және терең ақылмен, шексіз қызығушылықпен және өмірлік күш-қуатпен ерекшеленуге тиіс деген [1]. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда жаңа білім беру жүйесінің орта буын сатысында оқыту үдерісін ұйымдастыру базалық білім, білік, дағдылар, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде ағылшын тілін тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқытуды қажет етеді. Сонымен қатар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың биылғы жылғы Қазақстан халқына жолдауында қазіргі заманғы қазақстандықтардың үш тілді білуі дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін ерекше атап өтті. Олай болса жалпы орта білім беретін мектептерде ағылшын тілін меңгертуде тиімді тәсілдердің бірі – *таңбалы-символдық көрнекі құралдарды пайдалану* басым бағыттардың бірі болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстан өркениет жолында. Өркениеттілік мүлде басқа құндылықтар жүйесін құрады. Өркениетті дамудан білім беру жүйесінің бәсекеге бағытталып жаңаруы, оқу – тәрбие үдерісін жаңарту қажеттілігі және оның салалары ретінде, мазмұн құндылығының артуы туындайды.

Жас ұрпақтың бойына білімді таңбалық-символдық көрнекіліктер арқылы сіңіру, оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, есте сақтау қабілетінің жақсаруына, білімді жылдам игеруіне көмектеседі. Бүгінгі күнде педагогика ғылымында «*визуалды білім*» деген термин пайда болып, ол дәстүрлі үйреншікті көрнекілік құралдарды ығыстырып шығаруда. XXI ғасырдың жас ұрпағы символдар, таңбалар сияқты шағын ұғымдарды пайдалануды жақсы білуі керек [2].

Таңба ұғымына көз жүгіртер болсақ оның тарихы сонау ежелден бастау алған. Жалпы адамзаттың өмір сүру тарихын алып қарайтын болсақ, таңба ұғымына қатысты көптеген мәліметтерді кездестіреміз. Мысал келтіретін болсақ, Ежелгі Грекия мен Қытай елдерінде «есте сақтау өнері» яғни «мнемоникон» деп аталатын өнер пайда болып, сол дәуірдегі адамдар, адамның есте сақтау қабілетін жақсарту, естің сыйымдылығын арттыру сияқты мәселелерге баса назар аударып, сол өнерді дамыта түскен. Ал бұл өнер тікелей таңба, символ деген ұғымдармен байланысты болып, таңбалық-символдық көрнекіліктің дамуына белгілі бір үлесін қосқан.

Қазақ халқының өткен өміріне көз жүгіртер болсақ «таңба», «символ» деген ұғымдарды біздің ата – бабаларымыз сонау жаугершілік замандарда пайдаланып көптеген мәліметтерді тасқа ойып қалдырып отырған. Бұл ата-бабамыздан қалған нышан болғандықтан ол баланың бойында ерте жастан қалыптасады. Қазақ жеріндегі ең алғаш рет тасқа салынған суреттер туралы мәліметтерді берген ғалым-хорезмдік Әбурайхан әл-Беруни болып саналады. Бұдан басқа Ш.Уәлиханов, В.В. Радлов, И.Т. Пасловский деген

атақты ғалымдар қазақ жеріндегі тасқа салынған суреттер туралы көптеген мәліметтер қалдырып кеткен. Айта кететін болсақ Ш.Уәлиханов өз еңбектерін суреттер арқылы беріп, түсіндіруге тырысты [3].

Бүгінгі күнде оқу үрдісінде көрнекі құралдар тек көмекші құрал ретінде пайдаланылып, оның оқушылар білім сапасын арттыру мүмкіндігіне көп мән берілмеген. Таңбалық – символдық көрнекіліктерді тереңінен зерттейтін болсақ, оның оқушылар білімін арттырудағы мүмкіндігі өте зор. Жалпы таңбалар «көмекші таңбалар» және «тілдік таңбалар» болып екіге бөлінеді. Тілдік таңбаларға тілдік бірліктер жатса, көмекші таңбалардың өзі мынадай түрге бөлінеді:

1. Графикалық таңбалар-математика, химия сабақтарында қолданылады.
2. Акустикалық таңбалар-музыкалық аспаптар таңбалары.
3. Заттық таңбалар-жол бойының таңбалары, әскери белгілер.
4. Ақша таңбалары-әр елдің ақша бірліктері.
5. Сәулелік таңбалар-жарық арқылы берілген белгілер.
6. Ымдау, нұсқау таңбалары-дене қимылдары.

Таңба, символ деген ұғымдарға анықтама берер болсақ, «символ» грекше «*simbolon*» таңба, белгі деген мағынаны білдіреді. Ал «таңба дегеніміз өзіне ешқандай қатысы жоқ басқа бір мазмұнды білдіретін шартты бейне»-деп сипатталған. «*Таңбалық-символдық көрнекілік*» терминін Ю.С.Степановтың түсінігі бойынша «қоршаған ортаны танып білу үрдісіне кызмет етіп, ең әуелі көру мүшесі арқылы (визуалды) қабылданатын барлық таңбалар мен символдардың жиынтығы» деп түсіндірілген. Белгілі педагог ғалым В.И.Евдокимовтың берген анықтамасы бойынша көрнекі құрал дегеніміз «оқыту барысында қабілеттілікке түрлі құбылыстар мен үрдістерді таныстыруға мүмкіндік жасайтын арнайы таңдап алынған заттар мен құрастырмалар». Психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде таңба ұғымына әртүрлі анықтама берілген. Таңбалар зат, оқиға ретінде белгіленіп, ақпарат алмасу, ақпаратты жеткізу қызметін атқарады. Таңба басқа бір заттың орнына жұмсалып, оның ең басты қасиеті, оның белгісінің болуы. А.Ф.Полторацкий таңбаны адамның сезім мүшелері арқылы қабылдайтыны туралы жан-жақты зерттеп таңбаның екі қасиеті бар екенін айтты [4]:

–біріншіден таңба және символдар сезім мүшелері арқылы қабылданса;

–екіншіден ол әрбір заттың қасиетін білдіретін ерекше белгі болып саналады. Н.Г.Салмина таңбалық-символдық құралдардың бірнеше ерекше белгілері бар екенін атап көрсетті:

–шарттылығы, осыған сәйкес таңба мен таңбаланушы арасында қатынас орнайды;

–-бағыттылығы, таңба атаулының белгілі бір формамен мазмұнның байланысына бағытталады;

–жүйелілігі, синтакистік бірлік;

–ұзақтығы, таңбалық – символдық көрнекіліктерді қолдануда уақыттың созылуын көрсетеді. Табиғаттағы таңбалар мен символдар қоғамның сұранысына және өзгеріп, дамуына байланысты өзгеріп, әртүрлі жағдайға бейімделіп отырады. Таңба және символ ұғымдары әрқашан көрнекілік ұғымдары мен тығыз байланысты. «*Таңбалық–символдық көрнекілік*» терминін Б.С.Степановтың семиотикалық объектілерді жіктеуі бойынша, қоршаған ортаны танып білу үрдісіне қызмет етіп, ең әуелі көру мүшесі арқылы қабылданатын барлық таңбалар мен символдардың жиынтығы деп білеміз.

В.И.Евдокимовтың пікірі бойынша «Көрнекі құралдар» дегеніміз – оқыту барысында түрлі құбылыстармен үрдістерді таныстыруға мүмкіндік беретін арнайы таңдап алынған заттар мен құрастырмалар. Атап айтар болсақ олар:

–көрнекі құрал таным құралы, таным үрдісінде нақты заттарды, құбылыстарды олардың табиғи және өмір сүру жағдайын елестетуге мүмкіндік жасайды;

–көрнекі құрал нақты объектінің, заттың, құбылыстың түрлендірілген формасы;

–оқу міндеттерін тиімді шешуге бағыт ала құрастырылған кез келген заттық немесе идеалдық модель көрнекі құрал бола алады – деп қорытындылайды.

В.И.Евдокимов таңбалар мен символдық көрнекіліктерді басқа көрнекіліктерден бөлек өз алдына жеке көрнекілік ретінде қарастыру керектігін айтады. Ол «символдық көрнекілік қарастырылып отырған заттың ішкі және сыртқы маңызды қатынастарын анықтайды және сол арқылы заттың ішкі өзгерістерін танып білуге болады» деп айтады. В.И.Евдокимов таңбалық-символдық көрнекілікті оқу үрдісінде пайдаланудың маңыздылығын айтып, оның тиімділігін дәлелдейді. Педагогика ғылымы саласында заттық, тілдік-бейнелі, көркем және динамикалық түрлері көрнекіліктің ең маңызды түрлерінің бірі болып саналады. Сонымен таңбалық-символдық көрнекіліктердің тигізер пайдасына гөрі таңбалық-символдық көрнекіліктерді өз алдына бөлек қарастыру өте маңызды. Сөйтіп таңбалық-символдық көрнекілік дегеніміз – табиғаттағы құбылыстарды заттық түрде бейнелейтін, кодтау және алмастыру қызметіне ие құралдар жүйесі. Атақты ғалым Д.С.Столярчук таңбалық-символдық көрнекіліктерді (ТСК)-оқушылардың білімін жүйелеу құралы ретінде қарастырып, ол ТСК-ге бірнеше талаптар қояды. Ғалымның пікірінше таңбалық-символдық көрнекілік (ТСК) оқу құралы ретінде бірнеше талаптарға сай келуі қажет [6]:

–ықшамды болуы шарт, өйткені үлкен көлемдегі ақпараттарды алмастыру, оларды шешу өте маңызды рөлге ие болып табылады;

–оқушылардың диалектикалық ойлау жүйесін дамытып, білімнің жүйелілігін қамтамасыз етуі тиіс;

–қоршаған ортадағы құбылыстар мен объектілердің мән-мағынасын түсініге ықпал етуі, табиғат пен танысу үрдісінде құбылыстарды модельдеу туралы түсініктерді дамытып, модельдер мен олардың шынайы арақатынасын танып білуге жол ашуы керек;

–оқу материалының мазмұнын нақтылы бейнелеуі, оқу материалын терең де берік меңгеруге ықпал етуі және ғылыми дүниетанымды қалыптастыруы қажет.

Атақты ғалым Н.М.Силич таңбалық-символдық көрнекіліктің (ТСК) ең маңызды сипаты оның бейнелеу қызметінде деп айтады. Оның пікірінше таңбалар мен символдардың өздері де материалдық зат бола тұра шынайылықты бейнелеу формасы ретінде қолданылады және таным құралы ретінде қызмет атқарады.

Д.Фолидің пікірі бойынша таңбалардың ең маңызды қызметі ол белгіленген графикалық бейнелерді қолдану арқылы адамдар арасында байланыс орнату болып табылады [7].

Педагог ғалым Н.Г.Салмина өзінің бір қатар зерттеулерінде таңбалық-символдық көрнекіліктердің атқаратын қызметі туралы айтып өткен. Сонымен, көптеген ғалымдардың айтқан ойларын және педагогикалық, психологиялық әдебиеттердегі таңба туралы ойларға тоқтала келе, таңбалық-символдық көрнекіліктердің мынадай қызметтерін көрсетуге болады:

–таңбалар мен символдар коммуникативтік қызмет атқарады, бір адамның екінші адамға екінші ақпаратты айтуға, декодтауға көмек көрсетеді;

–танымдық қызмет атқарады, яғни адамның іс-әрекетіндегі шындықты көрсетіп, дүниетанымдық білімнің пайда болуын көрсетеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Салмина Н.Г. «Знак и символ в обучении». – М.:Педагогика,1988.-175с.

2. Нұғыманов.И.Н. Химиялық символика мен номенклатураны оқыту. – Алматы: Мектеп,1980.-124б.

3. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения в 2-х томах. Под ред. А.И.Пискунова. – М.: Педагогика .– 1982. Т.1. – 656 с.

4. Столярчук Д.С. Знакова –символическая наглядности как средство обобщения и систематизации знаний учащихся по физике в средней школе: автореф. Канд.пед.наук.- Киев. – 1987. – 24 с.

5. Шаталов В.Ф. Куда и как исчезли тройки: Из опыта школ г. Донецка. – М.: Педагогика. – 1980. – 133 с.

6. Коротяеев Б.И. Учение-процесс творческий. – М.: Просвещение. – 120 с.

7. Полторацкий А.Ф., Швырев В.С. Знак и деятельность. – М.: Политиздат,1970. – 118 с.

**Резюме**

**Эффективное использование визуальных средств в обучении символов символов иностранного языка**

**Ж.И.Сейтимова,** *магистр, учитель*

*(Алматы. КазГосЖенПУ)*

В статье рассматриваются психологические и лингвистические основы знаково символического метода обучения в преподавании английского языка. Личностно - ориентированный подход является ведущей парадигмой в образовании. По этому на сегодняшний день главной целью является рассмотрение методических проблем на всех уровнях образования.

**Ключевые слова:** критическое мышление, характер и динамика характера, визуальное образование.

**Summary**

**Character Character efficient Use visual Tools Learning Linguistic ïnostrannogo**

**J.Ï.Seytïmova,** *master, teacher*

*(Almaty, KazGosJenPW)*

The article deals with the using sign-symbolical visual aids is an effective means with psychological, pedagogical points of view. Personal – focused functioning method as a leading paradigm of Education at all levels of teaching. Therefore consideration of methodical problems all the stages of Education, is the main aim of nowadays.

**Keywords:** critical thinking, character and the character dynamics, mnemonïkon, visual education.

**ӘОЖ 4И(Түрк)**
**Е66**

# ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ МЕТОНИМИЯ, СИМВОЛ ЖӘНЕ СЫҚАҚПЕН БАЙЛАНЫСЫ

***П.Қ. Ертаева,*** *магистр, оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада түрік тіліндегі теңеулердің жасалу жолдары, метонимия, символ және сықақпен байланысы туралы баяндалған. Теңеу тілдің барлық деңгейлерімен- фразеологиясымен де, сөз тудыру жүйесімен де, синтаксисімен де тікелей қарым-қатынаста өмір сүреді. Демек, теңеу тілдің барлық деңгейлерімен тығыз қарым-қатынаста өмір сүретін көпдеңгейлі тілдік құбылыс болып табылады. Сонымен қатар, метонимия мен символ, сықақ арасындағы ерекшеліктер түрік ақын-жазушыларының еңбектерінен алынған мысалдар арқылы айқын түсіндірілген.

***Түйін сөздер:*** метонимия, фольклор, символ, теңеу, ассоциация, метафора, синекдоха, фразеология.

Теңеу таным құралы болуымен қатар, эстетикалық категориялардың бірі болып табылады. Теңеу барлық халықтың фольклорында да, жазба әдебиетінде де кеңінен орын алып, әдеби кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін сипаттауда ұтымды стильдік тәсіл ретінде мейлінше мол қолданылады.

Сонымен қатар, теңеу тілдің барлық деңгейлерімен-фразеологиясымен де, сөз тудыру жүйесімен де, синтаксисімен де тікелей қарым-қатынаста өмір сүреді. Демек, теңеу тілдің барлық деңгейлерімен тығыз қарым-қатынаста өмір сүретін көпдеңгейлі тілдік құбылыс болып табылады. Теңеу мен метонимияның (mecaz-ı mürsel) арасындағы айырмашылыққа тоқталатын болсақ метонимияда сипаттаушы ұғым теңелген элементімен жақын байланысы бар мүше бола тұра «өлі метафора» ретінде сипатталады. Түрік әдебиетшісі Үзінлінің еңбегіндегі метонимия туралы Якобстың көзқарасын негізге алған. Бұл кестеде метонимия да таза теңеу емес; оқырман тарапынан жорамалда ұқсастық пікірі бар. Үзінлі де бұл түйін үшін мына атақты түрік ақын жазушысы Орхан Вели Каныктың мына шығармасын мысалға келтіреді. [2.98]

*Neler yapmadık bu vatan için*
*Kimimiz öldük*
*Kimimiz nutuk söyledik.*

Жоғарыдағы өлеңде отан және отандас қатынасы негізге алына отырып, жорамалда метонимияға барылғаны көрінеді. Алайда бұл өлеңде отан отандас қатынасы ұқсастығынан басқа; «отаны үшін өлу» және «отан үшін сөз сөйлеу» сөйлемшелерінің әрекетімен отандас сөзі ассоциация жолымен түсіндірілген.Бұл мысалға метонимимя деп айту едәуір қиындыққа түседі. Өйткені «өлу» және «сөз сөйлеу» сөздерін тура мағынада қолдана алу мүмкіндігі бар. Негізінде бұл отан үшін бәріміздің де кішкене болса да бір нәрселер жасағандығымызды айтқан ақын; «*kimimiz öldü, kimimiz nutuk söyledik*» (кейбіріміз отан үшін өлдік, кейбіріміз сөз сөйледік) дей тұра бұдан бір ирония жасап тұр [5.9]. Метонимиямен теңеудің байланысын анықтау үшін Мехмет Акифтің мына өлеңі де мысал бола алады:

*Korkma sönmez bu şafaklarda yüzen al sancak*

Жолдарында *al sancak* (ал байрақты) сөзімен түрік туы бейнеленіп тұр.

*Çatma kurban olayım çehreni ey nazlı hilâl*

Жолында *hilâl* сөзі мен тағыда түрік туының баяу ауыспалы мағына яғни метонимия ретінде көрсетіледі. Өйткені бұл жолдарда бір бүтін, оның бөлшегімен түсіндірілген.

Тағы бір мысал ретінде Нэфидің мына өлеңін ала аламыз:

*Bir nice dayalım cam- ı murada*
*Bir lahza kormaz sâki-i devrân elimizde.*

Бұл жолдардағы *cam-ı murad* (мұрат рөмкесі) ішімдік шөлмегі ұғымында емес, рөменің ішіндегі ішімдік болып, ішімдік – шөлмек қатынасы ұқсастық қатынасына жатпаған болмыстар арасында, бөлшек - бүтін қатынасы яғни синекдохаға сүйенілген. Өйткені ішімдік шөлмекке, шөлмек болса ішімдікке еш теңелмейді. Үзінліге көре бөлшек бүтінге, бүтін бөлшекке теңеледі. Олай болса алынған элементтердің бәрінде дерлік бөлшегінің бүтініне теңелмегендігі көрінеді.

Классикалық шешендік түрік әдебиеттерінде mecaz-ı mürsel (метонимия) үш шарт арқылы жүзеге асырылады:

1. Сөздің тура мағынасынан басқа, ауыспала мағынаның да қолданылуы;
2. Тура мағынамен ауыспалы мағына арасындағы ұқсастықтан басқа да ұқсастықтың болуы;
3. Тура мағынаның ұғынылуы үшін бір кедергінің болуы.

Жоғарыда талдаған мысалдарда *«cam – kadeh»* (шиша-рөмке) *«hilal – bayrak»* (ту-байрақ) арасында ұқсастық байланысы бар саналады. Бірақ метонимимяның көмегімен бөлшек – бүтін байланысынан басқа да ұсастық байланыстары бар. Бұлар: sebep- sonuç «себеп – нәтиже» [мысалы: *bereket yağıyor* (береке жауып тұр) сөйлемінде берекетке себеп болған жаңбырдың жаумасы; genel-özel «жалпы – жалқы» мысалы: *bu akşam çorbayı bizde içelim* (бүгін кешке біздің үйден сорпа ішелік) бұл сөйлемде сорпа сөзімен үйде ішетін тамақтың барлығы айтылып тұр, âlet olma «пайда үшін» *o kalemiyle geçiniyor* (ол қаламы арқылы өмір сүріп жатыр) сөйлемінде қалам сөзімен жазушылық немесе ақындық жайында айтылып тұр, mazhariyet *kardeşleri onun line bakıyor* (бауырлары тек соның қолына қарап отыр) сөйлемінде оның тура қолына емес оның қолымен табылған ақшаның және көмектің түсіндірілуі, öncelik – sonralık «алғаш-соңғы» *Ateşi yaktım* (отты жағып қойдым) бұл сөйлемде де оттың бірінші жандырылып содан кейін оның лаулайтыны туралы айтылған.

Сөз өнерінің көбісі тілдегі ауысулардан құралады. Үзінлінің айтуы бойынша сөз өнерінің теория жүзіндегі бастапқы нүктесі теңеу болса, бұл жағдайда синекдоханың жасамы ішінде теңеу қызметін табуды назардан тыс қалдырмау қажеттілігін талап етеді. Бұл ұсыныс метонимияның синекдоха жасамымен емес метафорамен қатынасымен байланысты. Өйткені метонимияның негізгі шарттарының екіншісі теңеуден басқа да байланыстың болуы. Бұл жағдайда Үзінлінің мақаласында берілген «бөлшектің бүтінге ұқсамағандығы» тұжырымынан қайшылық көрінеді. Қысқаша айтқанда ауыспалы мағыналар өнерлі түрде қолданылса олар метонимия деп аталады.

Білетініміздей, *Kinaye* символ тура мағынасын түсінуге кедергі болатын шартпен, бірақ тура мағынада да ауыспалы мағынада да қолдана білу өнері. Басқаша айтқанда символ бір ұғымды шындыққа сәйкес болатындай етіп жасалған бейнелеулермен жанамалы түрде түсіндіру өнері. Бұл жағдайда символ жанамалаумен бірге жартылай ғана қамтылады. Бірақ жанамалау ауқымды беделімен символдан ерекше бола тұра, кейіптеу және метафорадан пайдаланылады. Бұл жағдайда жанамалау үшін символды да қамтыған одан да ауқымды бір өнер деп айта аламыз [3.67]. Оған мысал ретінде Суммани шығармасының мына жолдарын ала аламыз:

*Bulamadım dünyada gönüle mekan*
*Nerde bir gül bitse etrfi diken*

Бұл жолдарда *gül ve diken* (гүл мен тікен) әрі тура әрі ауыспала мағынада қолданылып тұр. Бірақ негізгі мақсаты ауыспалы мағынасын жеткізу.

Ал *tariz* сықақ болса сөздің немесе ұғымның тура немесе ауыспалы мағынасынан басқа түгелімен терісін қолдану. Басқаша айтқанда сын, келеке, мазақ сияқтылармен шындықты көрсету мақсатымен отаға қойылған сөз. Алайда бұның көркемдікпен және ұсталықпен қолданылуы жарамды болып есептеледі. Бұған Фузули шығармасының [4.11];

*Senin mihr ü vefa gösterdiğin ağyâra çok gördüm*
*Galattır kim seni bî-mîhr okurlar bî- vefa derler*

жолдарында ақын, «мен сенің басқаларға махаббат және қаза көрсеткеніңді көп көрдім, сенің өлімсіз және сезімсіз деп сөйлегендері қателіктері» сөздерімен сүйгеніне арызданып отыр. Оған көркем бір пішінде арызданушы екендігін білдіріп, сықақ жасап отыр [5.45]. Нефидің Тахир Эфенди үшін – *tahir* сөзінің мұнтаздай ұғымын көздей отырып, шығарған мына шумақ түрік әдебиетінің ұмытылмас кейіптелген сықағы болып табылады:

*Bana Tahir Efendi kelp demiş*
*İltifâtı bu sözede zahrdir*
*Mâliki mezhebim benim zirâ*
*İtikâdımca kelp Tâhirdir*

Жоғарыдағы мысалдан көрінетін сықақ символдан да жасырын жасалған. Жоғарыда сықаққа мысал ретінде берілген Нэфиден алынған екі төрттік шумақтардың біріншісі кейбір кітаптарда *anıştırma* ым- ишара ретінде сипатталуға сәйкес келе тұра, екінші мысал келекеге сәйкес келіп тұр. Түйіндей келе теңеулерден күнделікті тілдігі, әрі өлең тіліндегі мағынасы және ұғымы күшейту мақсатымен кеңінен қолданылады. Бұл теңеулермен оқырмандарда жаңадан қиялдарының және сезімдерінің туындауын мақұлдайды. Аристотель сонау IV ғасырда теңеу маңыздылығына көңіл бөле отырып, былай дейді: «Ауыспалы мағынаны қолдану кезінде ұста болу өте маңызды. Өйткені басқасынан үйренбей, табиғи жарату кемеңгерліктің белгісі». Жақсы ауыспалы мағыналар табу дегеніміз ұқсастықтар үшін кескін көзқарасқа ие болу дегенді білдіреді. Түрік әдебиетінің шешендік кітаптарында әдеби көркем шығармалар тілінің танымдары бір-бірлерімен ұқсастықтарымен айырмашылықтары нақты білдірілген. Алайда оқырман тарапынан өлең тілінде қолданылған түрлі бейнелерді жору, мағына және болмыстың байланысы тарапынан түрлі бағалаулар беріледі.

Сонымен, теңеуге образ болып қызмет атқаратын заттар мен құбылыстар өте көп. Олардың кейбіреулері теңеулер құрамында мейлінше жиі кездессе, екінше біреулері сиректеу ұшырасады да, ал үшіншілері бірлі – жарым рет қана бой көрсетеді. Бұл – заттар мен құбылыстардың белгілі бір халықтың материалдық және рухани өмірінде алатын орнына, атқаратын қызметіне тікелей байланысты нәрсе.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қоңыров Т. Теңеулер табиғаты. – Алматы: Алаш баспасы. – 2005. – С. 48.
2. Bekir Çınar. Teşbih (benzetme) sanatına dilbilimsel bir yaklaşım. Moden Türklük Araştırmalar dergisi, makale, Cilt 5, sayı 1. Ankara üniversitesi. Ankara, mart 2008.
3. Қабдолов. З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп. – 1976. – С. 54.
4. Doğan Aksan. Her Yönüile Dil.
5. Ahmet Voyvoda. Türkçe ders notları. Özgün matbağa Yayınevi, İzmir 2008.

**Резюме**

**Связь между метонимией и сатирой в турецком языке**

**П.К.Ертаева,** *магистр, учитель*
*(г. Алматы, КазГосЖенПУ)*

В статье рассматривается роль и образование сравнительных оборотов, связь между метонимией и сатирой в турецком языке. Также сопоставляется функция сравнительных оборотов турецкого языка с оборотами на казахском языке. Следовательно, выравнивание многоуровневый живые отношения со всеми уровнями языка является языковое явление. В то же время, метонимией различия между сатирой и символом турецкого четко объяснены на основе примеров из произведений писателей и поэтов.

**Ключевые слова:**метанимия, фольклор, символы, иллюстрации, ассоциации, метафоры.

**Summary**

**Metonïmïya parallels in the Turkish language, symbols, and siqaqpen communication**

**P.Q. Yertayeva,** *master, teacher*
*(Almaty, Kazakh State*
*Women's Pedagogical University)*

The article deals with the role and establishment of similarity in Turkish language. Also the function of similarity of Turkish and Kazakh languages is compared. The article examines the role of education and comparative speed link between metonymy and satire in Turkish. Also compared the function of comparative speed of the Turkish language with turns in the Kazakh language. Consequently, the alignment of multi-level living relationship with all levels of the

language is a linguistic phenomenon. At the same time, the differences between metonymy satire and symbol Turkish clearly explained on the basis of examples from the works of writers and poets.

**Keywords:** metanimiya, folklore, symbols, illustrations, associations, metaphors.

**ӘОЖ 8(574) – 92**

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

***Э.Ш.Қоңқабаева,*** *бастауыш сынып мұғалімі*
*(Шығыс Қазақстан облысы,*
*Көкпекті ауданы, Көкжота орта мектебі)*

***Аңдатпа:*** Бұл мақалада автор Абай шығармаларындағы «толық адам» бейнесін ашуға жан-жақты талдау жасайды. Мәселен, ақынның «Адасқанның алды-жөн, арты-соқпақ», «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық», «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Ғылым таппай мақтанба», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» т.б. сияқты өлеңдерінде адам бойындағы қасиеттерді әр қырынан қарастырады. Абай өлеңдеріндегі «нағыз адамға» тән қасиеттерді насихаттау арқылы жас ұрпақтың бойына рухани адамгершілік құндылықтарды сіңіре аламыз.

***Түйін сөздер:*** Толық адам, жетілген адам, нағыз адам, бес асыл іс, бес дұшпан, үш сүю, жылы жүрек, көкірек көзі ашылмай, жүрегі қырық жамау.

Адамгершілік – барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де барлық қаламгерлердің бәрі бірдей бұрыннан айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып – адамгершіліктің өзіндік жүйесін, қалыбын, танымын жасай бермеген. Абайдың өзге ақын-жазушыдан бөлек болатын жағдайы да осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын, тіпті соңғы кездерде айтылып жүргендей ілімін жасай білуімен байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыда суреттеумен шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдық деңгейге көтере жырлады.

Адам мұраты мен халық мүддесін ұштастырудың негізгі бағыты ретінде ақын «толық адам» ілімін ұсынады. Абай мұраларындағы «толық адам», «жетілген адам» жайлы ой-пікірлер терең философияға, педагогикалық тағылымға құрылған. Ең алдымен осы «толық адам» дегеніміз қандай адам? Бұл сұраққа ұлт ұстазының мына бір өлең жолдарынан-ақ жауап таба аламыз:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты шыдамдылық –
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек [1,76].

Абай айтып отырған «толық адам» тәрбиелі, адамгершілігі мол, имандылық қасиеттерді бойына жиған, «бес асыл істі» жолдас қылып, «бес дұшпаннан» безген жан. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстайтын» жаны сұлу адам.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек.
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [1,148]

деген адамгершіліктің биік өлшемі туралы тәлімгерлік ойын ақын он сегізінші қара сөзінде «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен

озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылдық» деп толықтырып, тереңдете түседі [2].

Ал, он жетінші қара сөзінде таласқан қайрат, ақыл, жүректі ғылымға әкеліп жүгіндірген ұлы ойшыл ғылымға «...үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет», – деген шешім айтқызып, «Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол» [2] деген ой түйеді. Жан-жақты жетілген адам туралы жоғарыда айтылған Абай ойларының түйіні осы сөзде жатқан сияқты.

Абай мұрасындағы «толық адам» жайлы ақындық пікірді жетілдіре, дамыта түсетін «үш сүю» ұғымы жайында «Ұлы ақын нағыз адам, толық адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап та береді. Абай поэзиясын тақырып-тақырыпқа бөлшектемей, тұтастай қарастырсақ үш баға жетпес асыл қазыналарды бөліп алуға болар еді» – дейді белгілі әдіскер, әдебиет пәнінің мұғалімі Қ.Бітібаева [3, 37].

Ақын ұғымындағы «үш сүю» мына өлең жолдарынан байқалады:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және сүй хақ жолы деп әділетті [1, 178].

Адамға деген, адамзатты жаратушы Аллаға деген және иманы бар, жүрегі таза жанның жолы - әділетке деген сүйіспеншілікті кемелділіктің басты шарты деп танып:

Адамды сүй, Алланың хикметін сүй,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!, -

деген Абай тәрбие берудің тиімді тәсілінің бірі адам бойына имандылықты, қайырымдылық пен адалдықты сіңіру екендігін айтып отыр.

Өз топырағымызда дүниеге келген ғұлама ғалым әл-Фарабидің трактаттарында молынан сөз болатын болмыс пен адамның кемеліне келіп, жетілуі де Абайдағы толық адамның дәстүрлі таным екендігін бекіте түседі. Әл-Фарабиге ортақ кемелділік пен өз паркынан ләззат алу танымы Абайда да бар. Тек Абай Әл-Фарабидегі кемелділікті толық адам, жүректі мекендейтін үстем күш пен талпынғыш күшті сүю ретінде танытады.

Толық адам жөніндегі ақын пікірлерінің кейбір жақтары шығу төркіні жағынан шығыс ойшылдарымен іліктес жатса да, Абай оны өз заманы талабына қарай сыншыл ақыл тұрғысынан екшеп, өзінше қорытып, өзіндік ой-пікірге айналдырып жіберген. Ақынның осы бір даналығы мен шеберлігін М.Әуезов «...өзінің ой-сезім дүниесіне әсер еткен ағымдардың бәрін өзінің өздік ерекше елегінен өткізіп, қорыта өзгертіп, өзіндік етіп алады» [4], – деп әділ бағалаған.

Әл-Фараби де жеке адамның, бас әкімнің тұлғасына назарын көбірек аударып, олардың адамгершілігімен білімділігі қоғамда қайырылымдылықты жүзеге асырудың негізгі шарты деп білген. Абай – осы таныммен жете таныс ақын. Оның ойынша, әрбір адам өзін тану арқылы үнемі адамдығын жетілдіру жолында жүрмек. Ал, «Бар ақылы көзінде тұратын» ақымақтың тірлігі – өмір арнасында ақылсыз, ойсыз аға беру, өлгенше «Көкірек көзі ашылмай» қалғып өту. Ақын өлеңдері мен қара сөздерінде таным жайын көп айтады. «Шыға ойламай шығандап қылық қылмай» жүрген надандардан кісінің мәртебесін артық ететін де – осы таным мәселесі.

Абай үнемі ебін тауып кісінің адамгершілігін ұштай түсумен болады.

Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.

Ақынның өзі айтқандай, адамда екі түрлі қуат бар: жан қуатымен ақыл таппақ та, тән қуатымен мал таппақ, еңбек етпек. Ақын екеуінің де адалдықпен болғанын қалайды. Және осы ойының жүйелі түрде қалыптасқан таным екенін кейінгі өлеңдерінде сапалы өсудегі қайталауымен дәлелдеп отырады. Мысалы, «Адасқанның алды-жөн, арты-соқпақ» өлеңінде:

Олардың жоқ ойында малын бақпақ,

Адал еңбек, мал таппақ жұртқа жақпақ,-

десе, «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық» өлеңінде осы ойын тағыда бекіте түседі:

Demeңдер өнбес іске жұбаналық,
Ақыл тапсақ, мал тапсақ қуаналық.
Әуелі өнер іздelік, қолдан келсе,
Ең болмаса еңбекпен мал табалық [1, 29].

Ақын бұл өмірдің өткінші баянсызын айта отырып, тіпті өлімді де еске салып, адам болудың жауапкершілігі мен қасиеттілігін аша түседі.

«Ehe-ehe»-ге елірме, бозбалалар,
Бұл – бес күндік бір майдан ер сынарлық.
Салынба, қылсаң дағы сан құмарлық,
Алдыңда уайым көп шошынарлық [1, 29].

Ақын осы ойының тиянақталған тамаша түйінін «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінде тереңдеп танытады.

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,
Иілтіп екі басын ұстаған хақ.
Имек жолда тиянақ жоқ, тегістік жоқ.
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ [1, 35].

Ақын бұл сөзі арқылы «адам бол, адам атын ақта» деген тағылымды ойын білдіріп отыр.

Ақын өзінің арманды ойларын көбіне жастарға арнап айтады. Сол жастарды өзі армандаған адамгершілік қалыпта көргісі келеді. Қиялында, санасында қалыптастырған адамгершілік сипатын сәндей түседі, ұштай береді.

Керек іс бозбалаға – талаптылық,
Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
...Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе біріңдікін бірің жеткіз.
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз [1, 30].

Ақын адамдағы қиянатшыл қаупін көп айтады. Оның ойынша, барлық кеселді қасиеттердің шығар көзі де, өсіп, өрбіп, ұлғая жетер жері де – осы қиянатшылдық. Ақын *«әуелі көкіректі тазалау керек»* дегенде, адам ең алдымен осы қиянатшылдықтан аман болса екен дейді.

Көкіректе қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас, қайран тату.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақынның бұған дейін айтылып келген адам болу жайындағы ойлары әжептәуір жүйеленіп, тиянақтала түседі.

Абайға дейін поэзияда адам мәселесі жырланбады емес, жырланды. Адамның әр жасы, әр жастағы оның жағдайы, жақсы-жаман қасиеттері – бәрі де сөз болды. Алайда ол поэзияда сырттай сипаттау басым түсіп жатты. Ал, Абай ең басты мәселе етіп Адамды, оның жеке ісін, сезімін, тұрмысын, адами қасиеттерін алды. Оның поэзиясында Адам – Алланың махаббатпен жаратқан ең ұлы, ең сүйікті туындысы. Сол себепті бүкіл әлемнің, қауымның, болмыстың темірқазығы – Адам. Оның мүмкіндігі мен құдіреті – орасан. Адам – өмірдің қозғаушы күші, тірлікті дамытушы, қоғамды түзеуші. Міне, Абай осы адамды түсіну мен  адамды тану міндетін ерекше саралайды.

Абай Адамның – танылуы қиын жұмбақ деп біледі. Абай түсінігінде, адамның құдіреті – оның рухани азаттығында, ар тазалығы мен сезім еркіндігінде, ойдың тәуелсіздігінде, сөз бостандығы мен мінездің тәуекелділігінде [5].

Абай поэзиясынан Адамның өзі – құдірет екенін, құдіреті білімінде, ақылында, жүрегі мен жанында екенін көреміз. Адамды бар жағынан тексерген Абай үшін адам – бір жағынан біртұтас әлем, екінші жағынан адам өз ішінде қайшылығы мол, күрделі тұлға. Осы екеуі біріге келіп, тән мен жанның, тән азабы мен жан азабының арақатынасын құрайды.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды, -

деген Абай тән азабы мен жан азабын қатар алып, жан күйзелісінің ауыр екенін жай ғана айтпайды. Тән күйзелісі сыртқы денені ғана ауыртады. Адам үшін одан әлдеқайда қиыны – жан ауруы. Жан «жылы жүректі» адамды қинайды, азапқа салады. Сол себепті де Абайдың «жүрегі қырық жамау», «сол себепті де ақын «жүрегінің түбіне терең бойлауға» шақырады. Ұлы ойшыл адамды өмірге текке келмеген жан, ол өз тағдырына өзі қожа бола алатын, қоғамға керек тұлға деп таниды. Өмірде өз орнын тауып, пайда келтіретін – саналы адам, толымды адам.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін [1, 75]-

деп толғанған ақынның өмірлік мұраты жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру болды.

Жаһандану үрдісінің  ықпалы күшейіп, ұлт болашағы маңызды мәселеге айналып, барлық ұлттық құндылықтарымызға қамқорлық керек  болып отырған қазіргі уақытта «адамның баласы» болып, елдің ертеңі үшін өмір сүруді  өсиет етіп кеткен Абайдың асыл сөздерін жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты құрал ретінде қолдану  кезек күттірмейтін мәселе екендігін уақыт өзі дәлелдеп отыр [6].

Бұл Абайдың толық адам туралы ілімінің ұлттық сипатымызды,  халқымызға тән ерекше қасиеттерімізді сақтап, қазақты қазақ етіп танытатын, ел ертеңі болар ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі мен маңызын анық көрсетіп, айқындап тұрған пікір.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі жастарды діни тәрбие, имандылық арқылы адамгершілікке, адами ізгілікке жетелеу болатын болса, ұлт ұстазы Абай мұрасының осы тұрғыдағы маңызы ерекше. Ақын түсінігіндегі  «жетілген адам» - ең  алдымен  иманды адам. Имандылық бар жерде жамандыққа, жат қылықтарға орын жоқ екені мәлім. *«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»* деген ақын өсиетінің бүгінгі күні имандылықтан ада болып, өз дінінен адасып, адамдық қасиеттерді аяққа таптап, түзу жол таппай жүрген замандастарымыз үшін өте қажет екені анық. Адамгершілікке тәрбиелеудің бастау бұлағындай болып көрінетін діни тәрбиенің маңызын ашып көрсете білген Абай мұрасы адам тәрбиесіндегі негізгі бағытты да анық сілтеп тұрғандай.

Ізгілікті уағыздап, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі адам тәрбиесі жайында өлмес сөз қалдырған ұлы Абайдың  өзін нағыз «толық адам» – десек болғандай.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!, –

деп заманынан озық туған, қараңғылыққа қарсы тұрып, халық өміріне даналық сәулесін шашқан ойшыл Абай – өзі сипаттаған «нағыз адамға» тән қасиеттердің бәріне ие,  ұрпаққа үлгі етерлік  тұлға.

Ұлт болашағы, бүтін бір халықтың келешегі жекелеген адамдардың тұлғалық қасиеттеріне байланысты деп танитын болсақ, Абай мұрасындағы толық адам ілімі тек ұрпақ тәрбиесі ғана емес, ұлттың сақталуы, жаһандануға жұтылып кетпеуі сияқты бүгінгі күннің маңызды мәселесін шешуде де көмекке келері даусыз. Сондықтан да оны тек танып, талдап қою жеткіліксіз. Абай ілімін ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданып, жүзеге асыру баршамыздың міндетіміз деп білемін.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Абай Құнанбаев. Қалың елім, қазағым. – Алматы: Жалын. – 1995.
2. Абай қара сөздері. Поэмалар. – А. – 1993. – Б. 48.
3. Абайдың тәлімгерлік тағылымы («Абай тағылымы» атты конференция материалдары). – А. – 1996. – Б. 65.
4. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – А. – 1997.
5. Абайды оқы, таңырқа... – А., 1993.
6. Абай тағылымы / Құраст. Н. Ғабдулин / – А.: Жазушы. – 1986.

**Резюме**

**Духовные гуманистические ценности в произведениях Абая**

**Э.Ш. Конкабаева,** *учитель начальной школы*
*(Восточный Казахстанская область, Кокпектинский район, СШ Кокжота)*

В этой статье автор произведений Абая «человеческого», чтобы открыть всесторонний анализ изображения. Например, поэт «должен быть получен ошибки-обратно-трек», «Один день меньше бодрости подросток», «Лай вода масло бесконечны овцы», «Наука не может найти гордость», «это также верно слово Божие истинно» и т.д. , а также стихи никогда не будут одинаковыми для каждого человека качеств. Öleñderindegi тщательные «реальные люди» путем поощрения качества молодого поколения смогут поглощать духовные и нравственные ценности.

**Ключевые слова:** больше людей, пожилые люди, реальные люди, пять из драгоценных пяти противника, три-любовь в сердце, сердце открытым исходным кодом груди сорок патч.

**Summary**

**Spiritual humanistic values in the works of Abai**

**E.SH. Konkabaeva,** *elementary school teacher*
*(East Kazakhstan region, Kokpekty district school Kokzhota)*

Article maps the spiritual humanist values in the works of Abay.

In this article, the author of the works of Abai «human» to open a comprehensive analysis of the image. For example, the poet «should be received error-back-track», «One day less vigor teenager», «Lai water oil endless sheep», «Science can not find pride», «it is also true word of God is true», etc. as well as poems will never be the same for every human qualities. Öleñderindegi careful «real people» by promoting the qualities of the younger generation will be able to absorb the spiritual and moral values.

**Keywords:** more people, mature people, real people, five of the precious five enemy, the three-love in the heart, the heart of the open source chest forty patch.

## ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW

**ӘОЖ 9(С) 55 А 91**

# АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚҰРМЕТІ ЖАЙЫНДА

***Л.Ж. Ауесова,*** *оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Бұл тақырыпта Алаш қайраткерлерінің қазақ қыздарына сонымен қатар әйел затына шынайы өмірде баға бергендігі жайлы баяндалған, жалпы әйел заты өте қатты бөлініп, оларды үйдің иесі, отбасының берекесі, болашақ ана қадірінде бағалаған. Жалпы бүгінге дейін пір болған аналарымыз қоғамдағы орнын және олардың отбасы жағдайына қатты көңіл бөлгендігі жайында сонымен бірге бала тәрбиесіндегі рөлі жайлы айқындалған. Осы аналарымыздың берген тәрбиесінің арқасында қоғамда ізін қалдырған ағаларымыз жетерліктей (мысалы Алып Алашын Алып қайраткерлерін сөз етсек сөзге жарарды.) Алып Алаш қайраткерлерінің қоғамдағы рөлі мен тарихта қалдырған ізі кейінгі болашақ ұрпағымызға өнеге. Алып Алаш қайраткерлеріміз болса аналарымыз жайлы өз пікірлерін қағазға түсіріп кеткен.

***Түйін сөздер*****:** әйел, Алаш, Мәшһүр Жүсіп, Алаш қайраткерлері, ана, Жүсіпбек Аймауытұлы.

Әйгілі грек ойшылы Платон: «Әйел – тамұқтың қақпасы», – десе, Рим құқығының даңқты шешені Цицерон: «Әйелдер еркектерге қарсы жаратылған», – деп пайымдады. Ал Батыстың озық ойлы зиялысы Фома Аквинский: «Әйел қаулап өсетін арамшөп тәрізді. Ол жарымжан адам.» – деп, нәзік жандыларды толыққанды адам қатарына жатқызбауға шақырды. Әйел хақындағы осындай тұрлаусыз түсініктің нәтижесінде Орта ғасырларда Еуропада мыңдаған әйелдер шіркеу сотына тартылып, аяусыз жазаланды. Ал біздің төл тарихымызда әйелдің орны қалай бағаланды? Атақты араб саяхатшысы ибн Батута: «Бұл өңірде (Орта Азия) мені таңқалдырған жайт – мұндағы халық әйелдерді ерекше құрметтейді екен» (Прошлое Казахстане в источниках и материалах. Москва. Казак. Краев. изд. Москва. 1935. 297 бет) деп жазды. Иә, Аллаға шүкір, марқұм ұстазым Сәкен Өзбекұлы айтпақшы, «Қазақ тарихында бетті басып, қатты сасып, тұра қашып, ұялатындай дәнеңе жоқ». Расында да, Алаш баласы әйел затына ерекше құрметпен қараған. Нәзік жандыларға арнап қаншама қимас сөз, жыр-дастандар шығарған. Қаншама тарихи жер-су атауларды әйел затының атымен атаған. Тіпті, көкке көтеріліп, әйел жаратылысын космогониямен де байланыстыра білген. Яғни, әйел жайлы пайымдаулар қазақ дүниетанымының ажырамас бөлігіне айналған десек, асыра айтқандық емес (Қараңыз: Мұхан Исахан. Қазақтың әлімсақтан бергі әйел жайлы түсінігі. Қазақстан-ZAMAN. 2011. № 9). Әйел теңсіздігі бізде де болған десе де, ХХ ғасырдың басында өмір сүрген Алаш зиялыларының әйел турасындағы көзқарастары өзгеше пайымдауды қажет етеді. Өйткені, олар өмір сүрген тарихи кезеңде адам бостандығы, құқықтық теңдік мәселелері ғаламдық деңгейде қоғам талқысына түсіп жатты. ХІХ ғасырда Қазақ жеріне ғылыми экспедиция жасаған орыс зерттеушілерінің көбісі қазақ әйелдерін қалың малға сатылатын, әйелдің үстіне әйел болып баратын, тұрмыс тауқыметін тартқан салпы етек сорлы сипатта бейнеледі. А.Левшин, Н.Гродеков, Н.Израцов, И.Андреев, И.Ибрагимов, Ф. Лазаревский, Л.Баллюзек, А.Диваев т.б. зерттеушілердің жазбаларында осы тақылеттес пікірлерді кездестіре аламыз. Тіпті, халқымыздың алғашқы ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар да қазақ даласында әйел құқығы аяққа тапталатынын ашынып тұрып жазды. Айталық, Ш.Уәлиханов атастыру салтына қарсы: «…Қазақтардың

тұрпайы әдет-ғұрпы, өздерінің қыздарын күйеуге тым жас кезінде, көбінесе олардың келісімінсіз беретіндігінен болса керек. Қазақтар кейде өздерінің балаларын бесікте жатқан кезінен атастырып қояды... жеке басының ықтиярынсыз некеге түспеуіне... қатаң бақылау қоюын тапсыру қажет» (Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы. 1984. 201 бет) деп жазса, Хакім Абай:

Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махаббат жоқ,
Тұсап қойып қашырар бұқа мекен.
Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр.

(Абай Құнанбаев. Шығармалар. I том, Алматы, Жазушы. 1968. 237-238 бб) деп - XX ғасырдың басында Қазақстанда мәдени - ағартушылық идеялардың өркен жайып, зиялы қауымның қалыптаса бастаған кезі болатын. Осы тұста қазақтың санасын оятатын туындылар да дүниеге келді. Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мәшһүр-Жүсіп, Әлихан Бөкейхановтың қыл қаламынан шыққан мұралар халық мүддесімен үндесіп жатты. Алдыңғы буын ағаларға ілесе шығып, құлагердей алға ұмтылған зиялы қауым өкілдерінің бірі Мұхаммед Әмен болатын. Ол жаңа замандағы жаңғырған қазақ мәдениетінің тарихында асқар шыңға айналды. Оның шығармалары жас толқынға ұран болды. Мұхаммед Әменнің тез өсіп жетілуіне қоршаған орта мен Мәшһүр-Жүсіптің арнасы себепкер болды. Әменнің қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби тақырыптағы шығармалары өз алдына бір төбе, ал оның ғұмырнамасы жеке зерттеу арнасы болмақ. Оның қай өлеңін алмасаңыз да гуманистік, адамгершілік, демократтық, педагогикалық идеялары баршылық. Ұлт болашағы мен дәуір бейнесі жөнінде Ахмет Байтұрсынұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Абай Құнанбайұлының мұраларының шоқтығы биік. Дегенмен де бұл салада қалам тартқан әрбір жан Мәшһүр Жүсіп, Жүсіпбек Аймауытов және Мұхаммед Әмен тағылымдарына соқпай кете алмайтыны шындық. Себебі, олар тек қана өз дәуірінің дара тұлғалары ғана емес, сонымен бірге қоғам қайраткерлері. Большевиктік идеология тұсында толқынға қарсы тұрып, тарихи оқиғалардың куәгері болып қана қоймай үн қоса білді. Аласапыран дүниеде көптің бірі болмай, көштің алдында жүрді. Мәшһүр Жүсіп, Жүсіпбек Аймауытов және Мұхаммед Әмен шығармашылықтарының тоғысқан жері әйел теңдігі мен қыз бала тәрбиесі. Әсіресе қызды қалың малға жас кезінен айттыру әдетінің зияны төңірегіндегі ойлары бірін-бірі құптағандай. Әр бір ұлттың өсіп-өнуі ұлттық сана мен тектілікке байланысты. Ол үшін әр қайсымыз ұл-қыздарымызды аялай білген абзал. Қазақ қызының тәрбиесі мен әйел теңдігі Алаш зиялыларының еңбектерінен орын тапқаны ақиқат. Алаш зиялыларының әйел мәселесіне мезгіл-мезгіл оралып, басылым беттерінде өзекті мақалалары мен өлеңдері шыққан соң, Совет өкіметі тарапынан қолдау тауып, әйел теңдігі беріліп, олардың құқықтары қорғалған болатын. Әйел бостандығына қарсы болған, ескілікті аңсаушыларды Мұхаммед Әмен сынай отыра:

Жастықтың, уыз іште, оты-жалын,
Ұшқын бар лапылдаған тіпті қалың.
Болмаса Хақтан жәрдем таупық суы,
Қандай жан сөндіргендей оның бәрін?!
Сонда да жаза кесіп, ықтияр қыл,
Әр істе түзулікті ал-аққа дәлел (дабыл).
«Бұл дәурен кетпес менен!»-деп тұрмысың,

Билігі сенде ме еді ай мен жыл?! [1] -деп, ерте ме кеш пе сәулелі күннің боларына сенетінін жеткізуге тырысқан. Әйел теңдігі туралы қазақ зиялылары қоғамда пікірталас

тудырып, қазақ халқының намысын оятуға тырысты. Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романына баға бере отырып Әлихан Бөкейханов: «Мұнда қазақтың қай жерінде болса да, малға қызығып я партияға қызығып, қыздарын жастай күйеуге беру жайы бар, ысырапқа ақша шашып, жақынымен араздасу, қызын сүймегеніне жылатып ұстап беру, ....» [2] деп, қоғамға және адамзатқа жат қылықтарды сынға алады. Әрине бұл «Алашым-данам, үш-жүзім - панам» деп жүрегі соққан жандардың ортақ пікірі болса керек. «Айтылмаса-сөз жетім» демекші Мұхаммед Әмен де:

Қалды бидай сабаны,
Жақсысы кетіп, жаманы.
Шоң мен Шорман заманы
Не нәрседен кем еді?!
Бармай-ақ қой әріге,
Қарашы бергі кәріге!
Пейілге бай бәрі де
Дастарханға кең еді.
Партия қуған заманның
Қу, сұм болған наданның
Бұл сөзім қай адамның
Көкірегіне енеді?! [3], - деп, қараңғылық пен надандықтың торынан шыға алмай жүрген жандарды сынай отыра, сақтануға шақырады. Мәшһүр Жүсіп халықтың қараңғылықтан шыға алмай жүргенін, шала сауатты молдалардың мал таппақ әрекетінен және ескілікті аңсаған байлардың сараңдығынан екенін түсінгендіктен, «Жаман әйел туралы» [4], «Жақсы әйел» [4, 188 б.], «Әйелдер туралы» [4, 191 б.], «Ұқыпты әйел» [5], «Момынның әйеліне шығарғаны» [5, 230-238 беттер], деген сын үлгісінде жазылған өлеңдерін қыз мәселесіне арнаған. Ал, Мұхаммед Әменнің «Қыз тағдыры» [6] деп аталатын өлеңінде, қазақ қызының жүрегімен қаламаған жанға тұрмысқа шыққанын және аянышты халі мен оның ішкі күйзелісін, мәнсіз өмірін қынжыла отырып, ашып көрсетуге тырысады. «Теңі емес бір пасыққа берсе егер, Көңілін көтере алмай зар болғандай», деп әйел теңсіздігін жырға қосады. Әлеуметтік теңсіздік пен жастардың бақытқа жетуіне кесе көлденең тұрған ескі әдет-ғұрып екенін ерте түсінген ақын, қыздың болмысы мен еркіндігі туралы, қоғамдағы құбылыстар мен қарапайым қазақ ауылының тыныс тіршілігі жайында жазды. Қыз баланы күшпен тұрмысқа беру салтын құптамаған Мәшһүр Жүсіп «Дала Уалаяты» газетінің
1890 жылғы кезекті санында: «һәм әбден ер жеткен соң, өзінен ризалық сұрап, ықтияр қылған жеріне берсе керек. Ер бала болсын, қыз бала болсын, өзді-өзі ықтиярласып қосылған соң, бұлардан жан-жал, ұрыс, талас анда-санда болмаса шықпайды және бір-біріне махаббатты болып, бұлардан туған бала һәм жақсы туады» [7], деп білімсіздік пен теңсіздіктің ектек алуына жол бермей, күресу керек екенін жазады. Қазақ қыздарының қалың малға сатылуы, күшпен сүймеген адамға ұзатылуы, «әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деп кемітуге жол бермеуді мақсат тұтқан ақын, өлеңдерінде махаббаттың құдіреті мен адалдық пен ғашықтықты жырлап, ескіліктің шырмауын бұзатын жол іздейді. Мұхаммед Әмен «Талапты оқыған жастарға» деген өлеңінде: «Кетті қазақ адасып, Дінге жүрмес жанасып, Қарындасқа қарасып, Қол қайырым ию жоқ» [7, 44-бет.], деп замана бейнесін сомдай отыра:

Ешкімге сеніп тұрма ағайын деп,
Шаянша қылқынып тұр шағайын деп,
Әкеңменен туысқан алаштан жат
Нағашың тұр қазықтай қағайын деп [8],-адамдардың жауыздығын, қатыгездігін, әділдіктен безінгендігін анық та ашық суреттеп, қазақ қыздарына тек білімнен ғана пана іздеуін ескертеді. Әйел мәселесі төңірегінде Әлихан Бөкейханның да қалам тартқаны мәлім. Оның 1899 жылы «Туркестанские Ведомости» газетінде «Женщина

по киргизской былине «Қобыланды» атты ғылыми еңбегі, 1902 жылы «Бесправность киргизких молодух» мақаласы және 1925 жылы «Қызды малға сату», 1923 жылы «Батыр Бекет» атты шығармалары жарыққа шықты [9].

Спандияр Көбеев «Қалың мал», Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлу», Міржақып Дулатов «Бақытсыз Жамал» романдарында ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры баяндалып, әйелдің теңдігі мен адамшылығын қорлайтын ескі әдет-ғұрыпқа қарсы батыл күрес жүргізген жастардың ерлігі мен қайсарлығы және сүйгені үшін күрескен екі жастың қайғылы тағдырлары баяндалған. Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек» романдары мен «Күнікейдің жазығы» повесінде қазақ әйелінің теңдік жолындағы күресі, халықтың азаттығы мен әлеуметтік жағдайларын шынайы бейнелеп, елін білімге шақырады. Бұған оқу-ағарту мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектері куә. Бейімбет Майлин «Қыздың сәлемі», «Қашқын келіншек», «Ақсуаттың жанында» деген өлеңдерінде қазақ ауылындағы ескі салттардың етек алуы мен бойжеткеннің аянышты тағдыр суреттеледі. Мұхаммед Әменнің де: «Мен арсыз: жүрек сезбей, жұрт та сенбей, Алдым-жар, артым - тұман, қалдым сасып» [10] деген өлең жолдарынан заман кейпі, кескіні есіп тұрған тәрізді. Мәшһүр Жүсіп әйелдің бейнесі төңірегіндегі өнегелі ой-толғамдарын «Ұқыпты әйел» [5, 212-215 беттер] өлеңінде өрнектеп кеткен. «Бидайдың барар жері диірмен» демекші қияға ұшып, жарын тапқан келіннің ұқыптылығын бейнелейді. «Түзеп бақ үй жайыңды күні бұрын», деп үй шаруашылығына үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін ескертеді. «Екінші тәтті (тәтлі) болсын ішер асың, Ұмтылып, шауып тұрсын ықыласың» деп аспаздық өнердің болуын, «Суымен (шуымен) қандыр мейман тойындағы», деп қонақжайлылығын, «Байын сыйлап жетеді ол мұратқа», деп мәдениеттілігін, сүйгеніне деген қошеметін, «Жаяды жайнамазын құбылаға» деп, имандылығы мен әдептілігіне бас иіп, қысқа да нұсқа айшықтап, жеткізуге тырысқан. Отбасының негізгі ұйтқысы болғандықтан бойжеткеннің жан - жақты шеберлігін сипаттай отыра «он саусағы майысқан, бармағынан өнер тамған шебер» болуы шарт екенін ескертеді. Ел арасында сақталған жыр дастандарда, қазақ қызының жан-дүниесі нәзік, инабатты екені жиі баяндалады. Ғасырлар бойы ел аузындағы аңыз әңгімелерге, батырлар жырына, ән-жырға арқау болған қайсарлық пен даналықтың иесі әйел заты екені айдай анық. Мәселен, кешегі өткен Тұран патшасы Томирис, Шыңғыс ханның әйелі Бөрте, Қабанбай батырдың жары Гауһар, Олжабай батырдың анасы Есенбике, Абылай ханның қызы Айтолқын, Кенесарының қарындасы Бопай тарихи тұлғалар емес пе? Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» және «Еңлік-Кебек» дастандарындағы Мамыр мен Еңлік махаббаттың мәңгілік символы ғой. Ал, Домалақ ана (Нұрила), Қалампыр ана, Қарашаш, Қарқабат, Абақ, Шашты, Ұлпан, Айша бибі, Құртқа, Гүлбаршын, Айғаным, Бопай, Ұлпан, Зере сияқты аналарымыздың тағдыры мен өмірі, болмыс бітімі, адамзатқа үлгі болмақ. Бұлардың әрқайсысы көрегенділікті, тапқырлықты, адалдықты, махаббат пен сұлулықты үйлестіре білген ақыл-парасаттың иелері. Осыдан-ақ қазақ қызының инабатты, ізетті, сыпайы, көркем мінезді болғанын көреміз.

Абай Құнанбаев:

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын,
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, - деп қыздың әсемдігін, көріктілігін сымбаттылығын ерекше жырға қосса, Сұлтанмахмұт Торайғыров арудың сұлулығын дене бітімімен байланыстырып:

Жұмар бас, дөңгелек бет, орта бойлы,
Толық шеке сипаттар терең ойды.
Тік иық, шын бұраң бел қардай еті,
Сұлу сымбат көркіне көңілім тойды, - деп сипаттайды. Өз кезегінде Шәкәрім Құдайбердіұлының:

Гауһардай көзі,

Бұлбұлдай сөзі,
Жаннан асқан бір пері.
Жүзі бар айдай,
Мінезі майдай,
Өзгеден артық сол жері, - деп, қызды көркемдіктің, нәзіктіктің бейнесі ретінде қабылдайтынын көреміз. Қазақ қызына байланысты айтылған: бота көзі мөлдіреп, аққудың көгілдіріндей, ақмаралдай керілген, қызыл жүз, иісі - гүл аңқыған, нұры - күн шалқыған, ақша жүз, алқызыл бет сияқты толып жатқан тіркестер де сұлулық ұғымынан туындаса керек. Ел арасында: «Қыз емес, қыздың аты-қызыл алтын, Көрінер туған Айдай-жүзі жарқын», деген де ұлы сөз бар. Қыздың сұлулығы мен сырт пішінін бейнелейтін маржан сөздер әр ақын жазушының шығармаларында, ғашықтық жырларында орын тапқан. Көне көз қариялардың сөзіне құлақ түрер болсақ, қыз сұңғақ бойлы, сыңғырлаған дауысты келеді. Оймақ ауыз, күлім көзді, жайдары мінезді болған. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында «Мінсіз аппақ тістері қолмен қойғандай. Екі бетіндегі нәзік жарастық қызылы, асығып күткен қызыл арай таң сәрідей» десе, Сәбит Мұқанов «Мөлдір махаббат» романында «...шынында да үлде мен бүлдеге оранған, асыл тастармен, алтын бұйымдармен безенген, талдырмаш сұңғақ бойлы, сұлу кескінді қыз!» деп тамсана отырып жазады. Бұдан ақылына көркі сай, көздері нұрлы, денесі сымбатты, жүрісі ұнасымды қыз кімді болса да тамсандыратынына көз жеткіземіз. «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырындағы «Ай мен күндей екеуін толықсытып», «Қыпша бел, алма мойын сұлу Баян» деген тармақтардағы сөз маржаны да соның айғағы болса керек. Қыздың ажарына қарай: әдемі қыз, көрікті қыз, шырайлы қыз, әсем қыз, сұлу қыз, ажарлы қыз, ару қыз деп бөлгені мәлім. Олардың сипаттамалары: ару қыз-бет пішіні, дене мүсіні келіскен, сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы қыз [11]. «Қызды асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді» демекші, жас ұрпақ тәрбиесі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Содан болар қызды қырық үйден тыйған аталарымыз қыз тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Қыз - ата-анасының, отбасының айнасы.

Қыз бала тәрбиесіне тек ана ғана жауапты емес. Бұл баршамыздың ісіміз. Дегенмен де «Қыз ақылы-шешеден» демекші, қыздың анаға бір табан жақын екені ақиқат. Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе?! Ана қыз үшін тұлға, әрі жанашыр адамы. Сонымен бірге мұңдасы. Ол анасына ғана ашылып сырын айта алады. Ол анасынан үлгі алып қана қызға тән қасиеттерді бойына сіңіріп, izеттілік пен ар-ұяттың және адамгершіліктің мағынасын түсінеді. Мәшһүр Жүсіп: «Қазақ айтпай ма «алып (яғни батыр, балуан) анадан» деп. Бұған қарағанда, ана жақсы болса, онан туған бала да жақсы болады. Ана бір жаман, ғылымсыз, меңіреу болған соң онан туған бала не қылып оңсын?!», деп, ана сүтімен бойға сіңген асыл қасиеттер, сәбидің көкірегінде жатталып, ұлттық рух болып сіңетінін ескертсе керек. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» демекші, көргенді отбасылары қыз баланы «қонақ» деп мәпелеп, қадірлеп өсірген. Бой жеткен ару қыздарын сырт көзден сақтап, оларды биязылыққа, ибалылыққа тәрбиелеген. «Қазақ қыздың жолы жіңішке» деп бекер айтпаған. Себебі, отбасы мен босағаның беріктігі қыз абыройына байланысты екені мәлім. «Қыз қылығымен жағады» демекші ақындар қыздың сұлулығына емес ақылдылығы мен даналығын жырға қосқан. Абай Құнанбаев: «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар; Ата-ананың қызынан қапы қалма» деп орынды айтса керек. Қыз абыройы туралы жазу үшін қоршаған ортасына көз жүгірткен абзал. Себебі, оның абыройлы болуы ақыл парасатының және инабаттылығының жоғарылығында. Білімге құштарлығы мен бейімділігінде. Халық өсіп келе жатқан қыздың алдына келешектегі өмірлік міндеттерін қойып, оларды орындап отыруды да қыздың абыройы деп санаған. Бұларға izетті болу, әсем киіну, әкені күту, шешені сыйлау, дөрекі сөйлемеу, қабақ шытпай жүру, ұлт дәстүрлерін құрметтеу, ана тілін ардақтау, орынсыз сөз айтпау, арқан, жіп есе білу, қой, сиыр сауа білу, кілем тоқып, кесте тіге білу т.б секілді мінез-құлықтың қасиеттер мен дағды, икемділіктерді жатқызған. Қыз - нәзік те қайратты,

алғыр, салмақты да ширақ, төзімді жан. Ол бойжетіп келін, дүниеге сәби әкеліп ана кейін салиқалы әже болады. Осы арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Бұл ұлы заңдылық. Сондықтан әйел тіршіліктің мәні, жылулық пен мейірімділіктің, берекенің бастауы болмақ. Әйелдің басты міндеті - отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады. «Қыз-қонақ» және «Қыз-елдің көркі» демекші, келін болып түсу - үлкен қуаныш, зор мәртебе. Қандай ата-ана болса да қызының қадір-қасиетімен құтты орнына қондырып, өрісінің кеңейгенін армандайды. Мұхаммед Әменнің сөзімен айтар болсақ: «Тең болып екі зайып қосылса егер, Арман не сол уақытта, а, дариға-ай!» [6]. Ер жігіт сүйгенінің тектілігіне, сырбаздығына, ішкі мәдениетіне назар аударары мәлім. Мәшһүр-Жүсіп: «Дүниенің: еркек - бір қанаты, ұрғашы - бір қанаты. Екі қанатпен ұшқан құс қандай ұшқыр?! Мұсылман халқы ұрғашыны бүркеп, жасырып, кісіліктен қалдырғандықтан, сыңар қанат құс сықылды, дәнемеге жарамай қалғандығы - сол. Еуропа жұрттары әйел халқын еркекпен тең ұстады. Жынысы әйелге харрит, азаттық, ерік берді. «Ұл, қыз - екеуі бір бас» - деп, ғылым-білімге, өнерге жарыстыра, бәсеке қылып қосып еді. Әр турадан әйел халқы ілкім үздік шығып, байды да жақсы бақты. Солай болғаны үшін, бүкіл періште есепті болды. Ғылым-білімді ұрғашыдан туған бала - туа әр нәрсені біліп, кісі болуға жарайды» - дейді. «Махаббат мәңгілік жырмысың, Өзгеге айтылмас сырмысың» [6, 188 бет], - деп махаббаттың құдіретін жырға қосқан ақын жазушылар табиғи сұлулыққа бас иген. Ғашықтық адалдыққа, мөлдір махаббатты құрметтеуге, үй болудағы үйлесімділікке жол ашары хақ. Мәшһүр-Жүсіп пен Мұхаммед Әмен қызды таңдағанда сұлулығынан гөрі ішкі жан дүниесі мен рухани байлығына назар аудару керек екенін баса айтады. Ал, Абай Құнанбаев та «Жасаулы деп, малды деп байдан алма», деп дәулетімен даңқына қызықпауын ескертеді. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қыз сүю» деген өлеңінде: «Қыз сондай сен іздеген сұлу болса, Көргенде құмарланып кеудең толса, -деп ғашықтықтың құдіретін жырласа, Шал ақын: «Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды, Өз бойынан басқаны ұнатпайды» деп әдептілігі мен кішіпейділігін бейнелеп: «Жауыз қатын қабаған ит сияқты, Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас», деп жаман әйелдің жағымсыз бейнесін сомдайды. Бұл тақырыпта да қалам тартқан Мәшһүр Жүсіп «Жақсы әйел» деген өлеңінде:

Жалғанның жарастығы жақсы ұрғашы,
Қиылып маңдайында көз бен қасы.
Бір талы нама харамға көрінбес пе,
Астында жаулығының тұрса шашы.
Сүмбіл шаш күнде жуып, талдап өрген.
Еріне шын махаббат көңіл берген,
Қолында Құдай берген ырзық мол боп,
Мейманның қошеметін тәуір көрген [6, 188 бет], - деп әйелдің ізеттілігі мен ұқыптылығын, сұлулығын сипаттай келе, «әйелдің бәрі осындай болса» деп армандайды.

Енді бірде Мәшһүр Жүсіп:

Жұмағы бұл дүниенің жақсы қатын,
Шығарса ағайынға жақсы атын.
Гүл жүзді, шырын сөзді, нәзік болса,
Түзетсе үй мүлкінің салтанатын [6, 186 бет], - деп әйелдің босағаның беріктігі мен өмірдің мәні екенін баяндай келе, ерінің адал жары, аяулы ана, отбасы беріктігін сақтаушы, шаруашылықтың барлық жақтарын игере алатын, қонақты лайықты қарсы алып және әр кімді де сыйлай білетінін жеткізеді. Ақын «Жаман әйел туралы» деген өлеңінде: «Дүниенің ол тозағы жаман қатын, Жаман қатын шығармас ердің атын» деп, тәрбие көрмеген қыз баланың әйел болғандағы дөрекілігі мен білімсіздігін сынайды.

Мәшһүр Жүсіп: «Жақсы әйел ерге несіп бола қалса, Кім қияр сол қатынның басқан ізін!», - дей отыра «Ұқыпты әйел» деген өлеңінде:

Алған жарың осылай болса керек,
Ғылым, білім, өнерлі, болса зерек.
Ерлерін сондай қатын тәрбиелесе,
Жалғанның азы көбі неге керек! - деп, тұла бойы тұнған үлгілі әйелдің бейнесін орынды сомдайды. Жаман әйелдің оның қисапсыз әрекетін бейнелеп берді. Әрине бұл ата-анаға және ауылына үлкен сын болмақ. Сондықтан да көрегенді аналар қыздарын тұлымды кезінен тәрбиелеген. Мәшһүр Жүсіптің пайымдауынша: «Қыз баланы һәм әбден ер жеткен соң, өзінен ризалық сұрап, ықтияр қылған жеріне берсе керек». Сонда шынайы сүйіспеншіліктің арқасында отбасы бақытты болып, саналы да тәрбиелі ұрпақ дүниеге келмек. Ал, егер керісінше болса: «Еркегіне ұрғашы, - бір-біріне көңілсіз болып жүргенде туған бала онша жақсы болмайды және ұрғашының түсіне қарау жарамайды, есі мен ісіне қарау жарайды», деп қорытындылайды. Ия, Мәшһүр Жүсіп пен Жүсіпбек Аймауытұлының және Мұхаммед Әменнің шығармалары - халқымыздың әлеуметтік-саяси өмірін сипаттауымен және білімге уағыздауымен маңызды. Сондықтан да олардың әрқайсысы көсем, ұстаз, тұңғыш, бірінші, айрықша деген теңеулерге лайық ұлт жанашырлары.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Пазылов Ә. Баянауыл ауданы, Мәшһүр Жүсіп мұражайы.
2. «Абай-ақпарат».
3. Қазақстан-ZAMAN. – 2011. – № 9.
4. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы. – 1984. – 201 б.
5. Абай Құнанбаев. Шығармалар. I том. – Алматы: Жазушы. – 1968. – Б. 237-238.
6. Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы. – 1998. – Б. 298-299.
7. Өзбекұлы С., Исмайлов А. Ғұмар Қарашевтің қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары. – Алматы. – 2005. – 71 б.
8. Сыртанов Б. – Алматы: Жеті-Жарғы. – 1996. – 90 б.
9. Алашинский С.Б. Айқап. – 1912. – №13.
10. М.Ж. (Мағжан Жұмабаев) – 1913 . «Айқап». – №2.

**Резюме**

**О женщинах алашорды**

**Л.Ж. Ауесова,** *преподаватель*
*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

Статья посвящена произведениям деятелей Алашорды, где освещаются жизнь, судьбы и общественный роль казахских женщин. В общем, есть еще любимые мамы на внимание привлекли к состоянию общества и их семьи четко определены роль в воспитании ребенка. Это оставило следы общества через образование братьев матери достаточно (например, ковры хватает Говоря гигантские фигуры слова.) После того, как следы оставил Алаш роль в обществе и истории является примером для будущих поколений. Если Алаш матерей, которые берут свое мнение о работе.

**Ключевые слова:** женщина, Алаш, цифры айт Алаш, мать, Жусупбек Аймаутова.

**SUMMARY**

**About women Alash respect**

**L.ZH. Awesova,** *teacher*
*(Almaty. Kazakh State Women Pedagogical University)*

Article is devoted to works Alashorda's figures where are shined life, destinies and public a role of the Kazakh women. This Alash on the subject of the Kazakh girls as well as women set about the price they paid in the real world, in general, women are very divided, the owner of the house, family unity, the expectant mother qadirinde appreciated. In general, there are still the

favorite mothers on the attention attracted to the state of the society and their families well defined role in the upbringing of the child. This left traces of society through the education of the mothers brothers enough (eg carpets suffice Speaking giant figures of the word.) After traces left Alash role in society and history is an example for future generations. If Alash of mothers who take their opinions about the paper.

**Keywords:** woman, Alash, Ait Alash figures, mother, Zhusupbek Aimautov.

**УДК 9(С)55 К 581**

## ПРОМЫШЛЕННОЕ РАЗВИТИЕ МАЛЫХ ГОРОДОВ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

***Л.Т. Кожакеева,*** *д.и.н., и.о. профессора*
*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** В статье дается анализ экономического развития малых городов Южного Казахстана. Анализ показал, что высокие темпы урбанизации достигались в основном за счет одностороннего освоения природных богатств страны. При этом, практически игнорировались перерабатывающие отрасли промышленности, а также социально-бытовая и культурная инфраструктура городов, что впоследствии привело к вынужденной массовой миграции населения из малых городов, привело к серьезным проблемам в сфере занятости населения.

***Ключевые слова:*** города, Южный Казахстан, населения, численность, рост, промышленность.

Возникновение новых городов в Казахстане происходило различными путями. Так, центры добычи полезных ископаемых в ходе своего развития обычно обрастали предприятиями обрабатывающей промышленности, в результате чего некоторые из них превратились в малые города, определенная часть которых в дальнейшем начала играть определенную роль в общественном разделении труда.

Однако, во многих городах Казахстана уровень развития экономической структуры не отвечал требованиям, предъявляемым к городам, ибо главный градообразующий элемент промышленность - не получила должного развития или характеризовалась монопроизводством. К разряду таких городов также можно отнести города Юго-Западного Казахстана – Аральск и Казалинск. Узость сферы приложения труда в них усугублялась тем, что все они расположены в территориальной зоне с экстремальными природно-экологическими условиями (суровый климат, ограниченность питьевой воды, загрязнение окружающей среды в результате необдуманного освоения нефтегазовых месторождений, высыхание Аральского моря и др.). Поэтому первоочередной задачей считалось создание в малых городах основ различных отраслей промышленности и других градообразующих элементов, но по объективным причинам республика не могла решить социальные и экономические проблемы, стоящие перед малыми городами.

Крупная промышленность республики в основном размещалась в больших городах Казахстана, где было сосредоточено 2/3 предприятий, находящихся на самостоятельном балансе, и основные производственные фонды. Города, в первую очередь крупнейшие, являлись важнейшими пунктами размещения производства и расселения. В 1990 г. только в двух из них - Алма-Ате и Караганде с населением, соответственно, 1171 и 609 тыс. чел. было сосредоточено более 1/3 всех предприятий, которые производили 33% товарной продукции, выпускаемой во всех больших городах республики: это Алма-Атинский завод

тяжелого машиностроения (АЗТМ), хлопчатобумажный комбинат (АХБК), Карагандинские угольный комбинат. Объединение по производству горно-шахтного оборудования и другие, продукция которых экспортировалась за пределы республики. Вместе с тем развитию малых и средних городов в условиях плановой экономики не уделялось должного внимания. Так, во второй половине 1980-х гг., из 231-го предприятия, включенного в перечень важнейших строек производственного назначения, 147, несмотря на ограничительные меры, было размещено в 21 крупном городе. В то время как на долю 63 малых и средних городов, 212 рабочих поселков и 222 районов пришлось всего 84 промышленных объекта [1].

Поэтому, в середине 1980-х гг. одной из важнейших приоритетных задач экономического развития Казахстана становится преодоление моноструктуры промышленности в малых городов и развитие в них не только предприятий группы «А», но группы «Б». Так, в проекте плана на 1981-1985 годы в республике предусматривалось ввод в действие 332 новых промышленных предприятий и цехов и расширение 130 действующих предприятий. Строительство этих предприятий предусматривалось осуществлять в 111 городах и поселках городского типа, в том числе во всех 18 крупных, 12 средних и 32 малых городах из 55 по республике, 49 поселках городского типа из 200 [2].

Решение задачи развития малых и средних городов для Казахстана особенно актуально, поскольку на современном этапе развития его экономики характерна наибольшая концентрация промышленных предприятий в больших и крупных городах. В тоже время в республике имелось довольно большое количество «экономически перспективных» малых и средних городов, возникших в период 1960-1980-х гг. в силу интенсивного освоения природных ресурсов и дальнейшего ускорения индустриального и аграрного развития республики. Для этого этапа развития экономики Казахстана была характерна концентрация промышленности в больших и крупных городах. Дальнейшее развитие экономики в уже сложившихся промышленных центрах ограничено, в связи с отсутствием свободных трудовых ресурсов для крупных производств.

В целях дальнейшего совершенствования размещения производительных сил республики важное значение приобретало ограничение роста больших городов и развитие экономически перспективных райцентров, малых и средних городов республики с учетом рационального использования местных трудовых, сырьевых, водных, земельных и других ресурсов и размещением в них главным образом небольших предприятий, филиалов и специализированных цехов действующих объединений, фабрик и заводов. В 1985 г. в 17 малых и средних городах имелись филиалы крупных действующих предприятий и в 7 городах действовали их цеха [3]. Это были - филиал Алма-Атинского трикотажного объединения в г.г. Текели и Талгар; объединение «Джамбулкожобувь» в г.Каратау, Алма-Атинской трикотажной фабрики в г.Текели; Кентауской швейно-трикотажной фабрики в г.Туркестане; Чимкентского объединения «Эластик» в г.Ленгер, молочный цех в г.Талгар.

Поскольку существующие предприятия не обеспечивали потребности в трудоустройстве населения малых городов, в 1980-х гг. предусматривался ввод в действие новых промышленных предприятий. Так, намечалось создание 11 филиалов и цехов: в 1983 году предполагалось ввести в действие цех Алма-Атинской фабрики головных уборов, Кентауской швейной фабрики в г. Туркестане, намечалось расширение филиала объединения «Джетысу» в Талды-Кургане [4].

Предлагалось построить 23 цеха, предприятия с объемом валовой продукции свыше 240,0 млн. руб. и численностью почти 7,0 тыс. человек [5]. Надо отметить, что, как это было характерно для плановой экономики в последние десятилетия её существования в бывшем СССР, многие из перечисленных выше планов и проектов так и остались только на бумаге или были реализованы лишь частично. Предполагаемые прогнозные мероприятия не были осуществлены также в связи с распадом Союза.

Таковым было в общем состояние экономической инфраструктуры малых городов на конец 1980-х гг. В дальнейшем, вследствие распада единого экономического пространства бывшего Союза, начавшихся рыночных преобразований, большинство малых городов пришло в упадок, была полностью разрушена их производственная база, закрыты и объявлены банкротами прежние градообразующие предприятия.

За годы реформ во многих малых городах было свернуто или сведено до минимума промышленное производство. Особенно это касается городов добывающего профиля, положение которых значительно ухудшилось вследствие спада производства из-за истощения запасов полезных ископаемых, снижения спроса на, продукцию. В результате из общего числа МГ выделяются депрессивные малые города, имеющие наихудшие показатели социально-экономического развития. К таковым относятся: Аральск (Кызылординская область).

Характерной проблемой многих МГ является несоответствие структуры производственно-хозяйственной базы требованиям рыночной экономики. Технологическая отсталость и изношенность основных производственных фондов большинства предприятий МГ, нарастающий дефицит кадров, их депрофессионализация тормозят дальнейшее развитие малых городов. Развитие городов промышленного направления связано с совершенствованием структуры экономики путем диверсификации и расширением состава их функциональной специализации, в городах с добывающей отраслью промышленности, где добыча сырья уже неэффективна, целесообразно развивать новые производства, которые компенсировали бы сокращение рабочих мест в основном производстве.

Усложняются требования современного промпроизводства к технологии, оборудованию, наличию квалифицированной рабочей силы, инфраструктуре. В связи с этим малые города с обрабатывающей промышленностью, как правило, не располагают условиями для организации крупного современного промпредприятия. В этих городах необходимо развивать небольшие предприятия с высоким уровнем подетальной и технологической специализации. В них могут производиться стандартные узлы и детали, трикотажные и швейные изделия, стройматериалы из местного сырья, товары народного потребления.

Таблица 1 – Показатели социально-экономического развития малых городов в 2002 г. [6]

| Область, город | Численность населения на начало года, тыс. чел. | Объем промышленной продукции на душу населения, тыс. тенге. | Средний уровень безработицы за 2000-2002 годы, % | Среднемесячная номинальная заработная плата одного работника, тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Республика Казахстан | 14820,9 | 154,6 | 11,1 | 20305 |
| Алматинская | 1558,2 | 65,9 | 11,2 | 14226 |
| Есик | 31,4 | 61,1 | 5,6 | 19074 |
| Жаркент | 32,7 | 59,0 | 8,6 | 10643 |
| Капшагай | 32,4 | 44,2 | 11,4 | 20893 |
| Каскелен | 35,8 | 98,0 | 11,8 | 16242 |
| Сарканд | 15,0 | 6,7 | 10,1 | 9535 |
| Талгар | 43,2 | 34,7 | 21,3 | 11686 |
| Текели | 23,6 | 61,9 | 14,4 | 18524 |
| Ушарал | 15,4 | 6,5 | 11,1 | 10694 |
| Уштобе | 22,0 | 28,3 | 11,7 | 10307 |
| Жамбылская | 980,6 | 41,5 | 13,1 | 13548 |
| Жанатас | 25,0 | 36,6 | 12,5 | 15658 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Каратау | 27,1 | 10,5 | 15,6 | 14586 |
| Шу | 33,9 | 39,3 | 10,5 | 15946 |
| Кызылординская | 606,6 | 189,1 | 13,6 | 17081 |
| Аральск | 29,9 | 4,3 | 10,5 | 13821 |
| Казалинск | 5,8 | 83,4 | 13,3 | 15901 |
| Южно-Казахстанская | 2045,4 | 56,6 | 11,7 | 13605 |
| Арыс | 33,4 | 33,0 | 6,9 | 14564 |
| Жетысай | 30,8 | 143,0 | 9,5 | 10274 |
| Ленгер | 17,8 | 30,3 | 13,1 | 12031 |
| Сарыагаш | 25,5 | 107,0 | 7,0 | 9471 |
| Шардара | 26,1 | 26,8 | 7,2 | 13774 |

Промышленное производство в малых городах характеризуется выраженной специализацией на одной-двух отраслях, а другие отрасли развиты незначительно, либо промышленные предприятия вообще отсутствуют. Снижение объема производства или остановка градообразующих предприятий приводит к общему ухудшению социально-экономической ситуации в городе. Наименьшие объемы промышленного производства на душу населения имеют города - центры сельскохозяйственных районов (Сарканд, Уштобе, Жаркент, Есик, и другие).

В то же время имеется ряд малых городов добывающего профиля, положение которых значительно ухудшилось вследствие спада производства из-за истощения запасов полезных ископаемых, снижения спроса на продукцию. К ним относятся: Текели (низкое содержание полезных веществ в руде, добыча их становится нерентабельной).

Предприятия обрабатывающей промышленности в малых городах простаивают или частично загружены из-за низкой конкурентоспособности выпускаемой продукции, отсутствия спроса, удаленности рынков сбыта и высоких тарифов на транспортировку. Их положение усугубляется физически и морально устаревшим оборудованием, потерей квалифицированных кадров в результате миграции.

Среди малых городов выделяется группа городов, в которых свернуто или сведено до минимума промышленное производство - Казалинск.

Развитию малого бизнеса в малых городах с депрессивной экономикой препятствуют низкий производственный и потребительский спрос, недоступность финансово-кредитных ресурсов, обусловленная отсутствием у предпринимателей ликвидного залогового имущества. По транспортному расположению малые города можно разделить на две группы: города, находящиеся вдоль железнодорожных линий (51 город), города, находящиеся в отдаленности от железных дорог (9 городов). Кроме того, ряд малых городов являются промышленно-транспортными центрами - Шу, Арыс, Казалинск [7]. Из 60 малых городов страны вдоль автомобильных дорог международного значения находятся 7 городов, республиканского значения -26, местного значения - 27. Неудовлетворительное состояние производственной инфраструктуры является одной из ключевых проблем, сдерживающей развитие малых городов. Особенно остро стоит проблема транспортной удаленности и плохого состояния автодорог.

Низкий технический уровень автомобильных дорог, аварийность отдельных мостов приводит к снижению скоростных возможностей транспорта, увеличению транспортной составляющей в стоимости товаров и услуг, потерям при транспортировке сельскохозяйственной продукции.

Удаленность от крупных рынков сбыта, городских агломераций, транспортная тупиковость затрудняют развитие таких городов. Они связаны с областными центрами автомобильными дорогами, требующими значительных реабилитационных работ.

Отдаленность и плохое качество автодорог имеют кроме экономических и социальные последствия, такие, как отток молодежи, снижение культурного уровня населения.

Для вывода их из кризиса в 2003 году была принята государственная программа развития малых городов на 2004-2006 годы. В то же время каждый из малых городов пытался искать свои пути выживания, решить насущные социальные и экономические проблемы. Таким образом, анализ экономического развития малых городов Южного Казахстана показал, что высокие темпы урбанизации достигались в основном за счет одностороннего освоения природных богатств страны. При этом, практически игнорировались перерабатывающие отрасли промышленности, а также социально-бытовая и культурная инфраструктура городов, что впоследствии привело к вынужденной массовой миграции населения из малых городов, привело к серьезным проблемам в сфере занятости населения.

Однако, несмотря на негативные последствия, малые города играли определенную, причем довольно весомую роль в экономике Казахстана, поскольку большинство из них сформировалось именно для промышленного освоения минеральных ресурсов республики и ее индустриального развития. И в дальнейшем, при активной государственной поддержке малые города способны найти свою нишу в экономической структуре республики и будут играть заметную роль в социально-экономическом развитии Казахстана.

### Список литературы


1. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 5936, Л.11.
2. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6483, Л.34.
3. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6234, Л.25.
4. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6489, Л.64.
5. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6657, Л.57.
6. Государственная программа по развитию малых городов РК на 2004-2006 гг.
7. Там же.


### Түйіндеме

**Оңтүстік Қазақстан шағын қалаларды дамытудың индустриялық БҮГІН**


**LT Қожакеева,** *т. г. д., профессорм.а.*

**(***Алматы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*



Мақалада қазіргі кезеңдегі Оңтүстік Қазақстан аймағындағы кіші қалалар мәселесі қарастырылған. Қалалардағы халық саны, өнеркәсіптердің даму деңгейі, қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайы баяндалған. Сонымен қатар, іс жүзінде кейіннен шағын қалаларды адамдардың мәжбүр жаппай көші-қон әкелді өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени тұрмыстық және қалалық инфрақұрылым, елемейді, жұмыспен қамту саласында елеулі проблемалар алып келді.



**Түйін сөздер:** қалалық, Оңтүстік Қазақстан, халық, халық өсімі, өнеркәсіп.


### Summary

**Industrial Development malix gorodov yujnogo Kazakhstan NA Modern stage**


**LT Kojakeeva,** *d.ї.n., Acting Professor*

*(Almaty, the Kazakh state*

*Female pedagogical university)*



In article are shown the analysis of economic development of the small cities of Youzhny Kazakhstana showed that high rates of an urbanization were reached generally at the expense of unilateral development of natural richness of the country. The population of the cities, the level of development of enterprises in the social condition of the population of the city. At the same

time, in fact, subsequently led to the forced mass migration of people of small towns in the manufacturing industry, as well as socio-cultural and urban infrastructure, ignored, have led to serious problems in the field of employment.

**Keywords:** city, South Kazakhstan, population, population growth and industrial.

**ӘОЖ9(с)55 Т 25**

## ДУЛАТ ТАЙПАСЫ ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

***С.Ә.Тортаев,*** *п.ғ.к., профессор*
*( Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада моңғолдардың Орталық Азияны жаулап алғаннан кейінгі дулат тайпасының Шағатай ұлысының құрамына кіруі, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ұлыстың ішкі және сыртқы саясаттағы белсенділігі, Моғолстан хандығын құруға қатысы баяндалады.

***Түйін сөздер:*** Дулат тайпасы, Шағатай ұлысы, Мәуераннахр, Қашғария, Қара Кидандер, үйсін, Жетісу өлкесі, Болатшы, саяси-экономикалық жағдай, саясат.

XIII ғасырдың 20-шы жылдарында қазіргі қазақ жері мен Орта Азияны жаулау жорығын аяқтаған Шыңғысхан өзі басып алған аймақтарды балаларына бөліп беріп, мәңгілік мұрагерлікке қалдыруды ойластырды.

Рашид-ад-диннің айтуынша, оның ұлдары Жошы, Шағатай, Үгедей мен Толы (Төле) жаңа құрылған ұлан-ғайыр моңғолдар державасының негізгі төрт тірегі қызметін атқарды. Шыңғысхан оларды «төрт жұдырық» деп атады. Дулат тайпасы мекендеген аймақ сол төрт жұдырықтың екіншісі Шағатайдың үлесіне тиді. Оның ұлысы, батысында Мәуереннахрды, солтүстігінде Арал теңізі, Балқаш көлі, шығысында Алакөлге дейінгі, оңтүстігінде Үндістанға дейінгі аралықты қамтыды. Бұл мәселе бойынша деректерде әртүрлі пікірлер бар, бірақ олардағы деректер бір-бірінен онша алшақ кетпейді. Солардың ішінен бірнеше мысал келтіре кетелік.

Рашид-ад-диннің мәліметі бойынша Шағатайдың басқаруына Түркістан облысынан бастап Амудария өзенінің сағасына дейінгі территория берілді.Ал Әбілғазы Шыңғыс хан екінші ұлы Шағатайға «Мәуереннахрды, Хорезмнің бірсыпырасын, Ұйғыр, Хашафур, Бадахшан, Балх және Ғазнинге, Сыр суына шейін берген», - деп жазады.

Ал Лэн-Пуль Стэнлидің мәліметі бойынша Шағатайдың үлесіне Мәуереннахр мен Трансоксиана (Бухария), Қашғарияның бір бөлігі мен Бадахшан, Балх пен Газна жерлері тиді. Үлкен энциклопедияда да Шағатай ұлысының құрамына Аму-дария мен Сырдарияның аралығындағы жерлер, яғни Мәуереннахр түгел және Балқаш көлінің оңтүстігіндегі даланың біраз бөлігі кірді. Оның астанасы Іле өзенінің бойындағы Бес-балық қаласы болды делінген.

А.И.Левшиннің мәліметі бойынша XIII ғасырдың 40-шы жылдарында Шағатай ұлысы Оңтүстік Алтайдан Амударияға дейінгі аралықты, яғни, Жетісудың көп бөлігін, Мәуереннахр мен Шығыс Түркістанды қамтыды. Шағатайдың ордасы Іле бойында, Ел-Аларгу облысының басты қаласы Алмалықтың маңында болды.

В.В.Бартольдтің мәліметі бойынша Шыңғысхан өлген жылы Шағатай жұрты Ұйғыриядан Самарқанд пен Бұхараға дейінгі және Оңтүстік Алтайдан Амударияға дейінгі жерді алып жатты. Чан-Чунның мәліметіне сүйене отырып, В.Бартольд Шағатай ордасының Іле өзенінің оңтүстігінде болғандығын дәлелдейді. Оның мәліметі бойынша Шағатайдың жазғы ордасы Іле өзенінің бойындағы Күняш болды. Ол Көк тауының

маңында, Алмалықпен көрші мекен болатын. Қысты ол бәлкім сол Іле бойындағы Мераурик (немесе Мераузик) – Ила жерінде өткізетін. Куняш (Күнәш – С.Т.) маңында Шағатай Құтылығ (*бақытты*) деген қыстақ салды. Чан-Чунның мәліметіне сүйене отырып В.Бартольд Шағатай ордасының Іле өзенінің оңтүстігінде болғандығын дәлелдейді. Оның ойынша Джувейнидің Улуг-Иф (Үлкен үй) деп атаған Шағатайдың мұрагерлерінің ордасы да сонда болған сияқты.

Рашид-ад-динге, Джузджаниге, А.И.Левшин мен Н.А.Аристовқа сүйене отырып М.Тынышпаев Шағатай ұлысының құрамына «наймандар елінен Жайхун (Амудария) жағалауларына дейінгі Туран-Замин кірді. Солтүстік шекарасы Балқаш көлінің оңтүстік жағалаулары» болды десе, Ш.Құдайбердіұлы: «Үлкен Алатаудың екі жағын, Мәуереннахрды Шағатай деген баласына берді»,- дейді. Ал қырғызстандық зерттеуші О.Қараевтың мәлімдеуінше Шағатайдың үлесіне ұйғырлар елінен Самарқанд пен Бұхараға дейінгі жерлер тиді. Оның ордасы Алмалықтың батысында (қираған орны Құлжа қаласының маңында) орналасты. Ол Куняш және Улуг-Иф (яғни Улуг-уй – үлкен үй) деп аталды. «Шағатайдың үлесіне Қашқария, Жетісу, Мәуераннахр тиді», - деп осы аталған авторлардың пікірін Н.Мыңжан да қайталайды.

Сонымен Шағатайдың үлесіне тиген жерлер дулаттар отырған бұрынғы Қара Кидандар мемлекетінің жерлері, Батыс Уйгурия болатын. Оның шығыстағы шекарасы Іле өзеніне барып тірелетін, батысы Сырдарияның бастауынан да әрі кетсе, оңтүстігінде Амо өзеніне, солтүстігінде Цуй өзенінің саласымен Сібірге дейін жететін. «Шағатайдың үлесі негізінде Шағатай хандығы құрылып, оның астанасы Алимар қаласы болды». Қазақ тарихын зерттеушілердің бірі Ә.Хасенов «Моңғол империясы дәуірлеген тұста дулат тайпасы өзінің ежелгі қонысында Ташкент іргесі, Ыршық, Талас, Шу өзендерінің бойында отырған», - деген тұжырым жасаған. Осы айтылған пікірлерді саралай келіп, Шағатай ұлысы батысында Амудария өзенінен – шығысында Алакөлге дейінгі аралықты қамтыған деген тұжырым жасаймыз.

Дулат тайпасы сол Шағатай ұлысының құрамына кірді. Оған дәлел Ш.Құдайбердіұлының: «Балқаш, яғни, Теңіз көліне құятұғын Қаратал өзенінен Сырдария һәм Шыршық өзеніне шейін қаңлы, дулат нәсілі». ...Шағатай ұлысы болып жүрген алғашқы елі мыналар: арғын, керей, керейт, ұлы жүздегі дулат. Дулат Қаратал өзені мен Шу өзені арасында болды», - деп жазуы.

Қазақ руларының тарихын зерттеген әйгілі ғалымдардың бірі М.Тынышпаев «Уйсуны, аргыны, найманы, кереи были тогда в Чагатаевом улусе», - деп көрсеткен болатын. Үйсін Шағатай ұлысында болса, ол үйсін тайпасының құрамындағы дулат та сол ұлысқа кірді деген сөз.

Қырғызстандық тарихшы Шағатай ұлысының тарихын, этникалық құрамын зерттей келе, дулаттардың ол ұлысқа XIII ғасырда қоныс аударғанын жазады. Бұл пікір басқа зерттеушілердің тұжырымдарына сай келмейтіндігін атап өтеміз. Біз дулаттардың Жетісу өңірінде моңғол жаулап алуының қарсаңында өмір сүріп жатқандығын қолдаймыз. Дегенмен, осы автордың «олардың негізгі бөлігі Шығыс Түркістанға орын тепті. Олар басқа да тайпалармен бірге Жетісуда және Тянь-Шаньда көшіп жүрді», - деген пікірімен келісеміз.

«Большая энциклопедия» деген кітаптың мәліметі бойынша дулат тайпасы «батыс Тянь-Шаньды жағалай Іле өзенінен Сырдарияға және Шыршыққа дейінгі аралықты мекендейтін». Дулаттардың негізгі бөлігінің Шығыс Түркістанға барып қоныстануына тайпа басшысының билігіне Қашғарияның берілгендігі себеп болды деп санаймыз. Бұл мәселе Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегінде былайша баяндалған: «Шағатай хан өз иеліктерін бөліске салғанда Болатшының атасы Өртөбеге «Маңлай Субе» тиген екен. Сонан бері XVI ғасырдың басына дейін Маңлай Сүбе мен Жетісуда дулат тайпасының көсемі Өртөбенің үрім-бұтақтары ұлысбегі болған. Маңлай Сүбенің (Күнгей бет) шығысы Құсан және Тарбұғыр, ал батысында бұл жерлер Самғар және Жакшиман (Жақсыман),

яғни, сол кездегі Ферғана уәлаятының шеткі аймағы саналатын. Ал солтүстігін Ыстық көл алып жатыр. Оңтүстігі Черчен мен Сары Ұйғыр. Осы аймақты Маңлай Сүбе деп атайды. Мұнда әмір Болатшы билік ететін. Бұл өлкеде біршама қалалар бой көтерген еді. Олардың ең үлкені Қашқар, Хотан, Жаркент, Қаша, Ахсикент, Әндіжан, Ақсу, Атбасы, Құсан еді».

М.Х.Дулатидың өмірі мен қызметін терең зерттеген белгілі тарихшылардың бірі Б.Р.Қожабек-Албани «...Шағатай хандары дулаттарға күнгей бетті ғана емес, Қашқарға тартылған керуеннің авангарды – маңғылайын, қарабұлсысын да берген. Оған дәлел – бұл атаулар Моғолстан мен Әбілхайыр хандығында жиі қолданылады», - деп көрсетеді. Сөйтіп, Шағатай ұлысындағы дулат тайпасы солтүстігінде Қаратал өзені мен Балқаш көлі, батысында Ташкент пен Түркістан, оңтүстігінде Қашғар, Атбасы, шығысында Алмалық аралығын мекендеді.

Маңлай Сүбенің ең үлкені, яғни, орталығы Қашқар қаласы және оның төңірегі моңғолдар державасына 1220 жылы қосып алынды. Деректер бойынша ол қосылу бұрынғы кездердегі қытай, араб, қара-қытайлар жаулап алушылығындай қырып-жою, қан төгу арқылы емес, бейбіт жолмен ауыр зардапсыз жүргізілді. Сонан кейінгі моңғолдардың «жарқын патшалығы кезінде Қашғария гүлденудің бұрын-соңды болып көрмеген шыңына көтерілді». Діни шыдамдылыққа байланысты мұсылман діні өзінің қатаң тәртібін біраз жұмсартты. Қашғарияның көптеген қалалары өздерінің Қытай мен Батыс Түркістан арасындағы саудада ұтымды жағдайын пайдаланып, бұл саладағы маңызын арттыра түсті.

Шығыс Түркістандағы дулаттардың мұндай өсіп-өнуі, экономикалық жағдайының өркендеуі ұзаққа созылмады. 1242 ж. Шағатай қайтыс болған соң Шығыс Түркістан, ондағы Қашғария Шыңғыстық әулеттің бір өкілінен екіншісіне өтіп, бірнеше рет бөліске түсті, өзара қырқыстың себепкері болды.

Енді халқының едәуір бөлігін дулаттар құраған Шағатай ұлысының саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларына тоқталайық. Ал бұл жағдайлардың қандай болғандығы көбінесе ұлысты басқарушылардың қабілеті мен жеке басының қасиеттеріне байланысты екендігі де белгілі. Олай болса ең алдымен Шағатайдың өмірбаянына қысқаша тоқтала кетелік. Шағатай–Шыңғысханның бәйбішесі Бөртеден туған екінші баласы. Шыңғысханды зерттеуге өмірінің жиырма жылын арнаған Сайшиял Зан Зен Пейдің еңбегіне сүйене отырып Шағатай 1183 жылы туған деп жазады. Ол бірбеткей, тік мінезді ержүрек қолбасшы болған. Кейде тіпті өрескел, құтырған мінез де көрсетіп қалатын. Ол хан әкесінің үлкен істерінде ынта-жігерлілік көрсетіп отырды.

1211 ж. Шыңғысхан Алтын әулетті жаулауға аттанғанда Шағатай ағасы Жошымен, інісі Үгедеймен бірге *оң жол* әскерін басқарды. 1219 ж. Хорезмге аттанғанда оған Отырар мен Үргеніштi бағындыру міндеті жүктелді. Шағатай мен Үгедейдің басшылығымен моңғол-түркі әскері Отырарды жарты жылдай шабуылдады. 1220 жылғы көктемде ғана қала берілді. Онан кейін 1221 жылғы наурыз-сәуір айларында Жошымен, Үгедеймен бірге Үргеніштi алуға қатысты. Осы қаланы алу кезінде Шағатай Жошының бұйрығын орындамай, оған қарсы шыға берген соң, Шыңғысхан бас қолбасшылықты Үгедейге жүктеді. Ал, Жошы әскерін алып, өз ұлысына қайтты.

Бұл жерде Шағатайға байланысты мынадай бір оқиғаны айта кетелік. Бамиян қамалын басып алу кезінде қаңғыма оқтан Шағатайдың өте жақсы көретін үлкен ұлы Мутуген (Мугадуган) қаза тапқан болатын. Үргеніш алынғаннан кейін Шыңғысхан балалары Шағатай, Үгедей, Төлемен тамақ ішіп отырып, оларға ашуланып, қабағын шыта қарапты. Әсіресе, Шағатайға сұқтана қарай беріпті. Шағатай қатты абыржып қорыққанынан «өлсем де хан әкенің әміріне қарсы шықпаймын» деп күмілжи беріпті. Сонда Шыңғысхан одан: «Сен шын айтасың ба? Сен өз сөзіңде тұрасың ба?» деп сұрапты. Шағатай өлсем де сөзімде тұрамын деген соң Шыңғысхан: «Сенің балаң Мугадуган (Мутуген – С.Т.) кездейсоқ оқиғадан қайтыс болды, сен қайғырып, азап шекпе», - депті.

Бұл хабарды естігенде Шағатайдың көзі қарауытып, терең шұңқырға құлап кеткендей күй кешіпті. Бірақ әкесінің бұйрығы есіне түсіп, өзін қолға алады, тамағына

тығылған қасірет кесегін қайта жұтып қояды. Алдындағы тамағын жеп болғанша көз жасына ерік бермей, далаға шығады. Сонда ғана қайғысына ерік беріп, есі ауғанша іштегі құсасын сыртқа шығарыпты. Бұл оқиға Шағатайдың хан-әкеге шексіз берілгендігінің, оны шын сыйлағандығының белгісі еді.

Шағатай ұлысының Үгедей хан өлгенше (1241 ж.) жартылай да тәуелсіздігі болған жоқ. Ұлыс Ұлы ханға толық бағынышты болды. Бұл кезде империя ішінде өзара қырқыстар болған жоқ. Ол тыныштық дулаттар үшін қауіпсіздік, бейбіт еңбек, өсіп-өну кезі болды. Мұндай тыныштыққа Шағатай мен Ұлы хан Үгедейдің бір-біріне деген сыйластығы да септігін тигізді. Шағатай Үгедеймен үнемі тату-тәтті қатынаста болған. Оның таққа отыруын шын көңілмен қолдаған. 1230 ж. Үгедей Алтын әулетіне қарсы соғысқа аттанғанда оған өз әскерімен Шағатай да қосылған. Жиюн Зеудегі үш шың үшін шайқаста ерлік көрсетіп, мақтауға ие болды. 1235 ж. моңғол басшылары батысқа екінші жорық жасамақ болғанда Шағатай ол жорыққа үлкен ұлдарды аттандыруды ұсынды. Бұл жорық тарихқа «Үлкен ұлдардың жаулап алушылығы» деген атпен енді.

Үгедей Ұлы хан болып сайланғаннан кейін Шағатай інісіне зор сый-құрмет көрсетіп, өзін оған бағынышты министр ретінде ұстады. Сайшиял мынадай аңызды мысалға келтіреді. Үгедей хан ағасы Шағатаймен шарап ішіп, қызып қалады. Екеуі атқа мініп, серуенге шыққанда Шағатай астындағы атының Үгедей мінген аттан мықты екенін біле тұра жарысуды ұсынады. Шағатайдың аты озып кетеді. Түнде ұйқыдан оянып, күндізгі ұлы ханмен жарысқаны, оны басып озғаны есіне түсіп, бұл қылығының салт-дәстүрге лайық емес екеніне қатты ұялады. Сол қылығы үшін таңертең ханның сарайына келіп, Үгедейге: «Кеше мен хан иемнің алдында салтты бұздым. Жазамды алуға келдім. Ұру немесе өлтіру хан иемнің қолында» - деп аяғына жығылыпты. Үгедей ханның көңілі босап, бір-екі жұмсақ сөзбен кінәлаумен шектеліпті. Шағатай ханның қайырымдылығына қатты риза болып, оған 81 ат сыйлапты. Бір нөкеріне «Хан Шағатайды өлім жазасынан құтқарды» деп жар салғыздырды.

Үгедей де Шағатайды аға тұтып, құрметтеді, маңызды мемлекеттік мәселелер бойынша онымен ақылдасып отырды. 1236 ж. Қытайда отбасы санының есебі алынды. Оларды ханның туыстары мен министрлердің арасында бөлгенде Шағатайға 47330 отбасы берілген. Сонан кейін Шан Зеуден бір түмен отбасы тиіпті.

Шағатай Шыңғысхан орнатқан билік пен тәртіпті мүлтіксіз сақтап, заңды бұзушыларды қатаң жазалап отырды. Шыңғысханның адалдық, адамгершілік жөніндегі өсиеттерін өте жоғары бағалап, басшылыққа алып отыратын Ялауаштың Масхуд деген баласына Шағатай барлық шаруашылық жұмыстарды тапсырды.

Осы қысқаша өмірбаянынан заңды жақсы біліп, оны қатал сақтаған Шағатайдың иелігіндегі дулаттардың ешқандай зорлық-зомбылыққа, қудалаушылыққа ұшырамағанын байқаймыз. Жоғарыда айтылғандай, дулаттардың мекені де моңғолдар державасының құрамына қосып алынғаннан кейін жаңа мемлекетте әсіресе сауданың қызу дамуына жете мән берілді. Ол сауданың дәлелі – деректерде кездесетін Шағатай теңгелері болып табылады. Шағатай ұлысының алтын теңгелері Алмалық қаласында соғылған.

Ол деректің бірінде теңгелердің Шыңжаң жерінен табылғандығы айтылады. «Шағатайлық теңге-тиындардың ең мол табылған жері – Үрімжінің батысынан 30 км. келетін жердегі Санжы қаласының іргесіндегі ортағасырлық Чамбалық қаласының жұрты. Ондағы құмырашылық шеберханасының орнынан табылған қыш құмыраның ішінен 1370 дана әр түрлі алтын, күміс теңгелер шыққан. Олардың ішіндегі 1364 дана күміс теңге Шағатай ұлысының, 4 дана алтын теңге Алтын Орда хандығының, 1 дана күміс теңге Илхан ұлысының ақшасы болып шыққан. Теңгелер XIII ғасырдың 40-шы жылдарынан XIY ғасырдың басы аралығында Алмалықта, Ходжендте, Самарқандта, Қашқарда, Бұхарада, Таразда және Хорезмде соғылған. Бұдан өзге шағатайлық теңгелерден Оңтүстік Шыңжаңдағы Күшар ауданынан 100-ден астамы, Солтүстік Шыңжаңдағы Мори мен Шонжы ауданынан 100-ден астам күміс теңге, Фукан қаласының жанындағы

ортағасырлық Күлік қала жұртынан 10 шақты алтын теңге, Жоңғар Алатауының солтүстік-шығыс етегіндегі Боротала облысы аумағындағы Далта қала жұртынан (ортағасырлық Болат қаласы) 35 дана алтын теңге, сондай-ақ соңғы жылдары көне Алмалық қаласының жұртынан да бірсыпыра шағатайлық алтын-күміс теңгелер үздіксіз табылған, соңғы екі қаладан табылған теңгелер сол жердің өзінде соғылған екен.

Жалпы Шыңжаңнан табылған шағатайлық теңгелердің дені Алмалықта соғылған, онан қалса «Ұлуқ Орда» деп аталған жерде, Қашқарда, Таразда және т.б. жерлерде соғылған. Алмалық ұлыстың ірі орталық қалаларының бірі болған». Сауда дамып, экономика жанданғаннан кейін дулаттар жерінде біраз уақыт тұрақтылық орнағаны байқалады. Оған дәлел–деректерде билік үшін, жер үшін, әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін күрес, өзара қырқыстар туралы мәліметтердің кездеспейтіндігі. Бұл кезде дулат тайпасы алаңсыз өмір сүріп жатты. Рас, Шағатай христиандарды қолдап, оларға қамқорлық жасап отырды. Ислам дініндегі мұсылмандардың мүддесіне ұлы ханның кейбір ережелері (талаптары) қарама-қайшы келіп отырды. Мысалы, моңғолдар заңы бойынша ағын суға түсуге, сойылатын малды бауыздауға тиым салынды. «Шағатай өлтірілген мұсылман туралы хабар берген әрбір адамға бір бәліш алтын (500 динар) сыйлап отырған». Бірақ Шағатайдың жақын адамдарының ішінде мұсылмандар да болған. Мысалы тәжік нәсілінен шыққан бай көпес Кутб-ад-дин Хабаш Амид Шағатайдың бажасы болғандықтан оның ең сенімді адамының бірі еді.

Шағатайдың төрт мыңдық жергілікті (моңғолдық?) полкі табиғи жолмен өсіп-өніп, көбеюі мүмкін еді. Бірақ ол үшін ұзақ уақыт, әрі қолайлы жағдай керек болатын. Ал ондай ыңғайлы жағдай бола қоймады. Шағатайдың тек жергілікті моңғолдардан ғана емес, сондай-ақ моңғолдана бастаған *жалайыр* сияқты түркіліктерден де тұратын әскері қаптаған көшпенді түркілердің ортасына түсті. Сөйтіп біріншіден, жергілікті халықтардың моңғолдануының орнына моңғолдың шағатайлық ұланы біртіндеп түркіленіп кетті; екіншіден Шағатайдың кезінде армияның басым көпшілігі жергілікті түркілерден тұратын болды. Шыңғысхан өзі құрған империяны көшпенділердің жеңілген отырықшы халыққа үстемдік орнатуы деп түсінді. Оның ойынша отырықшы халықтарды үстемдік жүргізушілердің қажетін өтеп отырулары үшін көшпенділердің қолына құдайдың өзі берді. Осы бағытты ұстанған Шыңғысханның балалары мен немерелерінің билігі кезінде Шағатай ұлысының шығысында тұрып жатқан көшпенді дулат тайпасының мерейі үстем болып, ұлыстағы билікке араласа бастады.

Уақытының бәрін інісі Үгедейдің қасында өткізіп, Шағатай өз ұлысында аз-ақ тұрды. Барлық басшылық Қарағар нойонға жүктелді. Ол биліктен Шағатайдан кейінгі Есу-Мөңке мен Қара-Хулагу хандардың тұсында да айырылған жоқ. Оның билігі кезінде тұрақтылық орнап, дулат, т.б. тайпалар бейбіт өмір сүрді. Сонымен, Шағатай ұлысының шығыс бөлігін мекендеген дулаттар үшін моңғолдар билігінің алғашқы қырық жылы бейбітшілік, тыныштық пен тұрақтылық кезеңі болды. Бірақ ол тұрақтылық 1260 ж. ұлы хан билігі Хұбылайға көшкен соң бұзылып, қанды анархияға айналды. Дулаттар елінің экономикалық-мәдени дамуы дағдарысқа ұшырады. Ол дағдарыс дулаттардың саяси белсенділігін арттырып, ұлыстың шығыс бөлігінің дербес Моғолстан мемлекетіне айналуына себеп болды.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. ІХ т. Арғын. 1 кітап. – Алматы, 2007.
2. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т.1. кн.2. -69 б.
3. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы, 1991. -102 б.
4. Стэнли Л.-П.Мусульманские династии. // Абул-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. – М.-Т.-Б., 1996. -461 б.
5. Большая энциклопедия. Под ред. С.Н.Южакова. Т.8. – СПб., 1905. -392, 774 с.
6. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. -Фрунзе, 1943. 43 -46 с.

7. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993. – 76 б.
8. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991.19. – Б. 33-40.
9. Караев О. Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан. – Бишкек, 1995. – 17, 128 б.
10. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. –Алматы. – 1994. – 199 б.
11. Сайшиял. Сказание о Чингисхане. – 401 б.
12. Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. – Алматы, 1996. –161 б.
13. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент. – 1925. – 57 б.
14. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы. – 2003. – 45 б.
15. Қожабек-Албани Б.Р. Мұхаммед Хайдар Дулати. – Алматы. – 2000. – 117 б.
16. Кашгария. Историко-географический очерк страны. – СПб., 1879. – 79 б.
17. Сайшиял. Сказание о Чингисхане. – Улан-Удэ, 2006. – Б. 388, 400.
18. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Т.2. – Алматы, 2005. -47-48 бб.

**Резюме**

**Дулат в составе Шагатай**

**С.А. Тортаев,** *к. п. наук., профессор*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

В статье рассматриваются проблемы социально-экономического, политического положения племени Дулат со времени монгольского завоевания, активное участие его в образовании Моголистана.

**Ключевые слова:** Дулат племя, Чагай люди, Мауераннахр, Кашгария, черный Кидане, Уйсунь, Алматинской области, была политическая и экономическая ситуация, политика.

**SUMMARY**

**Dulat Tribe Ulus contains a collection**

**S.Ä.Tortaev,** *Ph.D., professor*
*(Almaty. Kazakh State Women Pedagogical University)*

In article problems of social and economic, political provision of a tribe Dulat since the Mongolian gain, its active participation in Mogolistan's education are considered. This article tribe dulat after the conquest of Central Asia by the Mongols be part of the Chagatai ulus, socio-economic status, ethnic internal and external political activity, Moghulistan set out to create a khanate.

**Keywords:** Dulat tribe, Chagai people, Mäwerannaxr Kashgaria, Black Kidane, Uysun, Almaty region, was the political and economic situation, policy.

**ӘОЖ 9(С)55 И 83**

## ТАРИХНАМАДАҒЫ УАҚ ТАЙПАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

***А.И.Исаева,*** *т.ғ.к.*
*(Алматы қ.,Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Уақ мәселесі қазірге дейін қазақ тарихындағы бірден-бір көмескі мәселелердің бірі. Мақалада Орта жүз ру-тайпаларының, әсіресе уақ руының таңба,

ұраны, қоныстанған аймақтары, шежіресі ғылыми зерттеулерде ғалымдардың еңбектерін жан-жақты зерделеп, қарастырған.

***Түйін сөздер:*** уақ тайпасы, Орта жүз, шежіресі, рулық кестелер, шежірелер, Ш.Уәлиханов.

Халқымыздың ұлықты шежіресін жазу орта ғасырда өмір сүрген Қадырғали Жалайырдың еңбегінен бастау алары күмәнсіз. Ал, Шоқан Уәлиханов пен Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Сәрсен Аманжоловтың еңбектерінен кейінгі жерде халқымыздың шежіресін шын мәнінде ғылыми-зерттеу нысанасы дәрежесіне көтерген көптеген ғалымдардардың ғылыми зерттеулерін көреміз. Мұндай еңбектерде, әсіресе біз зерделеп отырған Орта жүзге қатысты зерттеулерде жүздердің бастапқы шығу төркініне, қазақ ұлтын құрап отырған үлкен тайпалар мен рулардың генезисіне, этникалық құрамы мен олардың өзара бірігу процесіне кеңінен тоқталған. Мұндай мағлұматтарды аңыз-әңгімелер арқылы зерделеп, таңба-ұрандар арқылы дәлелдеп береді.

Шежіреде рулық кестелер жеке-жеке алынып, үлкен және кіші аталар бойынша таратылған. Әрине, бұл шежірелік кестелерді толық әрі дәл деп ұғынуға болмайды. Оны авторлар белгілі бір үлгі-нұсқа, кестелер келешекте толығып, түсіп қалған, ұмыт болған ұрпақтармен жалғасып отыруы тиіс деген пікірлерде болғандығын көреміз.

Еліміз дербестікке қол жеткізгелі жерімізге көз алартушылар пайда болған тұста қазақ жерінің ежелден нақты ру-тайпаларының байырғы мекені екені бұл да бұлтартпас айғақ деп түсінгеніміз, тарихи танымымыздың жаңғыруына себепті салдар деп ұққанымыз абзал. Уақ мәселесі қазірге дейін қазақ тарихындағы бірден-бір көмескі мәселелердің бірі. Уақтар көбінесе Керей тайпасының бір бөлігі ретінде қаралып келеді.

Қазақтың көне шежірелерінде Керей Уақтарды баяғы Алаш - Жүзей - Жанарыс - Жаншора – Ойшыбайдан сабақтаса, Ш.Құдайбердіұлы мен Ш.Уәлиханов Еркөкшеден таратады [1; 2].

М.С.Мұқанов және көптеген зерттеуші ғалымдар Уақ атауының көне деректерде кездеспейтіндігін айтқандай, оны кейіннен пайда болған тайпа деген ортақ пікір айтады. Бірақ ол кейін қайдан пайда болғандығына байланысты ғалымдар әр түрлі пікірлер келтірген. «Уақ руы алғаш Абылайханның тұсында белгілі болды, - деп жазады Ш.Құдайбердіұлы, - орыс тарихшыларының белгілеулеріне қарағанда, орыстар алғаш Керейлерді жолықтырғанда, Уақтар олармен бірге болыпты»,- деп өз ойын тұжырымдайды [1, 79 б.]. Орта жүз Керейлердің орыс саясатының нысанына ілінгені де сол Абылайханның тұсы немесе XVII ғасырдың соңы болған.

Н.А.Аристов Мұса Шормановтың дерегіне сүйеніп, уақты арғынның Ақжолының некесіз әйелінен туғызады [3]. Сонымен қатар, Ш.Ш.Уәлиханов уақтар тарих төрінен Ер Көкше, Ер Қосай арқылы Алтын Орда мемлекеті ыдыраған тұстан көріне бастады деп келтіреді. Осы тұжырымды М.С.Мұқанов: «Әрине Ш.Уәлиханов уақ тайпасының этникалық бірлік ретінде шығу кезеңін емес, уақ тайпасынан шыққан Ер Көкше эпосындағы кейіпкердің тарих төрінен көрінуін айтады немесе уақ - өте көне ғасырда өмір сүрген, аты аңызға айналған, осы тайпаның негізін қалаушысы» [4, с. 38].

Ә.Х.Марғұлан уақтарды керейлерден шыққан деген тұжырым жасайды. Олардың керейлерден бөлінуін XIII ғасырға жатқызады [5, 138 б.]. Сонымен қатар мұндай тұжырымды Н.Е.Масанов монографиясынан көреміз [6].

Уақ тайпасының этнониміне қатысты ғылыми зерттеуде нақты нанымды дәйек кездеспейді. Ш.Құдайбердіұлының пікірінше, уақ елі «ұсақ ел» деген сөзден шыққан. Мұндай тұжырымын арғын, найман, керей ішінде ұсақ аталардан жиылған болар деп түйіндейді [1, 67 б.]. Осы пікірді М.Тынышбаевтың зерттеуінен көреміз, яғни, уақ сөзін «ұсақ, майда» мағынасына сәйкес дей келе, «уақтар Орта жүздің ең саны аз руы болып табылады», - деп өзіндік пікір келтіреді [7].

Ал, Ә.Х.Марғұлан мен Н.Мыңжан зерттеулерінде IX-XIII ғасырларда шығыс Моңғол құмын мекен еткен онгуттарды «Уақтар» деп атайды. Бірақ аталған екі

тарихшының нендей деректерге сүйеніп онгуттарды «уақ» деп атағаны белгісіз [5, 138 б.; 8]. Н.Мыңжан тек Онгутқа «уақ» атауын тіркеп өтеді. Ал, Әлкей Хақанұлы ертедегі онгуттардың тарихына байланысты материалдар мен мәдени мұраларды уақтарға тән деп таниды. Уақтардың шығу тегі туралы халық аңыздары, шежірелердің бірқатары Уақты Керейдің інісі, басқа біреулері – ағасы деп санайды. Аңыз бойынша, Керей мен Уақ ағайынды адамдар. Осы екі тайпаның үнемі бірге көшіп жүретіні, қыстауы мен жайлауының жақындығы, керейлердің саны көп тайпа ретінде аз тайпа – уақтарға құрмет білдіретіні, расында да Керей мен Уақтың туыстығын көрсетеді. Тарихи шежірелер және жазба деректерде «Уақ-Керей қосалқы атау түрінде қолданылады, өйткені бұл екі тайпаның ата туыстығы Моңғол үстіртін мекен еткен сонау IX-X ғасырлардан басталған. Қазақ шежіре кестелері бойынша «Уақ - Керей батырдың жиені» деп айтады. Әрине, мұны тарихи ақиқат деп танығаннан гөрі екі тайпаның етене жақындығының символы тұрғысынан қараған жөн деп білеміз. Уақ руының негізгі ұраны «Жаубасар» екенін көптеген ғалымдардың зерттеулерінде келтірілгенін көреміз [9; 4, с. 37], ал М.Тынышбаев бұл ұранмен қоса «Бармақ» деп көрсеткен [7, 29 б.].

М.С.Мұқанов зерттеуінде М.Тынышбаевтың келтірген ұранын ел арасында экспедиция барысында кездестірмегеніне жүгініп, бұл тайпаның емес, өзге жергілікті тобының ұраны болуы мүмкін деп түйіндейді [10, с. 80].

Назар аударатын жайт, уақ тайпасының таңбасын Марат Сәбитұлы өз зерттеулерінде әр түрлі етіп көрсетеді. Мәселен, алғашқы монографиясында деректерге сүйене отырып, II және X таңбасын келтіреді [10, с. 80], мұндай тұжырымды М.Тынышбаев зерттеуінен де көре аламыз [7, 29 б.]. Бірақ осындағы алғашқы II таңбасын М.С.Мұқановтан өзге зерттеулерінен көре алмаймыз. Марат Сәбитұлы кейінгі жылдардағы зерттеулерінде уақтың жалпы таңбасы X таңбасы деп келтіреді [11, 260 б.]. Мұндай таңбаны, сонымен қатар, С.Аманжоловтың зерттеуінен де көреміз [9, с. 16].

М.С.Мұқанов уақтың негізгі таңбасы, керейдің X таңбасына ұқсас, бұл керей мен уақтар туыстығының бір дәлелі болып табылады деп өзіндік тұжырым жасаған.

Уақ руын таратуда ғалымдарда ортақ пікір жоқ. Ш.Құдайбердіұлы Уақтан – Ер Көкше, одан Ер Қосайды таратқан. Осы Ер Қосайдан Шоға, Сарман, Байназар, Ергенекті Уақ деп таратады [1, 67 б.]. М.Тынышбаевтың шежірелік нұсқасында Уақтан: Қосайдан Шоға, Сарман, Байназар, Сарыбағыс, Шайкөз руларын бөледі. Мұның соңғы төртеуін Ергенекті Уақ деп атап келтіреді [7, 25 б.].

Уақ руының шежіресін таратуда М.С.Мұқанов зерттеулерінде әр түрлі кестелерді келтірген. Мәселен, алғашқы зерттеуінде Уақ, Бетке, Бетеге, Изен, Қамбар, Бекше, Көкше, Еркөкше, Ерқосай деп таратқан. Осы Ерқосайдан Сарман, Сарбағыз, Шұға, Байназар, Әлімбет, Сыргелі; Ергенекті уақтан: Бидалы, Жансары, Баржақсы, Шайкөз [4, с. 148] өрбитіндігін келтіреді. Ал келесі зерттеулерінде, уақтың негізгі екі рулық одағын: Жантелі мен Жангелді деп келтіреді. Осы Жангелдіден: Шоға, Сарман, Ергенекті уақты таратады [10, с.67]. Ғалымның өзге зерттеулерінде, осы Жантелінің бәйбішесінен: Шоға, Ергенекті; кіші әйелінен: Еренші батырды өрбітеді. Ал, Марат Сәбитұлының соңғы монографиясында: Жантелінің бәйбішесінен тек Шоға, ал кіші әйелінен: сарман, Ергенекті уақ, Еренші батырды таратады [11, 218 б.]. Көріп отырғанымыздай, ғалымның өз шежірелік нұсқасында еш ұқсастық жоқ. Тек осы Жантеліні таратуда Марат Сәбитұлы әр түрлі шежірелік кесте келтірген.

Осындағы аталмыш Шоғаны таратуда М.С.Мұқанов кейбір еңбектеріне ортақ пікір, яғни: Еліс, Мүлкісті таратса [10, с. 67], ал, келесі уақ және керей тайпасын тереңінен, жан-жақты талдаған зерттеуінде өзгешеліктер бар. Мәселен, Шоғадан: Еліс, Мүлкіс; Қарабас, Қарақой, Шоқа деп толықтырулар жасап, өрбіткенін көреміз [4, с. 148]. Бірақ, осындағы Мүлкіс пен Қарабасты ағайынды деп келтірсе, ал өзге еңбектерінде, Мүлкістен Қарабасты таратады [11, 212 б.].

Жантеліден кейбір зерттеуінде Сарманды таратса [11, 262 б.], басқа еңбектерінде Ерқосайдан өрбітеді. Ғалымның соңғы таратуын Ш.Құдайбердіұлы еңбегінде көреміз [1, 91 б.]. Осы Сарманды таратуда Марат Сәбитұлының ортақ шежірелік кесте келтіргенін көреміз. Яғни, ғалым Сарманнан: Тілеуді, Қонайды таратады. Жантелінің Ергенекті уағын таратудағы шежірелік нұсқаларында еш айырмашылық жоқ, бірдей тараткан [11, 210 б.].

Осы Ергенекті уақ этнонимінің шығу тегі туралы Марат Сәбитұлының зерттеуінде екі жорамал келтіреді. Біріншісінде, Жантелінің ұлы Ергенекті найман руының қызына үйленген де, ұрпағы осылай аталған, ал екіншісі бойынша, этноним ергенек таңбасынан қалыптасады [11, 213 б.].

Бұл атауға байланысты өзге зерттеулерден дерек кездестіре алмадық. Біздің пікірімізше, М.С.Мұқанов, негізінен таңбаға қатысты деректерді көрсетуі дұрыс деп ойлаймыз. Ал XIX ғасырдың бірінші жартысында уақтар Орта жүздің барлық округтерінде қоныстанған, алайда олардың біразы Аягөз (Сарыман-Уақ, Шоға-Уақ болыстары) және Аманқарағай (Баржақсы-Уақ, Байдалы-Уақ, Жансары-Уақ болыстары), соңынан Құсмұрын сыртқы округтерін мекендеген [12], ал шағын топтары Ақмола, Қарқаралы, Көкпекті, Баянауыл сыртқы округтері мен Омбы ішкі округтерінде кездескен [13]. XIX ғасырдың екінші жартысында уақтардың кейбір рулары Петропавл уезінің Обаған өзенінің шығыс жағалауында, Алабота, Қойбағар, Алқар, Жалқайық, Шошқалы көлдерінің жазығында, Есіл, Қойбағар, Түнтүгір өзендерінде көшіп жүргенін көрсетеді. Ондаған шаңырақ Теке өзені маңында қоныстанған. Петропавл уезінде 221 ауыл (2260 шаруашылық) болған, бұл барлық шаруашылық санының 19,8% болады. Уезде Ергенекті уақ руының қауымдары көбірек те, Шоға руының өкілдері азырақ болған [14].

Павлодар уезінде уақтардың 1399 қожалығы болған. Олар Ертістің оң жағалауындағы он шақырымдық өңірден шығысқа қарай Барабин даласымен шектесіп жатқан көптеген көлдерге дейінгі далаға орналасқан [15, с. 23]. Уақтар иелігінің оңтүстік шегі Әжіболат-Қарасу көлдері бойымен өткен. Ертіс өңірінде уақтар негізінен Тереңкөл болысында орналасты, мұнда Әжібек, Абырай аталары мен аздаған Шоға руы қоныстанды [10, с. 159].

Семей уезінде 5728 қожалығы болған. Төрт болыс пен Қызылқұм болысының бір бөлігі солардан құралған. Олардың орналасқан жерлері – Семей қаласынан оңтүстікке қарай Семейтау, Белтерек, Арқалық тауларының жазығы, Ащыкөл өзенінің төңірегі және Ащысу өзенінің бас жағы. Олар Ертістің оң жағалауында уездің он шақырымдық өңірін бойлай және одан әрі шығысқа қарай Лебяжье, Черный поселкелері аралығындағы жазыққа орналасқан. Өскемен уезінің жерінде, Бұқтырма өзенінің бас жағында және Арташы тауының төңірегінде керейлермен бірге уақтардың 68 қожалығы көшіп жүрген [16, с. 23].

Уақтардың шағын топтары Кіші жүздің жерінде Тамды, Қарақобда және Сарықобда өзендерінің бас жағын мекендеген. Өз тайпаластарынан бөлініп қалған бұл уақтар Кіші жүз рулары (Әлімұлы, Жетіру тайпалары) арасында қоныстанған.

Қорытындылай келе, қазақ халқының этникалық атамекені XVI-XIX ғасырларда қазіргі Қазақстан Республикасы жерінің шекарасы қалыптасты. Араб, парсы, Батыс Еуропа, Қытай саяхатшыларының Қазақстанның ұланғайыр далалары арқылы өткен немесе болған адамдардың әңгімелері арқылы дала халқына сипаттама берген тарихшылардың жазбаша деректемелері осыны дәлелдейді.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – 80 б.

2. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2-басылым. – Алматы, 1985. – 111 б.

3. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. – Вып. 3, 4. СПб., 1896. – С. 97.

4. Муканов М.С. Из исторического прошлого: (Родословная племен керей и уак). – Алматы, 1998. – 160 с.
5. Марғұлан Ә.Х. Тамғалы тас жазуы // Жұлдыз. – 1984. - №1. – 132-147 бб. (141).
6. Масанов Н.Е. К этнической истории уаков // Проблемы изучения и охраны памятников Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – С. 129-135.
7.Тынышбайұлы М. Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар. – Целиноград, 1991. – 22 б.
8. Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы. – Алматы, 1993. – 191 б.
9. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1997. – . 16 б.
10. Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. – Алма-Ата, 1974. – 200 с.
11. Арғынбаев Х., Мұқанов М.С., Востров В.В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 464 б.
12. ҚР ОМА. 374-қ, 1-т., 2077-іс, 189-п.; 4847-іс, 7-9-пп.
13. ҚР ОМА. 374-қ, 1-т., 560-іс, 14,18-37, 98, 290-291-пп.; 612-іс, 14-п.; 2077-іс, 17-18, 189-191-пп.; 5227-іс, 7-45-пп.
14. Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы. – Алматы, 1994. – 54 б.
15. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Т. IV. Павлодарский уезд. – Воронеж, 1903. – 662 с.
16. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Усть-Каменогорский уезд. – СПб., 1905. Т.9. – С.82, 99, 80, 369.

**Резюме**

**История тайпы уак в историографии**

***А.И.Исаева,*** *к.и.н.*

*(г.Алматы қ., Казахский государственный женский педагогический университет)*

В статье на основе документальных источников и специальной исторической литературы исследуется этническая история казахского племени уак из Среднего жуза, начиная с IX-X веков вплоть до XIX века.

**Ключевые слова:** маленькое племя, Ближний сто, происхождения, этнические, столы, генеалогический, Ш.Уалиханов.

**SUMMARY**

**History tribal ïstorïografïï UAC**

**A.Ï.Ïsaeva,** *k.ï.n.*

*(The city of Almaty. Kazakh state female pedagogical university)*

In article on the basis of documentary sources and special historical literature the ethnic history of the Kazakh tribe since is investigated the X-XIX century.

**Keywords:** malenkoe plemya Blïjnïy Sto proïsxojdenïya Ethnic groups, tables, genealogy, Sh.Ualikhanov.

ӘОЖ 9(С) 55 А 33

# ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

***Г.К. Астемес,*** *магистрант*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Бүгінгі таңда Қазақстандағы саясаттың басты бағыттарының бірі – бұрынғы кеңестік республикалармен және Орталық Азия елдерімен ықпалдастықты дамыту болып отыр. Қазақстан мен Орта Азия елдерінің ынтымақтастығы шекаралас жатқан дүниежүзі мемлекеттерімен халықаралық қатынаста тек бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету және жалпы қауіпсіздікті сақтаудың ерекшелігі айқындалған. Еліміздің болашағын дамытуда Орта Азия елдерінің ынтымақтастығы туралы мәселелерді көтеріп, оны іске асыруда біршама табыстарға қол жеткізгендігі баяндалған. Еліміздің аймақтық саясаты өзара сенімді нығайтып, интеграцияны одан әрі дамытуға бағытталуда. Өйткені, Орталық Азия елдеріндегі тұрақтылық пен оның одан әрі өркендеуінің басты кілті, басты мүмкіндік те осы ықпалдастыққа тәуелді.

***Түйін сөздер:*** Қазақстан, Орталық Азия, елдер, ынтымақтастық, достық, интеграция.

1991 жылы 16 желтоқсанында ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, еліміз егеменді ел атанып, ес жиып, еңсемізді көтеріп, көк байрағымызды әлемге танытып, халық болып, империя тозағының астында қалған тарихымыздың ақтаңдақтар бетін ашып, бүгінде Қазақстан келесі адамзат тарихының алып айдынына адаспай жол тауып, өзінің ертеңіне, болашағына еркіндікпен жүзіп келеді. Сол еркіндікпен жүзіп келе жатқан мемлекетіміздің дамуының бірден-бір шарты ұлттық тұтастығымызды сақтау. Бұл дегеніміз мемлекетіміздің қоғамдық өмірдегі барлық салалары бойынша халықаралық ынтымақтастықтың толыққанды субъектісіне айналуына көз жеткізуіміз қажет.

Сондықтан да, Қазақстан Республикасының шекаралас жатқан дүниежүзі мемлекеттерімен халықаралық қатынаста тек Азия аймағы емес бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету және жалпы қауіпсіздікті сақтауда маңызы зор.

Сонымен қатар Кеңес Одағы ыдыраған күннен бастап, Елбасымыз еліміздің болашағын дамытуда Орта Азия республикаларының ынтымақтастығы туралы мәселелерді көтеріп, оны іске асыруда біршама табыстарға қол жеткізді. Атап айтқанда Елбасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Орталық Азия елдері Одағын құруды, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан арасындағы жасалған мәңгілік достық туралы шартқа қол қойғандығы, Еліміздің экономикалық мүдделерінің, мәдени-тарихи тамырымыздың, тіліміздің, дініміздің, экологиялық проблемаларымыздың ортақ екенін» баса көрсеткен болатын [1].

Ал, антикалық қоғамның алыбы Марк Тулий Цицерон кезінде кемеңгер ел басшылары тарихтың бұрмалаң тұстарын күні бұрын көре біліп, келеңсіз жағдайларға жол бермей, мемлекеттің қуатын нығайтуға барынша күш салу керек деген еді [2]. Расында да бүгінгі жаһандану заманында өз тәуелсіздігін сақтап қалу оңай шаруа емес екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Себебі, өңірдің байлығына көз тігіп отырған қаншама ірі державалардың бар екендігі, егемендігіне енді ғана қол жеткізген жас мемлекеттерді өз уыстарынан шығармауға тырысып отырғандығы баршамызға аян. Осындай жағдайларды ескере келіп, Елбасымыз жыл сайынғы жолдауында мұндай қиыншылықтарға бауырлас халықтар болып, ауыз бірлігі жарасқан ел болып қимыл жасағанда ғана төтеп беруге болатындығын айтқан болатын. Міне, еліміз көршілес жатқан елдермен қарым-қатынас орнату нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық, саясатының жедел дамуында Еуропа мен

Азияның орталығында өзіндік орны бар, халықаралық ынтымақтастықтың әртүрлі одақтары мен ұйымдарының мүшесі екендігін ұмытпауымыз қажет.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы саясаттың басты бағыттарының бірі – бұрынғы кеңестік республикалармен және Орталық Азия елдерімен интеграциялық үдерісті дамыту болып отыр.

Интеграцияның алғашқы құжаты 1994 жылы 30 сәуірдегі Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің Біртұтас экономикалық кеңістік құру тауралы шартқа қол қоюдан басталды. Сондай-ақ Тәжікстанның осы шартқа қол қоюы (1998 ж. 26 наурыз), «әскери қауіпсіздік тұжырымдамасына» келісім жасау (1992 ж. 9 қазан), «әскери-техникалық ынтымақтастық» шартқа қол қою (1994 ж. 8 шілде), «БҰҰ–на қарасты ұжымдық бітімгершілік батальонын құру туралы» келісім жасау (1995 ж. 15 желтоқсан), «Арал теңізі және Арал өңіріндегі проблеманы шешу, әлеуметтік-экономикалық өркендеуін қамтамасыз ету» туралы келісімге қол қойылуы (1993 ж. 26 наурыз), «Орталық Азия ынтымақтастық ұйымының» құрылуы (2002 ж. ақпан) [3]. Осы аталған заңды құжаттардың алға қойған міндеттері: өңірде тұрақтылықты қамтамасыз ету, өңірлік қауіпсіздік пен экономикалық интеграцияның орнықты жүйесін қалыптастыру, есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес, шекаралық, кеден және салық қызметтерінің өзара ықпалдастығы. Өңірлік және мемлекетаралық сипатқа ие болып отырған үш жобаның жүзеге асуын қамтамасыз ету. Олар: аймақта су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, коммуникациялық жобаларды жүзеге асыру, мемлекеттерді азық-түлікпен қамтамасыз ету болып табылады. Бүгіндегі әлемдік өркениет жағдайында болып жатқан түбегейлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістер Орта Азия аймағындағы елдерге де тікелей қатысты. Себебі, Орталық Азия әлемдік экономиканың маңызды бөлігіне айналып отыр. Орталық Азия ынтымақтастығы, оның ішінде Қазақстан мен халықаралық қатынастарды құру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып отыр. Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерімен халықаралық қатынастар жүйесіне кіре отырып, жаңа үлгідегі ынтымақтастық пен қарым-қатынастарды қалыптастыруда.

Қазіргі сәтте Орталық Азияның ынтымақтастық пен қарым-қатынастарының дамуында екі жол бар. Бірінші жол өзінің әлемдік экономикадағы шикізат көзі ретіндегі рөлін бекіту. Екінші жол – интеграция. Әлемдік экономикадағы шикізат көзі - бұл тұрақтылық, экономикалық өрлеу, әскери және саяси қауіпсіздік жолы, Орталық Азиялық елдердің тәуелсіздік жылдары, сыртқы күштер арасында Орталық Азиядағы геосаяси және геоэкономикалық ықпал сферасы және оның табиғи ресурстары үшін күрес пайда бола бастауы әлемдік саясатқа тікелей байланысты болды. Ал, әлемдік интеграциялық процеске, аймақ ішіндегі өзара қарым-қатынас жасау, көршілес елдерімен және басқа да мемлекеттермен мәселелерді шешуге негізделген [4].

Орталық Азия елдерінің экономикалық, саяси – құқықтық жүйелері жағдайының транзиттік сипаты, жаңару үдерістерінің әртүрлі серпіні, бағыты және тереңдігі, осы үдерістер шеңберінде жүргізіліп жатқан реформалар өмірлік қажетті интеграцияны жүзеге асырудағы қиындықтарды анықтайды.

Сондықтанда Қазақстанда интеграциялық үдерістердің деңгейімен және жағымды нәтижелерімен органикалық ұштасқан саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім және аймақтағы қауіпсіздікті сақтау ауадай қажет. Қазақстан ғана объективтік жағдайлары мен XX ғасырдың аяғында басталған қайта құрулардағы ішкі табыстарына байланысты интеграцияның басты қозғаушысы әрі көшбасшысы рөлін атқара алды. «Дамудың Қазақстандық моделі» қазіргі кезеңде барлық ТМД елдеріне үлгі болуда.

Сонымен, ТМД шеңберінде интеграция үдерісін және бұрынғы кеңестік республикалардың өзара қатынасының басқа да түрлерін зерттеу, осы үдерістердегі Қазақстан Республикасы саясатының рөлін, қосқан үлесі мен маңызын анықтау Қазақстандық тарих ғылымының ғылыми және саяси-практикалық өзекті міндеті болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан 62 әлемдік және аймақтық ұйымға мүше, 24

мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатып, дүниежүзілік қауымдастықтың 54-інде Қазақстанның елшіліктері мен өкілдіктері жұмыс атқарып, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың 70-ке жуық дипломатиялық өкілдіктері қызмет жасайды.

Ал, Қазақстанда Елбасы «әлемдік шаруашылық байланыстардың қазіргі заманғы даму бағыты теңдік, ерікті және прагматикалық қызығушылық негізіндегі интеграционизм, бұл – Еуразия үшін лайықты келешек, яғни, тек сондай жағдайда ғана ол XXI ғасырдағы әлемдік экономика мен саясаттың жаһандық факторы бола алады» деген еді [5].

Демек, Қазақстанның аймақтық стратегиялық маңызы өте зор. Екіншіден, тікелей теңізге шыға алмайтын құрлық ортасындағы мемлекет ретінде біз, әлемдік нарыққа тек көрші мемлекеттер арқылы ғана шыға аламыз, сондықтан көршілес елдермен байланыс орнатудың мәні қаншалықты зор екендігі айтпаса да түсінікті. Үшіншіден, Қазақстан табиғи ресурстарға өте бай, оның ішінде, әсіресе, табиғи газ, мұнай, түсті металдар және басқа да пайдалы қазба көздері бар. Ауылшаруашылығы саласында мақта, астық, көкөніс және басқа да экономикалық дақылдарды дамытудағы мүмкіндіктері мол. Сондықтан еліміз едәуір зор экономикалық потенциалға ие. Төртіншіден, ұлттық, діни, мәдени жағынан алғанда біздің еліміздің өзіндік айырмашылығы бар. Кейбір мемлекеттерде шиеленістің себебі, болған бұл фактор Қазақстанда біріктіруші күш ретінде артықшылыққа айналып отыр.

Дегенмен, мемлекет басшысының таңдаған сара жолының арқасында еліміздің бүгінгі жетістіктері биігінен көрінді. Қазақстан өзін толығымен ақтаған көп бағытты сыртқы саясатты ұстана отырып, әлем елдерімен тең құқықты ынтымақтастықты дамытуда.

Қазіргі заманғы үлгі ретінде интеграциялық бірігу жолын тандап алған Орталық Азия мемлекеттері ортаазиялық интеграцияны объективті қажеттілік ретінде, территориялық тұтастықпен, сол сияқты экономиканың ең маңызды, ең басты салаларымен байланыстырады. Тарихи қалыптасқан тығыз шаруашылық байланыстары мен аймақтың ұтымды геосаяси жағдайы Орталық Азия мемлекеттерін өзара ынтымақтасуға жетелейді. Сол сияқты аймақтың газ, су-энергетика ресурстарын, экологиялық мәселелерін бірлесе отырып шешу, көлік-коммуникация жүйелерін бірлесе отырып пайдалану, соңғы жылдары күшейіп келе жатқан наркобизнес пен әр түрлі экстремистік, террористік топтар мен ағымдарға бірлесе отырып күрес жүргізу сияқты маңызды шараларды іске асыру үшін де аймақтық интеграция қажет. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттерінің нарықтық экономикаға өтуі мен интеграцияны таңдап алуы жаһандану жағдайында орындалуы әлемдік тарихтағы бірінші оқиға.

«Жаһандану – халықаралық қатынастардағы коғамдық өмір мен іс-әрекеттердің әр түрлі салаларындағы өзара тәуелділік пен өзара әсер етудің нығаюы». Қазақстандық ғалымдардың пікірінше, «жаһандану жағдайында қарастырылатын әлемдік экономикалық жүйедегі ұлттық шаруашылықтың интеграциясы мәселелерін қарастырғанда, аймақтық интеграция мәселелерін тысқары қалдыруға болмайды.

Аймақтық құрылымдар қазіргі таңда ғаламдастырудың негативті зардаптарына қарсы тұру үшін маңызды құрал болып табылады. Мысалы, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық институттардың кең көлемдегі ынтымақтастығы және оның тиімділігіне көңіл бөлуі, әлемдік экономиканың күшеюі, ұлттық экономиканы объективті түрде аймақтық интеграцияға итермелейді» [5].

2011 жылы Алматыда Қазақстандық-ресейлік сарапшылар кеңесінің ұйымдастыруымен «Орталық Азия: жаңа тарихтың жиырма жылы» атты семинар өтті. Бұл семинарда Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры Болат Сұлтанов өзінің баяндамасында «Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастық, тату-тәтті көршілік қарым-қатынасты одан әрі нығайту, дамыту» туралы қазіргі кезеңде бізге

көшпенділердің өркениетін – номадизмді оқып-үйренуге, зерттеуге басты назар аудару қажет екендігін баса айтты.

Ал, сыртқы істер министрінің орынбасары Қайрат Сарыбай өз кезегінде Елбасының Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Түрікменстан мемлекеттеріне ресми сапарының және бұл елдердің басшыларының біздің елімізге қайтара сапарларының нәтижелері мемлекетаралық ынтымақтастықта жаңа әрі тың үрдістердің айқындала бастағанын Қазақстан Қырғызстандағы ең ірі инвестор болып табылатындығы. Мәселен, еліміз 2008 жылы Қырғызстан экономикасына 334,3 миллион доллар көлемінде (немесе Қырғызстан инвестициясының жалпы көлемінің 51,5 пайызы) инвестиция салды. Жыл басынан бері еліміз көршілес елдерге көмек көрсету бойынша мемлекетаралық бағдарламаны жасауға кірісіп кетті. Қазақстан Өзбекстан экономикасында оның негізгі сауда әріптестерінен (Ресей, Қытай) кейін үшінші орынды иеленуде, – деді [6].

Қорыта айтқанда, біздің еліміздің аймақтық саясаты өзара сенімді нығайтып, интеграцияны одан әрі дамытуға бағытталуда. Өйткені, Орталық Азия елдеріндегі тұрақтылық пен оның одан әрі өркендеуінің басты кілті, басты мүмкіндік те осы ықпалдастыққа тәуелді. Сондай-ақ Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» деп аталатын еңбегіндегі «Орталық Азия елдері күшті және тәуелсіз аймақ бола алады, өйткені, соңғы 500 жылдың ішінде тұңғыш рет біздің аймақ дүниежүзілік экономика үшін маңызды аймақ болып отыр» деген пікірлері толықтыра түсері сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // Егемен Қазақстан - 2005. 19 ақпан.
2. Қайырғалиев М. Қазақстан мен Орта Азия Республикалары қарым-қатынасының болашағы //Международная научно-практическая конференция. 7-8 апреля 2005.
3. Абдулпаттаев С. Орталық Азия мемлекеттерінің Одағын құру бастамасының маңызы // Международной научно-практической конференции 7-8 апреля 2005.
4. Жоламанова Г. Центральная Азия: интеграция и геополитика. 11-05-2006. http://www.iimp.kz
5. Егемен Қазақстан -2010. – 12 наурыз.
6. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында. – Алматы. – 2006 .
7. Егемен Қазақстан. – 2011. – 29 наурыз.

**Резюме**

**Сотрудничество Казахстан и Центральной Азии**

**Г.К. Астемес,** *магистрант*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

В настоящее время, одним из основных направлений политики бывших советских республик Казахстана и стран Центральной Азии является развитие сотрудничества. Казахстан и страны Центральной Азии на границе с сотрудничества стран мира в целях обеспечения мира и стабильности во всем мире, международные отношения и общий набор функций безопасности. Поднять вопросы сотрудничества в будущем развитии страны, страны Центральной Азии, заявил, что он достиг больших успехов в осуществлении этого. региональная политика страны направлена на дальнейшее развитие интеграции и укреплению взаимного доверия. В конце концов, стабильность и дальнейшее процветание стран Центральной Азии главный ключ, в зависимости от главной особенностью этой интеграции.

**Ключевые слова:** Казахстан, центрально-азиатские страны, сотрудничество, дружба и интеграция.

**Summary**

**Cooperation of Kazakhstan and Central Asia**

**G.K. Aster,** *graduate students*
*(Almaty, the Kazakh State Women pedagogical University)*

In this article possibilities of development of integration collaboration of countries Kazakhstan are examined and Central to Asia.

Today, one of the main directions of the policy of the former Soviet republics of Kazakhstan and the Central Asian countries is the development of cooperation. Kazakhstan and the Central Asian states on the border with the cooperation of the countries of the world to ensure peace and stability in the entire world, international relations and the general set of security features. Raise the issues of cooperation in the future development of the country, the countries of Central Asia, stated that it has reached great achievements in the implementation of it. The country's regional policy aimed at the further development of integration and strengthen mutual trust. After all, the stability and further prosperity of the Central Asian countries the main key, depending on the main feature of this integration.

**Keywords:** Kazakhstan, the Central Asian countries, cooperation, friendship and integration.

## ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY

**УДК 37.036**
**Л38**

# К ВОПРОСУ ОБ ЭТЕТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

***Т.А.Левченко,*** *к.п.н., доцент,*
***Л.Е. Агеева,*** *к.п.н.,*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** В статье рассматриваются вопросы эстетического воспитания будущих педагогов через казахское декоративно-прикладное искусство. Эстетическое воспитание будущих педагогов необходимо осуществлять через казахское декоративно-прикладное искусство. Оно является одним из важных средств подготовки компетентного специалиста в области образования.

***Ключевые слова:*** эстетическое воспитание, эстетическое образование будущих педагогов, казахское декоративно-прикладное искусство, духовное наследие казахов, казахский орнамент.

Одним из результатов программы развития Казахстана должно стать появление педагога новой формации. Приоритетным направлением в формировании учителя новой формации определяется обновление содержания образовательных программ педагогических специальностей. Современная парадигма образования предполагает его ориентацию на развитие личности обучающегося, его познавательных и созидательных способностей. Главной педагогической целью такого образования является создание условий, способствующих тому, чтобы при усвоении любого компонента содержания образования развивалась сфера личностных функций учащегося. Наряду с этим одной из задач современного образования – формирование эстетической культуры специалистов, развитие способности понимать и оценивать произведения искусства и в соответствии с эти эффективно руководить процессом эстетического воспитания детей.

Переход на 12-летнее образование требует обращения особого внимания на духовное развитие личности педагога, повышение роли художественно-эстетического развития, а так же, специальной подготовки в области эстетического, художественного, нравственного воспитания учащихся.

Процесс образования это не только путь овладения личность профессий, но и способ приобщения ее к культуре. Современный специалист должен овладеть высокой общей культурой, системными знаниями о взаимодействии человека с природой, обществом, государством; отчетливо представлять роль образовательных процессов и систем своей деятельности в мировом культурном процессе, в контексте народной культуры.

Необходимость культурологической подготовки педагога обусловлена тем, что его деятельность постоянно связана с нравственной, эстетической, гражданско-правовой оценкой действий и событий, постановкой задач, принятием нестандартных решений, выбором систем обучения и воспитания, стратегий поведения, реализацией разнообразных идей.

Одним из средств эстетического образования будущих педагогов начальной школы развития его творческих способностей, является народное декоративно-прикладное искусство.

Народное искусство полифункциональное по своей сущности, интегрирует различные виды искусства, является фактором общечеловеческой культуры, сохраняя при

этом характерные национальные особенности, связанные с историей, жизнью, опытом, языком, традициями, культурой и религией народа.

Примером этого служит казахское декоративно-прикладное искусство, которому придавали большое значение в деле воспитания молодежи известные казахские просветители и педагоги прошлого (Ч.Валиханов, И.Алтынсарин, А.Кунанбаев). Они видели в нем сокровищницу культурного наследия, позволяющего глубже познакомиться с традиционными казахскими художественными ремеслами, сформировать представления о быте и традициях народа.

Казахский поэт-просветитель Абай Кунанбаев говорил об искусстве так - это подлинное, неиссякаемое богатство, которому необходимо учиться, как благородному делу [1].

В государственной Программе Республики Казахстан «Культурное наследие» отмечено, что активное приобщение молодежи к сокровищам народной культуры является ни чем не заменимым средством творческой самореализации личности, ее самоутверждения, раскрытие всех ее сущностных сил [2].

Воспитательное значение казахского народного искусства отмечают многие современные отечественные педагоги (М.Х.Балтабаев, С.А.Узакбаева, К.Ж.Кожахметова, Б.Альмухамбетов и др.). В своих исследованиях они отмечают, что ознакомление с произведениями Казахского Народного творчества способствует воспитанию патриотических и интернациональных чувств, приобщает молодежь к миру прекрасного, формирует художественный вкус, эстетическое восприятие, способность видеть, чувствовать красоту и гармонию творений рук народных мастеров.

Современное осмысление духовного наследия казахов показывает, что оно тесно связано с многовековой историей, жизнью и культурой народа. Своеобразные социально-экономические, исторические, географические условия жизни и быта, кочевой образ жизни – наложили свой отпечаток на материальную и духовную культуру, быт и религиозные воззрения, на особенности жилья, одежды, предметов хозяйственного обихода, народное искусство, песен, сказаний, сказок, пословиц, музыки, обрядов.

Различные предметы домашнего обихода хозяйственных и декоративных нужд, имеются в каждой юрте (мебель, посуда, одежда, ковры и др.). Они формируют эстетический и художественный вкус детей и молодежи, учат понимать красоту творений рук человеческих, отмечать своеобразие, выдумку, оригинальность, тонкий вкус и высокое мастерство.

Казахское декоративно-прикладное искусство многообразное, яркое и жизнерадостное в своей основе, раскрывает богатство культуры народа. Веками кочеваний народ, живший одной жизнью с природой, из поколения в поколение выработал удивительно тонкое восприятие окружающего мира, развил понимание связи формы декора вещей с их назначением.

Изделия, созданные народными мастерами, украшаются орнаментом, создавшимся на протяжении тысячелетий, в логической преемственности художественного мышления и его пластического эквивалента – формы, в строгом соответствии с эстетическими вкусами общества. При этом прообразами для построения собственной системы казахского орнамента несомненно служили предметы и явления окружающего мира, соединенные порой с магическими обрядовыми законами, трансформированными творческой мыслью многими поколениями.

Казахский орнамент всегда соответствует назначению вещи, её размерам и форме. В прошлом практически все орнаментальные узоры «читались», но, к сожалению, многие смысловые значения орнаментальных мотивов утрачены.

При чрезвычайной простоте, отработанности, приёмов исполнения, завершенности и лаконичности отдельных элементов изделий, отобранных и выверенных поколениями

мастеров, каждая разновидность народных промыслов представляет собой целостную художественную систему, неразрывно связанную с национальной культурой.

За 70-летний срок существования Казахского государственного женского педагогического университета накопился уникальный опыт. Важная роль в ознакомлении будущих педагогов с казахским народным декоративно-прикладным искусством принадлежит таким курсам как «Технология художественного труда», «Декоративно-прикладное искусство народов Казахстана». В рамках данных курсов решаются следующие задачи:

- повышение уровня общей культуры студентов;
- формирование целостного представления о культуре казахского народа;
- развитие эстетического восприятия народного искусства;
- формирование потребности в творческой самореализации;
- формированию компетентностного подхода к профессиональной подготовке.

Решение данных задач возможно при условии создания культурно-образовательной среды, познавательного интереса студентов к культуре Казахского народа, обогащении их теоретических знаний, формировании практических учений и навыков в области декоративно-прикладного искусства, приобщения к научно-исследовательной деятельности, осознанного подхода в профессиональной подготовке.

Для формирования у студентов искусствоведческой информированности и личной эстетической культуры предусмотрено изучение трудов таких искусствоведов как А.Х.Маргулана, Т.К. Басенова, Н. Нурмухаммедова, У. Джинибекова, К. Ибраевой и др. Студенты знакомятся с факторами, способствовавшими становлению и развитию декоративно-прикладного искусства казахов, своеобразием традиционных ремёсел, спецификой орнаментального искусства, особенностями жилища и предметов быта кочевого народа [3].

Важнейшим компонентом в подготовке педагогов по начальному образованию являются не только знания, умения и навыки, полученные на лекционных занятиях, но и опыт творческой деятельности, эмоционально-оценочная деятельность, общение, личностная ориентация в обучении, сотрудничество участников педагогического процесса.

Эстетическое образование студентов включает широкий спектр деятельности по развитию разнообразных интересов, склонностей, духовных потребностей. Культура личности неотделима от ее творчества, поэтому в подготовке будущих педагогов большое место занимает их разнообразная творческая деятельность.

Наиболее ярко результаты творческой художественно-изобразительной деятельности прослеживается при организации и проведении практических занятий. Студенты получают знания о технике изготовления казахских ковров (тускиизах, текеметах, сырмаках), кошмы, традиционном жилище кочевого народа (юрте), элементах национальных костюмах, предметах быта и т.д., но и сами принимают участие в их изготовлении. Так, в технике «курак» (лоскутного шитья) студенты выполняют корпеше (подушки, коврики) используя разнообразные геометрические элементы, подбирают соответствующие цветовые сочетания характерные казахскому орнаменту.

Большой интерес вызывает создание эскизов современной молодежной и детской одежды с использованием казахских народных мотивов. При выполнении каждого задания внимание обращается на такие компоненты культуры труда, как умение вносить элементы фантазии; творчества; аккуратность изделия; художественная грамотность в использовании; стремление к экономии.

Декоративно-прикладное искусство не есть что-то изолированное, особое в жизни казахского народа. Оно тесно сочетается с музыкой и фольклором, так как многие трудовые процессы сопровождаются шутками, прибаутками, пословицами, поговорками прославляющими старание и мастерство, порицающими торопливость, хвастовство,

леность и т.д. Поэтому подлинное чувство уважения к казахскому народному искусству нельзя сформировать, если студентов не приобщать к фольклору, выразительности языка, нравам и традициям народа.

Практическое овладение умениями и навыками культуры осуществляется на основе подготовки рефератов, изготовления предметов быта, а так же талисманов, сувениров, мягкой игрушки, эскизов детской одежды.

Особый интерес у студентов вызывает посещение дома моды «Сымбат», где представлены коллекции современной молодежной одежды с использованием элементов и орнаментальных мотивов казахского национального костюма.

Организуются экскурсии в Республиканский краеведческий музей и музей искусств имени Абылхана Кастеева, на выставки народного творчества.

Во время прохождения педагогической практики в начальной школе студенты привлекаются к подготовке и проведению народных праздников (например, «Наурыз»), изготовлению национальных костюмов, традиционных предметов быта, наглядных пособий. Тематика научно-исследовательской работы студентов и дипломных работ отражает содержание вышеописанного процесса.

Таким образом, эстетическое образование педагогов начальной школы средствами казахского народного декоративно-прикладного искусства требует разработки специального содержания, методов, форм основанных на современных достижениях отечественной науки и практики.

**Список литературы**

1. Кунанбаев А. Книга слов / Кунанбаев А. – Алма-Ата: ЕЛ. – 1993. – 128 с.
2. Государственная программа Республики Казахстан «Культурное наследие». – А. – 2003.
3. Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К. Калиев. – Алматы: Рауан. – 1995 . – 512 с.

**Түйіндеме**

**Болашақ мұғалімдердің эстетикалық тәрбиесі**

**Т.А. Левченко,** *т.ғ.к., доцент,*
**Л.Е.Агеева,** *п.ғ.к.,*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

Мақалада болашақ педагогтардың эстетикалық тәрбиесі туралы айтылады. Болашақ мұғалімдердің эстетикалық тәрбиесі қазақ сәндік-қолданбалы өнер арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Ол білім беру саласындағы құзыретті кадрларды даярлауда маңызды құралдардың бірі болып табылады.

**Түйін сөздер:** эстетикалық тәрбие, болашақ мұғалімдердің эстетикалық білім беру, қазақ өнер және қолөнер, қазақтардың рухани мұрасы, қазақ ою-өрнек.

**Summary**

**Central Bank of voprosw éteţïçeskom vospïtanïï bwdwşçïx pedagogov**

**T.A.Levçenko, Ph.D.,** *Associate Professor,*
**LE Aheeu,** *Ph.D.,*
*(Almaty, the Kazakh state*
*Female pedagogical university)*

In the article the future is talked about aesthetic education teachers. In rassmatrïvayutsya become issues éstetïçeskogo sense bwdwşçïx the application via pedagogov Kazakh Decorative art. Éstetïçeskoe vospïtanïe bwdwşçïx pedagogov to the application via oswşçestvlyat Kazakh Decorative art. Ono GX odnïm from vajnıx Tools podgotovkï kompetentnogo specïalïsta in the region of Education.

**Key words:** éstetïçeskoe vospïtanïe éstetïçeskoe Education bwdwşçïx pedagogov Kazakh Decorative an art, dwxovnoe Heritage kazaxov English ornament.

**ӘОЖ 152**
**Д 33**

# ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Г.С. Дербисалова,****дефек. г.м., аға оқытушы,*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері туралы айтылады. Қазіргі психологиялық-педагогикалық және арнайы әдебиеттерде психикалық дамуындағы тежелуі бар балалардың даму ерекшеліктері мен оқыту мәселелеріне көп назар аударылған.Мұның себебі орта мектепте оқитын балалардың арасында психикалық дамуы тежелген балалардың саны жылдан жылға өсіп жатқанымен байланысты. Қазіргі мәлеметтер бойынша, балалар популяциясында түрлі генезді психикалық дамуының тежелуі бар балалар саны 10- 15% құрайды [1].

***Түйін сөздер:*** сөйлеу тілі, психикалық дамуы тежелген балалар, тіл кемістіктері, тілдің бұзылуы.

Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың сөйлеу тілі дамуының баяулығы, жалпы жетілмеуі, тіл кемістіктердің пайда болуы және олардың сан алуанды болып келуі байқалады. В.А.Ковшикова мен Ю.Г.Демьянованың зерттеулерінде 7-9 жасар психикалық дамуы тежелген 40 баладан 38-де (95%) сөйлеу тілінің әр түрлі кемістігі бар екені анықталды [2].

ПДТ балаларда қалыпты жағдайда кездесетін тіл кемістігінің барлық түрлері байқалады. Мектепке дейінгі ПДТ балалардың сөйлеу тілінің фонетикалық жағын зерттеген Г.Г.Голубеваның айтуынша, мұнда дыбыс айтуының полиморфты бұзылу түрлері басым болып келеді, айтуы бұзылған дыбыстардың фонетикалық топтар саны үштен асады. Бірінші орында сонорлы Р және Л дыбыстардың айтылу кемістіктері, одан кейін ысқырық және ызың дыбыстарды айтуының бұзылуын белгілейді. Дыбыс айтудың бұзылу нұсқаудың ішінен дыбыстардың шатасуы көбірек кездеседі. ПДТ балалардағы дыбыс айтуының ауырлығы есту-сөйлеу және сөйлеу-қозғалыс талдағыштарының жұмысы мен өзара байланысының бұзылу деңгейіне қатысы бар. Мысалы, ПДТ балалардың дыбыс айтуының бұзылуы механизмдері мен көрініс деңгейлері тіл кемістігінің дизартрия немесе дислалия болуына қарай әр түрлі болуы белгілі. Дизартрияға шалдыққан ПДТ балаларда, ең алдымен, артикуляциялық күрделі қозғалыстарды талап ететін дыбыстардың (Р, Л, Ш, Ж, Қ, Ғ) айтылу бұзылыстарын белгілейді. Балалар ол дыбыстарды қозғалыстары оңайырақ дыбыстарға алмастырады, бүйірлік және тіс аралық айтылу түрлері бойынша бұрмалайды немесе мүлдем айтпайды. Артикуляциялық моториканың бұзылу күрделігі фонематикалық қабылдаудың бұзылуына алып келеді, бұл дыбыс айтуының бұзылыстарын одан әрі ұлғайтады. Ал дислалиясы бар ПДТ балалардың дыбыс айтылуындағы бұзылыстары, Г.Г.Голубеваның зерттеулері бойынша, келесідегідей: артикуляциясы қиындау дыбыстарды еріндік-тістік және тіс төңіректік айтылу түрлері бойынша бұрмалау, артикуляциясы оңайырақ дыбыстарға алмастыру (Ш, З - С), артикуляциялық сипаттары жақын дыбыстарды шатастыру (С—Ш, З—Ж, Л—Л' Р—Л). Дислалиясы бар ПДТ балалардың дыбыс айтуының негізіне

фонематикалық есту қабілетінің жетілмеу мен артикуляциялық ажырату қабілеттілігінің дамымауын жатқызады [3].

ПДТ балаларда сөздің дыбыстық-буындық құрылысын зерттеген авторлар (Г.Г.Голубева, Мальцева Е.В., Китаева Н.Н. және т.б.) келесі кемістіктерге назар аударады: буындарды қалдырып кету, орнын алмастыру, басқа буынмен алмастыру, дыбыстарды алмастыру. Көбіне, дауыссыз дыбыстардың тіркесі бар сөздердің дыбыстық-буындық құрамы бұзылады. Мұндай ақаулықтар зат есім мен етістіктерді атаған кезде жиі көрінеді, әсіресе, көп қолданбайтын сөздерінде. Көптеген зерттеулердің мәліметтері бойынша, ПДТ балалар дыбыстық талдаудың тек қарапайым түрлерін ғана жасай алады. Олардың көбісі сөздің тек бірінші дыбысын еркін белгілейді. Балалардың көпшілігі 1-2 жабық буындардан тұратын сөздердің ғана дыбыстық ретін дұрыс атайды, сөз ішінде анық естілмейтін дыбыстарды ажырата алмайды. Мұның барлығы ПДТ баланың сауат ашуға дейінгі кезеңінде сөйлеу тәжірибесінің жеткіліксіздігін анықтайды [4, 5, 6].

ПДТ мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілі кемістіктер қатарында сөйлеу тілінің просодикалық жағының бұзылуы да кездеседі. Ғылыми мәліметтер бойынша, бұл категориядағы балалардың просодикалық жағының бұзылуы барлық компоненттеріне қатысты, яғни балаларда сөйлеу тілінің мәнерлілігі, екпіндігі, динамикасы, қарқыны, ырғақтылығы, модуляциясы және т.б. бұзылған (З.Матейова, С.Мащура, А.Г.Рохмилевич, Е.В.Оганесян, Л.З.Арутюнян, Л.И.Белякова, И.З.Романчук). Балалар түрлі мәнерлілігімен айтылған сөйлемдерді ажырата алмайды, белгілі мәнерлікті қайталап көрсетуге де және өз бетінше жасауға да қиналады.

Мектепке дейінгі ПДТ балаларында сөйлеудің эмоциялық айқындығы әлсіз, олар өз эмоцияларын сөйлеу тілінің мәнерлілігі мен екпіндігі арқылы жеткізуді білмейді.

Фонетикалық-фонематикалық кемістігімен қатар, ПДТ балалардың сөйлеу тілінде лексикалық жағының айтарлықтай бұзылыстары байқалады. Е.В.Мальцева айтуынша, лексиканың елеулі бұзылыстары кіші мектеп оқушыларының 8,8% кездеседі, бұл сөйлеу тілі кемістігі бар ПДТ балалар санының 22,5% құрайды. ПДТ балалардың сөздік қорының негізгі ерекшелігі – оның кедейлігі және дәл еместігі (С.Г.Шевченко, Е.В.Мальцева, З.Тржесоглава). Мұның басты себебі балалардың психикалық дамуының тежелуі, таным іс-әрекетінің әлсіздігі, қоршаған орта туралы түсініктердің жеткіліксіздігі, айналадағы зат-құбылыстардың қасиеті мен заңдылықтарын түсінудің қиындығы. Шынында, ПДТ балалар қоршаған орта туралы түсініктерін зерттеген С.Г.Шевченко мынадай фактілерді келтіреді: бірінші сынып оқушылардың көбісі (65%) ата-анасының кім болып жұмыс істейтіндерін білмейді, 15% ғана өзінің және ата-анасының аты-жөнін, тегін анық айтты, 10% ғана «толық аты» және «тегі» деген ұғымдарын түсініп, оларды ажыратады. Балалар жыл мезгілдерін ретімен белгілеп, айтуға және оларға тән белгілерін атауға қиналады, «жыл мезгілі» мен «ай» ұғымдарын шатастырады. Зерттеуде көрсетілген мысалдардың бірі ПДТ баланың айларды атап шығу тапсырмасында айлар атауларымен бірге жыл мезгілдердің де аттарын араластырып айтқан. Балалардың «көктем» және «күз» түсініктерін жиі шатастырады. Жалпы, бала жақсы білетін заттардың, олардың қасиеттерін, кейбір әрекеттердің мәнін түсінгенімен, көбіне, олардың нақты атауларын білмейді. ПДТ балалардың сөздік қорында зат есім мен етістіктер басым келеді, ал сын есімдерді меңгеру олар үшін қиын. Олар тек тікелей қабылдап отырған заттың қасиеттерін белгілеуге қиынсынбайды, ал басқа жағдайда заттың пішінін, мөлшерін белгілейтін сын есімдерді, тіпті, түсін анықтайтын сын есімдерді атауда көптеген қателер жібереді [7].

Н.Ю.Борякова, В.А.Гончарова, О.В.Шичанина, С.Г.Шевченконың зерттеулері ПДТ бастауыш сынып оқушылардың жалпылау ұғымдарының қалыптасу деңгейі мен ерекшеліктерін көрсетті. Заттардың нақты атаулары «ойыншықтар», «ыдыс» және «киім» деген ұғымдарға ғана толығырақ берілді, ал «азық-түлік», «құстар», «жәндіктер», «гүлдер», «саңырауқұлақтар», «оқу заттары», «ағаштар», «балық», «жануарлар», «көкөніс» және т.б. жалпылау ұғымдары бойынша балалардың сөздерді атауы жеткіліксіз

болды. Н.Ю.Борякова ПДТ балалардың жалпылау ұғымдарын жай ұғымдардан ажыратуда жіберетін қателерінің үш негізгі түрлерін белгілеген: 1) жалпылау ұғымына оған жатпайтын жай ұғымдарды қосу; 2) ұғымдарды шатастыру; 3) жалпылау ұғымына жататын жай ұғымдарды мүлде атамау. Нақты заттарды жалпылауды талап еткен тапсырманы орындауда ПДТ балалардың 50% ғана жалпылау ұғымын дұрыс атады, ал қалыпты дамыған балалардың бұл тапсырманы орындағандардың саны 83% құрады. Психикалық дамуы қалыпты балалар орта есеппен 18-27 жалпы ұғымнан айтқан кезде, ПДТ балалар 6-18 ұғымнан атады. Олардың ішінен көбірек қиындық туғызған ұғымдар - адамның іс-әрекетіне байланысты жалпылау ұғымдар болды. Қателердің келесі түрлері белгіленді: 1) жалпылау ұғымын атамау; 2) жалпы ұғымды басқасымен алмастыру (жай ұғыммен, анықтамасымен); 3) жалпылау ұғымын дұрыс қолданбау; 4) жалпылау ұғымын көрсетілген заттардың орналасу жағдайына байланысты сөзбен алмастыру. Жалпылауға қарағанда балалардың нақтылау операцияларын жасауында айтарлықтай кемшіліктері байқалмады. Мысалы, оқушылар спорттық бұйымдарына жататын заттарды дұрыс атады, бірақ оларды бір сөзбен жалпылауға қиналды. Сонда, жалпылау ұғымы балалардың импрессивті сөйлеуінде бар, бірақ олар белсенді сөздік қорына енбегені мәлім. Осындай фактілердің негізінде авторлар ПДТ бастауыш сынып оқушылардың белсенді сөздік қорындағы көп сөздердің мағынасы нақты, ал жалпы мағынасы бар сөздердің көлемі аздау [8].

О.В.Шичанинаның зерттеулерінде ПДТ балалардың белсенді сөздік қорының жеткіліксіздігіне басты назар аударылған. Баланың санасында заттың бейнесі мен оның атауы өзара байланысып тұрақты қалыптаспаған. Мәселен, ол заттың атауын айтудың орнына оның сипаттамасын береді немесе керісінше, бала белгілі сөзді айтып, оның мағынасын толық түсінбейді [9].

Заттың сипаттық белгілерін атауды талап еткен тапсырманы орындау барысында да ПДТ балалары мен қалыпты дамыған балалардың арасында едәуір айырмашылықтың бар екені анықталды. Жалпы мектеп оқушылары 4-7 сипаттық белгілерін атағанда, ПДТ балалар тек 2-3 белгілерін атады. Оның үстіне, ПДТ балалар көпшілігі заттың мағыналы белгілердің орнына қосалқы белгілерін атаған. Бұл тапсырмаларды орындау кезінде ПДТ балалардың зат бөлшектердің түсін, мөлшерін, пішінін және кеңістікте орналасуын анық белгілей алмауы да анықталды. Әсіресе, балалар заттардың кеңістік ара қатынастарын белгілейтін сөздерді сирек қолданады [10].

ПДТ балалардың сөйлеу тілі антоним және синоним құралдарының жеткілікті түрде қалыптаспағанымен ерекшеленеді. Е.В.Мальцеваның мәліметтері бойынша, ПДТ балалар антонимдерден гөрі, синонимдерді табуға қиналады. Мысалы, синоним сөздердің дұрыс аталуы 63,3% болған жағдайда, антоним сөздері дұрыс табуы 71,7% құрады. ПДТ балалар антонимдерді жақсы білетін сөздерге тез табады (үлкен – кіші, суық – жылы), ал сирек қолданатын сөздерге антонимдерді мүлдем таппайды немесе көп қателерді жібереді, мысалы: басқа сөзді айту немесе болымсыздық шылауды қолдану (тігу-жапсыру, келу-келмеу). Ал синонимдерді табуда балалардың жіберетін қателері: синонимнің орнына антонимді айтады (қуаныш-қайғы) немесе басқа сөз табын атайды (қуаныш-қуанышты) [11, 12].

Сонымен, ПДТ балаларға келесі лексикалық кемістіктері тән: сөздік қорының кедейлігі, сөздің атауы мен мағынасының сәйкес келмеуі, жалпылау ұғымдардың толық қалыптаспауы мен дұрыс қолданбауы, антоним және синоним құралдарының жетіліп дамымауы.

ПДТ балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысын тексеруге арналған зерттеулер (Н.Ю. Борякова, С.В.Зорина, Р.И.Лалаева, Г.Н.Рахмакова, Е.С.Слепович, Е.Ф.Соботович, И.А.Симонова, А.А.Хохлова, Л.В.Яссман) ересек тобындағы балалары мен бастауыш сынып оқушылардың көбінде сөз өзгерту мен сөз тудыруда және сөйлемнің синтаксистік құрылысында бірқатар кемшіліктерін белгіледі. ПДТ бірінші сынып

оқушыларының сөйлемдерді айтуын зерттеген Г.Н.Рахмакованың жүргізген зерттеуі бойынша балалар жай және салалас құрмалас сөйлемдерді дұрыс қайталайды: олар сөйлемнің құрылысын, логикалық-грамматикалық өзара байланыстарын дұрыс сала білді. Сөздердің дағдылы тәртібі өзгертілген немесе дистанттық құрылысы бар жайылма сөйлемдерді қайталауда ПДТ балалар біраз қиналды. Дистанттық құрылыстары бұзылып, жайылма сөйлемдер жай сөйлемдерге айналған. Зерттеу нәтижелерін сандық талдауы бойынша қалыпты дамыған бірінші сынып оқушылардың барлығы сөйлемдерді дұрыс қайталаған, ал ПДТ балалардың ішінен сөйлемдердің семантикалық және сыртқы құрылыстарын өзгертпей айтқандардың саны 78,8% ғана құрады. Балалардың сөйлемдерді қайталау барысында жіберілген қателердің сипаты бірдей емес, мысалы, бірде олар сөйлемнің жалпы мағынасын сақтап, ішіндегі сөздерді басқа сөзбен алмастырған немесе мүлдем қалдырып кеткен, ал басқа жағдайда балалар сөйлемнің семантикалық мағынасын өзгертіп жіберген. Сонымен бірге, балалардың көбінде персеверациялар, яғни сөздерді артық қайталануы байқалды. Семантикалық құрылысының бұзылуы тапсырманы жазбаша түрде орындауында көбірек кездесті, жазбаша мен ауызша қателердің арасалмағы орта есеппен 7:1 қатысына тең болды [13].

Содан кейін балаларға берілген сөздерден сөйлем құрастыру тапсырмасы берілді. Бұл тапсырманы жалпы мектеп оқушыларының 80,4% дұрыс жасаған, ал ПДТ балалардың арасында дұрыс орындағандардың саны тек 40,6% құрады. Қалғандары көптеген қателер жіберді, ал кейбіреулер берілген сөздерді сол қалпы қайталады.

Сүйеніш сөз бойынша сөйлемді құрастыру тапсырмасын орындау барысында ПДТ балалардың құрастырған сөйлемдері, көбінесе, жай жалаң немесе мағынасы қарапайым жайылма сөйлемдері болып табылды [13]. Е.В.Мальцеваның [12] зерттеуінде берілген талдауы бойынша, ПДТ балалардың сөйлем құрастыруында келесі қателер жиі кездеседі:

1) сөйлемнің грамматикалық жағы дұрыс, бірақ семантикалық ақаулықтары бар, мысалы: «Ғарыш аспанға ұшты»;

2) тавтологиялық қателер;

3) сөйлемді сөз тіркесімен алмастыру;

4) етістік пен сын есімдерді зат есімге айналдыру, мысалы: «қарлы» орнына «далада қар жауып тұр».

Е.С.Слепович ПДТ балалардың сын есімдердің сөйлемдерде қолдануын зерттеген. Оның айтуы бойынша ПДТ балалар сын есімдерді қодануды кеш бастайды. Берілген сын есіммен сөйлемді құрастыру тапсырмасын орындаған кезінде көп балалар сын есімді зат есімге айналдырды. Мектепке дейінгі ересек тобындағы балалар тіпті ондайды да жасамайды, олар сын есімді бастауыш ретінде қолдана береді. Бұл балалардың семантикалық негізгі байланыстардың (субъект-предикат) толық қалыптаспағандығын көрсетеді. Берілген сөздер бойынша құрастырылған сөйлемдердің ішінен 17% балалар сын есімдерді мүлдем қалдырып кеткен, 24% сын есім мен зат есімнің мағыналы ара байланысының бұзылуы байқалған, қалған жағдайда сын есімнің сөйлемде орналасуы дұрыс болған жоқ.

Е.С.Слепович жүргізген зерттеулерінде ПДТ балалардың құрастырған сөйлемнің негізінде сөздердің субъекттік немесе объекттік ара қатынастары жатқызылған. Автор балалардың сөйлемінде атрибуттық, уақыттық байланыстардың кемдігін айқындайды. Мақсатты мен шартты байланыстар негізінде құралған сөйлемдер саны жоқтың қасында. Ал әрекеттің сапасын немесе амалын белгілейтін қатынастарды және себеп-нәтиже байланыстарын балалар мүлдем қолданбайды деп айтуға да болады [14].

Н.Ю.Борякованың зерттеулерінде дайындық тобындағы ПДТ балалардың сөйлемдердің толық аяқталмауы, дұрыс құрастырылмағаны жиі кездеседі беп айтылған. Балалар белгілі ғана синтаксистік құрылыстарын пайдаланады, көбіне, ол үш сөзден тұратын сөйлемдер. Сөйлемнің ішінде тура толықтауыш жанама толықтауышқа қарағанда көбірек қолданылады, ал пысықтауыш түрлерінің ішінен мекен пысықтауышы жирек

кездеседі. Сөйлемнің сөз тәртібі де жиі бұзылған, балалар етістікті, сын есімді сөйлемнің соңына қою және т.с.с. қателерін жіберді. Грамматикалық жағынан жиі кездескен ақаулықтар аграмматизмге байланысты болды [15,16].

Сөйлеу тілінің бұзылуына қарай Е.В. Мальцева ПДТ балаларды үш топқа бөледі: 1) фонетикалық кемістігі бар балалар (24,7%); 2) фонетикалық-фонематикалық кемістігі бар балалар (52,6%); 3) жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар (22,5%) [12].

И.А.Симонова ПДТ бірінші сынып оқушыларын бес топқа бөліп қарастырған:

1) мономорфты дислалиясы бар балалар;
2) полиморфтык дислалиясы бар балалар;
3) фонематикалық талдауы бұзылған балалар;
4) дислексиясы, дисграфиясы бар балалар;
5) дизартрияның жеңіл түрлері бар балалар.

Жоғары айтылғандардың барлығын жалпылай отырып, келесі қорытындыларды беруге болады:

- Психикалық дамуындағы кешеуілдеудің күрделі және көп мазмұнды болғандығынан ПДТ балаларда сөйлеу тілінің кемістіктері жиі және сан алуан түрлерінде кездеседі.
- ПДТ балаларында қалыпты жағдайда байқалатын тіл кемістіктердің барлық түрлері кездеседі. Олар жүйелігімен сипатталады, негізгі кемістіктің құрамына кіреді.
- ПДТ балалардың сөйлеу тілі дамуының қарқынның баяулығы мен дамудың өзгешелігі белгілі.
- ПДТ балаларға сөйлеу тілі кемістігінің бұзылу құрылысының күрделілігі, түрлі тіл кемістіктердің қосарласып келуі, кешенді тіл кемістіктері тән.
- ПДТ балаларында сөйлеу тілінің барлық түрлерінің бұзылуы байқалады: импрессивті және экспрессивті, ауызша және жазбаша, еліктеу негізінде және өз бетінше айтылатын сөйлеуі. Импрессивті сөйлеу тіліне тән ерекшеліктері: сөйлеуді есту арқылы қабылдаудың жетілмеуі, дыбыстарды анық ажырата алмауы, жеке сөздердің мағынасына түсінбеуі. Экспрессивті сөйлеу тіліне келесі ерекшеліктер тән: дыбыс айтуының бұзылуы, сөздік қорының кедейлігі, грамматикалық құрылысының толық қалыптаспауы, аграмматизм, сөйлеу белсенділігінің әлсіздігі.
- ПДТ балалардың сөйлеу тілі дамуының тағы бір маңызды ерекшелігі - әрекетті сөйлеу арқылы бағыттаудың жеткіліксіздігі, сөзбен жеткізудің қиындығы, сөйлеудің жоспарлау қызметінің қалыптаспауы.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Зеленина Н. Ю. Стандартизованное наблюдение в изучении проявлений самоотношения у дошкольников с различными нарушениями в развитии // Дефектология. – 2007. – № 6. – С. 21 - 27.
2. Ковшиков В.А. Исправление нарушений различных звуков. Спб. – 1995.
3. Голубева Г.Г. Нарушения фонетической стороны речи у дошкольников с ЗПР // Логопед в детском саду. – 2006. – № 4.
4. Голубева Г.Г. Нарушение звукослоговой структуры слова у дошкольников с задержкой психического развития // Логопедия. – 2004. – № 1(3).
5. Китаева Н.Н. К вопросу об особенностях усвоения стечений согласных дошкольниками с задержкой психического развития.
6. Мальцева Е.В. Особенности нарушения речи у детей с задержкой психического развития // Дефектология. – 1990. – №6. – С. 10-18.
7. Подготовка к школе детей с задержкой психического развития. // Под общей ред. С.Г.Шевченко. – М., 2003.
8. Борякова Н. Ю. Исследование лексико-грамматического компонента языка у дошкольников с ЗПР // Логопедия. – 2005. - № 1.

9. Шичанина, О. В. Некоторые особенности объяснения значения слова детьми старшего дошкольного возраста с задержкой психического развития // Дефектология. - 2008. - № 1.

10. Гончарова, В. А. Особенности лексикона дошкольников с речевой патологией и с задержкой психического развития // Логопед в детском саду. - 2008. - № 1.

11. Мальцева Е.В. Особенности нарушения речи у детей с задержкой психического развития. // Дефектология. – 1990. – №6. – С. 10-18.

12. Мальцева Е.Р. Недостатки речи у детей с задержкой психического развития младшего школьного возраста: Автореф. дис. канд. пед. наук. - М., 1991.

13. Рахмакова Г.Н. Особенности построения предложений в речи младших школьников с ЗПР. // Дефектология 1987, № 6

14. Слепович Е.С. Формирование речи у дошкольников с задержкой психического развития. - Минск, 1989.

15. Борякова Н.Ю. О некоторых особенностях построения речевого высказывания шестилетних детей с задержкой психического развития // Дефектология. - 1983. - №3. - с.9 -15.

16. Борякова Н.Ю. Формирование предпосылок к школьному обучению у детей с задержкой психического развития, - М., 2003.

**Резюме**

**Особенности речи у детей с задержкой психического развития**

***Г.С. Дербисалова,*** *к. дефек.н., ст. преподаватель,*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

В статье рассматриваются старшего дошкольного возраста. В настоящее время, психологическое и психическое развитие детей с замедлением развития специализированной литературы, особенности и больше внимания к обучению детей, обучающихся в школе, потому что из года в год, в зависимости от того, что все большее число детей с задержкой психического развития. Текущие данные, численность детей разного происхождения составляют 10-15% от числа детей с задержкой умственного развития.

**Ключевые слова:** речь, язык, дети с задержкой умственного развития, языковые расстройства, расстройства языка.

**Summary**

**Features of speech in children with mental retardation**

**G.S. Derbisalova,** *to. Defek.n., Art. teacher,*

*(Almaty, the Kazakh State Women's Pedagogical University)*

In the article the features of speech are examined for children time-lagged psychical development of senior preschool age. The article deals with the senior preschool age. Currently, psychological and mental development of children with delay of specialized literature, features and more attention to the education of children enrolled in school, because from year to year, depending on the fact that an increasing number of children with mental retardation. The current data, the number of children of different origins make up 10-15% of children with mental retardation.

**Keywords:** speech, language, children with mental retardation, language disorders, language disorders.

**ӘОЖ 37.013.42**
**Т 52**

# ПСИХИКА МЕН ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ДАМУ САТЫСЫ – ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ САУАЛ

***Г.Б. Тоқтағұлова,*** *әлеуметтік ғылым магистрі, оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада психика мен физиологиялық құбылыстардың даму сатысы және олардың арасалмағын ажырату мәселелері қарастырылады. Шындығында, психика мен физиологиялық құбылыстарды тірі организм әрекеттерінің екі түрлі даму сатысы ретінде қараған жөн. Расында, идеалды құбылыс – нәрсені субъективті бейнелеу. Сондықтан ол мида орналасады, өйткені осы материалдық құрылымнан тыс субъективті бейнелеу болмайды. Психика субъективті болмыс ретінде тек адам миында туады, әрине, ол сыртқы әсерлерге, адамның әлеуметтік белсенділігіне байланысты. Адамның психикалық іс-әрекетінің күрделі формаларының механизмдері адамдардың өзара және адам мен әлеуметтік ортаның қарым-қатынасына негізделген. Сондықтан адамдарды олардың іс-әрекетінен бөлек алып ұғыну мүмкін емес.

***Түйін сөздер:*** материалдық процесс, физиологиялық құбылыс, субъективті болмыс, психикалық құбылыс, психика мен сана.

Қазір физиология, психология, философия ғылымдары саласында өзекжарды проблемалардың бірі — психофизиологиялық сауалдар. Ол материалдық пен идеалдық мәндердің бір-біріне ауысу қатынастарының құрамына кіретін физиологиялық және психикалық құбылыстардың арасалмағын ажырату. Бұл туралы қазіргі философия да үш түрлі қағида бар. Бірінші қағиданы жақтаушылар физиологиялық құбылысты да, психикалық құбылысты да, материалдық процесс деп санайды. Яғни психиканы жоғары жүйке іс-әрекеті сияқты материя қозғалысының қасиеті деп есептейді. Олардың пікірі бойынша, адам миы объективті болмысты материалдық нәрселермен бейнелейді. Демек, психика физиологиялық құбылыстар сияқты мидың рефлекстік механизмдерінен туады.

Екінші қағида психика материя қозғалысының формасы екендігі туралы тезисті теріске шығарады. Психиканы жоғары жүйке қызметіне ұқсастыруға болмайтындығын ерекше атайды. Мұны жақтаушылардың айтуы бойынша, психика рухани нәрсе, материалды дүниенің, идеалдық шындығы. Яғни, сана болмыстың идеалдық кескіні бола тұра мидың нақтылы құбылысы және өз идеалдығын жоймайды. Алайда мұндай пікірдің көмескі жерлері көп.

Үшінші қағиданы қолдаушылардың басты тезисі психика – мидың белгілі бір нейродинамикалық жағдайының субъективтік көрінісі. Басқаша айтқанда, кез келген психикалық күй (сезу, эмоция, ой) мидың әрекеттік жүйелерінің сәйкестелген нейродинамикалық құбылыстарының көрінісі.

Соңғы жылдары миды электр тогымен тітіркендіру арқылы психикалық әсерленістердің негізгі механизмдері анықталды. Сөйтіп, күрделі психикалық құбылыстарды жүзеге асыруға мидың терең орналасқан құрылымдарының белсенді түрде қатысатындығы дәлелденді (Н. П. Бехтерева). Адамның ойлау қасиеті, ақпараттармен жоғары сатыда әрекет жасайтын құбылыс ретінде, нысаналы зерттелді. Адам миының орасан ақпараттық сыйымдылығы бар. Ол 14-15 миллиардтай нейроннан тұрады, шамамен. $10^{20}$ дәрежесіне тең ақпаратты қабылдай алады. Мұны көптеген ми нейрондарынан басқа, олардың көп әрекеттік популяциясы және мидың барлық іс-әрекетінің негізін қалайтын жылжымалы механизмдері жүзеге асырады.

Психикалық іс-әрекеттің бірлестіру механизмдері. Адам мінез-құлқының саналы іс-әрекетті бағдарлауын, реттелуін және бақылауын қамтамасыз ететін механизмдері өте күрделі біріккен жүйелерден тұрады. Олар адамның психикалық іс-әрекеттің күрделі салаларын реттейтін физиологиялық механизмдер.

Психолог А. Р. Лурияның пікірі бойынша, психикалық іс-әрекеттің қайсысы болса да, үш негізгі әрекеттік блоктан құралады. Бірінші әрекеттік блок қалыпты психикалық іс-әрекетті жүзеге асыратын ми қыртысының сергектігін реттейді. Ол қыртыс асты және ми бағаны бөлімдерінің торлы құрылымында орналасқан. Бұлар ми қыртысына әсер етумен қатар, өздері оның ықпалында болады. Оларды белсендіретін үш түрлі әсер бар. Бірінші белсендіру көзі – гомеостаз бен ырықсыз мінездің негізін қалайтын зат алмасу процестері. Оған торлы құрылымнан басқа орталық аралық ми, лимбия жүйесі ықпал жасайды. Екінші белсендіру көзі – сыртқы әлемнен келетін тітіркендіргіштер. Олар организмді сезім мүшелері арқылы белсендіреді, бағдарлау рефлексін тудырады. Бұл рефлекске таламус, құйрықты дене, гипокамп нейрондары қатысады. Үшінші белсендіру көзі – адамның саналы өмірінде тіл арқылы қалыптасатын ниет, жоспар, керініс және бағдарлама. Олар ми қыртысы, торлы құрылым, таламус, ми бараны арасындағы қатынастар арқылы жүзеге асады. Екінші әрекеттік блок мидың ақпарат қабылдауын, өңдеуін және сақтауын қамтамасыз етеді. Олар ми қыртысының көру, есту және сезімдік аймақтарында атқарылады. Үшінші әрекеттік блок белсенді саналы психикалық іс-әрекеттің реттеу мен бақылау бағдарламасын жасайды. Бұл орталық үлкен ми сыңарларының алдыңғы маңдай бөлігінде орналасқан. Мидың маңдай бөлігі сыртқы тітіркендіріске синтез және бағдарлама жасап, қимыл-әрекетті дайындаумен қатар, олардың нәтижесі мен барысын қадағалайды.

Қазіргі ұғымдарға байланысты белсенді психикалық әсерленістердің құрылысын өзін-өзі реттеуші күрделі «рефлекстік шеңбер» түрінде қарайды. Саналы іс-әрекеттің қайсысы да үш блоктың біріккені-жұмысы арқылы жүзеге асырылады. Бірінші блок үйлесімді қимылға қажет бұлшықеттер тонусын екіншісі – афферентік синтезді, үшіншісі – бағдарламаға сәйкес ниетті қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар көптеген психикалық әрекеттерге ми сыңарларының әртүрлі меңгеру айырмашылықтары ықпалын тигізеді.

Мидың әрекеттік асимметриясы. Адам миы симметриялы орган. Алайда олардың әрекеттері әртүрлі болып, әралуан іс-әрекетті меңгереді.

Бұрын мидың сол сыңары тіл, ойлау, қимыл-әрекетіне, кеңістікте дене бағдарланысына жауапты, сондықтан үстемді (доминантты) деп есептелді. Ал оң сыңары қосалқы ретінде қаралды. Қазіргі кезде әрбір психикалық әрекетті меңгеруде сол немесе оң ми сыңарларының үстемдігі болатындығы анықталды. Мәселен, сол ми сыңарының әрекеті басым адамдар теорияға бейім, сөз қоры мол, оны кеңінен пайдаланғыш, қимылы белсенді, мақсатқа талпынғыш, уақиғаларды болжағыш келеді.

Оң ми сыңары нақтылы іс-әрекетке жұмылдырады, ол адам-шабан, сөзге сараң, бірақ ете сезімтал және әсерленгіш, меңзей қарауға және еске түсіруге әуес болады. Алайда адамдардың үштен бірінде ми сыңарларының жекеленген анық әрекеттік мамандалысы байқалмайды. Маманданған ми сыңарларының арасында өзара тежелу процесі болады.

Екі ми сыңары екі түрлі ойлау процесін ұйымдастырады. Сол ми сыңары талдау процесіне қатысып, қисынды ойлауды, ал оң ми сыңары нақтылы, яғни бейнелі ойлау амалын басқарады. Сол ми сыңары сөйлеу іс-әрекетін: оны түсіну және құрастыру, сөз символдары мен жұмысты қамтамасыз етеді. Оң ми сыңары кеңістік сигналына жауапты заттарды көру және сипап сезу арқылы таниды. Оған жеткен ақпараттар бір мезгілде және жалпы тәсілмен өңделеді. Оң ми сыңарымен музыкалық қабілеттер байланысты.

Сөйлеу орталығы сол ми сыңарында орналасады. Ол оң қолдың қимыл белсенділігінен қалыптасады. Солақай адамдардың да 70%-де сөйлеу орталығы, оңқай

адамдардағыдай сол ми сыңарында, солақай адамдардың тек 15%-де сөйлеу орталығы оң ми сыңарында орналасады.

Мидың кейбір әрекеттерге ерекше жауапты болып, белгілі үстемді орталыққа айналуы латерализация деп аталады. Сірә, адамның жоғары жүйке іс-әрекетінің типтік ерекшеліктері қандай ойлау аппаратын иеленетіндігіне байланысты болуы мүмкін. «Көркемпаз» типтер – бірінші сигналдық жүйесі басым адамдар, олардың оң ми сыңары жетік, көбінесе бейнелі ойлайды. Ал «ойшыл» типтер – екінші сигналдық жүйесі үстем адамдар. Бұлар сол ми сыңарына тән дерексіз ойлауды иемденеді. Аралық тип екі сигналдық жүйенің әрекеттік теңдесуімен сипатталады. Адамдардың көбісі осы типке жатады.

Жалпы мидың бір сыңарының басым болуы туа пайда болады, алайда тәрбие мен тәлім де ерекше маңызды орын алады. Сондықтан солақай балаларды қайта үйрету кезінде, олардың ойлау қабілетінің ширақтығы тоқырап қалуы ықтимал.

Сөз жоқ, адамның қалыпты психикалық іс-әрекеті мидың екі сыңарының біріккен жұмысының нәтижесі. Олардың тек бір мезгілдегі жұмысы мен бейнелік және дерексіз ойлау тетіктерін бірлестіру ғана сыртқы әлемнің құбылыстарын жан-жақты (нақтылы және теориялық) қамтиды. Ми сыңарларының өзара қатынасына сыртқы ортаның әртүрлі құбылмалы ықпалдары себепші болады. Сонымен ми сыңарларының қарым-қатынасының екі жақты сипаты психикалық іс-әрекетті және мінез-құлықты тиімді бағытта өзгертуге мүмкіндік туғызады.

Дені сау адамда ішкі ағзалардың шартты рефлекстік реттелуі де шаласана деңгейінде атқарылады. Ішкі ағзалардың интерорецепторына әсер ететін үйреншікті тітіркендіргіштерден шығатын мәліметтер ми қыртысына жетіп талданады. Бұл шаралар организмнің мінез қылығын өзгертетін шартты рефлекстердің негізі болуы ықтимал. Мұндай күйлер адамның өзіне түсініксіз болады («күңгірт сезім»). Осы тітіркендіргіштердің әсері күшейсе, ақпараттар санаға жетіп, организмнің сәйкес аймақтарындағы жаман халды баяндайды. Ол науқастарда әртүрлі субъективтік сезулер мен шағымдар туғызады.

Шаласана әсерленіс, мінез-құлықтық және психикалық іс-әрекеттің басқа түрлері сияқты, себеп пен салдар қатынасы заңдарына бағынады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Леонтьев А.Н. Проблемы развитие психики. – М., 1981.
2. Мухина В.С. Возрастная психология. – М., 1998.
3. Ананьев Б.Г. К психофизиологии студенческого возраста. Современные психолого-педагогические проблемы высшей школы-Л.,1974,с.3-15.
4. Малиновский А.А. Биология человека «Знание»,М.1973.(«Новое в жизни, науке и технике». Сер. «Биология», №8). – С.44, 64.

### Резюме

**Проблемы различия межотношении их и ступень развития психики и физиологических явлении**

***Г.Б. Токтагулова,*** *маг.с.н. преподаватель*

*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

В статье рассматривается проблемы различия межотношении их и ступень развития психики и физиологических явлении. На самом деле, психические и физиологические действия в организме kubılıstardı живого следует рассматривать как два разных этапа развития. В самом деле, что такое идеал - субъективный образ. Таким образом, он находится в головном мозге, так как это не является субъективным визуальной структуры материала. Это мозг человеческой психики как субъективное, конечно, это происходит из-за внешних воздействий человеческой социальной активности. Психические механизмы

действия сложных форм человеческого взаимодействия, основанных на окружающую среду и человека и социальных отношений. Таким образом, люди не могут понять свои действия в сторону.

**Ключевые слова:** материалы и процесс физиологический феномен, субъективны, психическое явление, психику и сознание.

**Summary**

**Problems distinction of them and the stage of psyche and physiological the phenomenon**

**G.B. Toktagulova,** *mag.s.n. teacher*

*(Almaty, the Kazakh State Women's Pedagogical University)*

In the article examined problems distinction of them and the stage of psyche and physiological the phenomenon. In fact, psychic and physiological actions in a living organism kubılıstardı be regarded as two different stages of development. In fact, it is ideal - a subjective image. Thus, it is located in the brain, as it is not a subjective visual structure material. It is the brain of the human psyche as a subjective, of course, this is due to external influences of human social activity. Mental mechanisms of action of complex forms of human interaction based on the environment and human and social relations. Thus, people can not understand his actions towards.

**Keywords:** materials and process physiological phenomenon, subjective, psychic phenomenon, mind and consciousness.

**ӘОЖ 371**
**М 83**

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Р.К. Измагамбетова,*** *ғылыми қызметкер*
*«Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары қарастырылады. Шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру дегеніміз – өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Жаңа заман талабына сай оқушылардың шығармашылық мәдениетін дамыту барысында, әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан, қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан, ерекше дарынды балалардың жеке өзіндік интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

***Түйін сөздер:*** шығармашылық, шығармашылық мәдениет, даму, шығармашылық әрекеттер, ұлттық мәдениет, рухани құндылықтар, ана тілі.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе, екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Мәселелерді жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы,

ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да.

Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Мектептің тірегі де, жүрегі де, білімнің тұтқасы да – мұғалім. Бала тағдыры қолына сеніп тапсырылып отырған басты тұлға да ұстаз екені де баршаға белгілі.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық — бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

К.Д. Ушинский пікірін П.Ф. Каптерев одан әрі дамыта отырып, педагогикалық үрдіс оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекеті: бір жағынан, бұл - мұғалімнің бағыттаушы, ал екінші жағынан - оқушының өзіндік ішкі әрекеті. Ол оқушының белсенді білім игеруі мен қызығушылығына, талпынысына ерекше мән берді. П.Ф.Каптерев оқушының білімді игерудегі ішкі процестерін зерттеуді бірінші орынға қойды. Ең маңыздысы, бұл процестерге жағымды жағдайлар жасау дейді [1, 29 б.].

Қазақ мектептерінде дидактикалық міндеттерді шешуде Ы.Алтынсарин үлкен үлес қосты. Ы.Алтынсариннің мұғалім міндеттері туралы, қалай оқыту керек, қалай оқу керек деген талаптары біздің зерттеулерімізде маңызды болды. Ы.Алтынсарин бойынша оқытудың жеке әдіс-тәсілдеріне:

а) оқыту әдісі - бұл баланың білімге құштарлығын оятатын, кейіннен өз бетінше білім көтеруіне бастайтын жол;

ә) сабақта баланың ой-әрекетін жаттықтыру. «Маңыздысы, оқушының өз бетінше ойлана білуі».

Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ, өркениет біткеннің өзегі – білім, ғылым, тәрбие дейтін болсақ, осының барлығының бастауы – бастауыш мектеп. Ал бастауыш буынның негізгі міндеті баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін дамыту, адамзаттың асыл қасиеттерін оқушы бойына сіңіру.

Кейбір зерттеулерде оқушының танымдық белсенділігі – бұл интеллектуалды және кәсіптік дайындыққа бағытталған үздіксіз оқу үрдісі, оқу тиімділігі мен оқытудың ғылымилығы деңгейін оптималдандыру ретінде түсіндіреді.

Баланың шығармашылық іс-әрекеттерін, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарын тәрбиелеу ана тілі арқылы жүзеге асады. Осы пәннің маңызы туралы Ж.Аймауытов былай дейді: «Оқытатын пәндердің бәріне бірдей керекті, бәрін қаусырып, орап алатын пән - ана тілі екені даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен қатар, бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін ойлау жүйесін, ой пәлсафасын да меңгереді» [2, 10 б. ]. Ал ана тілін оқыту арқылы шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру дегеніміз - өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Осыған орай В.В.Давыдов: «Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттіліктерді оқу әрекетінде көрінеді, даму өнімі-оқуға

құштарлық, ынталылық» - дейді [3, 239 б.]. Ал шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін.

Біздің міндетіміз оқушыға оның бойында көрінбей тұрған мүмкіншіліктерін ашып көрсету. Осы міндеттерді орындауға мұғалімге бірден-бір керегі – дұрыс, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап пайдалану. Мен өз тәжірибемде жаңа технологияларды қолдану арқылы біраз нәтижеге жеттім. Бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушының өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді, түрлі іс-әрекетке бағыттайды.

Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы қалыптастыруға бағытталған шақтар түрлері төртке бөлінеді: «танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әдіснамалық».

Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы арттыруда шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін өткізудің маңызы зор.

Мұндай түрдегі сабақтардағы түрлі оқу жұмыстары оқушының шындық белсенділігін арттырып, оқу мен ойлау әрекетінің тиімді амал-тәсілдерін, яғни материалының негізгі ұғымдары мен тұжырымдарын айыру, жаңа материалды өткен материалмен салыстыру оларды белгілі жүйеге топтастырады және қорытындылау жасау сияқты амалдарды дайындауға үйренеді.

Шығармашылық сабақтардың жоспарын жасауда оқушының шығармашылық әрекетінің бағдарына сәйкестендіріп, олардың қабілеттері, ескерілуі тиіс. Оқушылардың шығармашылық әрекетін тудыратын сабақтарды өткізу жоспары мен кезеңдерін қарастырамыз.

Шығармашылық сипаттағы сабақтардың жоспарын жасау үшін тақырыбы, мақсаты, әрекет түрі және нәтижелері бір-біріне жуық байланысты сабақтарды топтастырып, таңдап алуға болады. Жалпы бағдарламада көрсетілген пәндік сабақтардың әр тарауында жететін жетістіктері негізінде оқушылар білім алуда нәтижеге жетеді.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін көтеруді мұғалім алдына мақсат етіп қояды. Мұғалім оқушы күйіне кіріп, олардың тақырыпқа қатынас әрекетін ойлайды, өтілетін сабақтың проблемасына қажет жағдайда жоспарланған сабақ мазмұны мен оқыту әдістеріне түзетулер енгізеді.

Сабақ тақырыбы бойынша мұғалім оқулықтар, кітаптар, әдістемелік кітаптар, басқа да материалдармен танысады. Мұғалім өзіне, оқушыларға мықты болатын мәселелерді іздестіреді. Осы мәселелер жөнінде көптеген материалдарды қарастырып, мамандардың пікірлерін ескере отырып, табу қажет.

Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

1. Балаларға белгілі тақырыпта әңгіме оқып, оқушыларға басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсыну;
2. Әңгіменің, ертегінің сюжетін бастап беру, аяқтауды оқушыларға тапсыру;
3. Ертегіні ұжым болып тыңдау;
4. Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру;
5. Қиялдау арқылы сурет салғызу, ролмен ойнату;
6. Арнайы тақырыпта пікірталас тудыру.

Көрсетілген әдіс-тәсілдер бастауыш сыныптарға тиімді екендігіне көзім жетті. Осыларды пайлану арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын оятып, терең ойлау қабілетін, белсенділігін қалыптастыруға болады. Бұған дейін оқушы мұғалім мен оқулыққа ғана бағынатын болса, енді ол сыни тұрғыдан ойланып, өз ойын дәлелдей алатын тұлғаға айналды. Оқушылардың тілін, ойын, еркін сөйлеуін дамытып, топпен жұмыс істеу кезінде бір-бірін тыңдай білуге үйретеді.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашу. Ұлы ғалым Д.И.Менделеев мұғалімдердің ғылымның сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған. «Ғылымды сүйген

және жақсы меңгере білген мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады» деген [4, 805 б.]. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.

Іс- тәжірибелерді қорытындылай келіп, мынадай түйін түюге болады:

1. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың қызығушылығы артады.

2. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі.

3. Оқушының дарынды тұлға, шығармашылық шеберліктері шыңдалғандығының нәтижесін көруге болады.

4. Қазіргі заман талабына сай тұлға қалыптасады.

5. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс- әрекетке қабілеттері артады.

6. Әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, сынып ұғымын қалыптастыруға, ата-аналармен ынтымақтасуға көмегі тиері сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ушинский К.Д. Материалы к третьему тому «Педагогической антропологии» (1870). – 29 с.

2. Аймауытов Ж. Психология. – А.: Рауан, 1995. - 308-б.

3. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М.: Педагогика, 1986. – 239 с

4. Менделеев Д.И. Сочинения. Том 25. Дополнительные материалы. – 1952 (805с).

**Резюме**

**Пути формирования творческой деятельности учащихся начальных классов**

**Р.К. Измагамбетова,** *научный сотрудник лабораторий «Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасы*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

В статье рассматриваются пути формирования творческой деятельности учащихся начальных классов. Формирования творческой деятельности – это поиск, стремление к самопознанию реальности жизни. В ходе развития культуры студентов современного искусства, в зависимости от степени развития науки сегодня, с одной стороны, эффективная подготовка талантливых специалистов для общества, с другой стороны, обеспечивает удовлетворение индивидуального интеллектуального развития одаренных детей.

**Ключевые слова:** творческая культура, развитие, творческие акции, национальной культуры и духовных ценностей, их родной язык.

**Summary**

**Ways of formation of creative activity of primary school children**

**R.K. Izmagambetova,** *researcher laboratories «Kazakh mektebiniң lady Maseleleri" zerthanasy*

*(Almaty, the Kazakh State Women's Pedagogical University)*

The article examines how the formation of creative activity of primary school pupils. Formation of creative activity – a search, the desire for self-knowledge the reality of life. During the development of culture of students of modern art, depending on the degree of development of science today, on the one hand, the effective training of talent to the public, on the other hand, provides the satisfaction of individual intellectual development of gifted children.

**Keywords:** creative culture, development, creative actions, national culture and spiritual values of their native language.

**ӘОЖ 370**
**М 39**

# МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

***К.Т.Медеубаева,*** *п.ғ.к., «Қазақ мектебінің даму мәселелері» ғылыми зертханасының аға ғылыми қызметкері*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Бұл мақалада Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы ұлттық педагогиканың тәрбие үрдісіндегі маңызы қарастырылған. Қазақ халқының мәдениетіндегі тәрбие мен оқыту ерекшеліктері оның ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ұлттық қасиеттері: меймандостық, кісілік сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділік болса, рухани болмыстары: өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, жадына сақтай білу қабілеттілігі оның ұлттық ерекшеліктері болып табылады.

***Түйін сөздер:*** ұлттық тәрбие, ұлттық әдебиет, халық педагогикасы, ұлттық қасиеттер, көркем шығарма, халық ауыз әдебиеті, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық ерекшеліктер, М.Жұмабаев туындылары.

Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері (халық педагогикасы) ең әуелі дүниетанытуды, содан кейін тәрбиелеуді, өмір заңдылықтарын үйретуді көздейді.

Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге – ұлтттық педагогикаға байланысты дамып, қалыптасқан. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінің құралады. Әдебиет көркем шығармалар арқылы сан үйретуден бастап, шығарма кейіпкерлерінің тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін үлгі ретінде әсерлі баяндап, содан соң көркемдеп көрсетіп үйрету арқылы жеке тұлғаның адами қасиеттерін қалыптастырып, кісілік сана-сапасын арттырады.

Қазақтың халық педагогикасының үлкен бір саласы халық ауыз әдебиеті – ұрпақты адамгершілікке, еңбекке, әсемдікті сезіне білуге, тіл мәдениетін сақтауға тәрбиелейтін құдіретті құрал. Қазақ халқының аса бай ұлттық әдебиеті, қайырымды, әдепті салт-дәстүрлері оның этностық – ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді де, жеке тұлғалардың ұлттық қасиетерін қалыптастырады.

Халық педагогикасы – сол халықтың тұрмыстық, өмірлік тәжірибесінен дамып, қалыптасқан ұлттық тәрбиелік және дүниетанымдық жүйені көрсететін ғылым саласы. Халық педагогикасы туралы ұлы ойшылдардың пікіріне көз жүгіртсек, К.Д.Ушинский: «Халықтың – этностың тәжірибесінсіз педагог та жоқ, педагогика да жоқ»;– десе, «Біз бала тәрбиелеуде халық тәжірибесіне сүйенеміз» – деген ұлы ойшыл Аристотель. Сол халық тәжірибесі арқылы дамып қалыптасқан «Халық педагогикасы – империкалық білімдер жиынтығы», – дейді Г.С. Виноградов. Қазақ халқының халық педагогикасы ұлттық тәрбие құралы ретінде оның этностық – ұлттық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлға, жалынды ақын М.Жұмабаев өз туындыларында халық ауыз әдебиеті (фольклор) сарынын көп пайдаланған. Зерттеуші-ғалым Ш.Елеукенов: «Мағжанның фольклорды пайдалану әдісін творчестволық дамуы мен қалыптасуына байланысты екі сатыға бөлуге болады. Бірінші саты – 1920 жылға дейінгі, екінші саты одан кейінгі. Бірақ, сөз жоқ, бірі екіншісінің дамытылған, жақсара түскен жалғасы», деп екі сатыға бөлген [1, 11-12].

Ақын М.Жұмабаевтың 20-жылдарға дейінгі өлеңдерінде халық ауыз әдебиетінің кіші жанрлары мен діни түсініктен туған теңеулер басым келеді. Фольклордағы бақытсыз әйел

тағдыры, аңшылыққа байланысты сюжеттерге құрылған өлеңдерінде бұл ерекшеліктер анық байқалады. Ақынның «Александр Блок» өлеңінің композициялық құрылысында ертегі дәстүрі мол орын алған.

Ал «Жарым», «Орамал» өлеңдерінен халық ауыз әдебиетінің түрлері ертегі мен эпосқа ортақ сарындар кездеседі. «Жарым» өлеңінде ақын халық ауыз әдебиетінің бір түрі жұмбақты шеберлікпен пайдаланған.

*Әкем маған: «Сауда қылып, мал тап!» – дер,*
*Жарым маған: «Мал деген не, тек жат!» – дер.*
*Елім маған: «Елге еңбек қыл!» – дегенде,*
*Жарым маған: «Жатқан адам бекзат!» – дер.*

*Жар айтқан соң, жаннан жақын көрген жар,*
*Жардың тілін алмауға не дәтім бар?!*
*Тілін алдым – үйден, елден айрылдым,*
*Бірі де жоқ – мал да, ел де, намыс, ар.*

Өлеңнің соңында:

*Бұл жарым кім? Тапшы кәне, «Денсаулық?», –*
*Сен дейсің ғой: алма бетті, ақ жаулық... –*

деп жұмбақ сұрақ қойып, оқушыны логикалық ойлауға жетелейді. Ақын бағанадан оқушысын ойландырған сұраққа:

*Жоқ, жолдасым, адасасың, айтайын:*
*Жарым менің – атышулы жалқаулық! –*

деп жауап беріп, жалқаулықтың адам баласын аздыратынын жалаң баяндамай, оны сүйікті жар бейнесінде образға айналдырған. «Бұл менің жарым, сендер бұған жоламаңдар, одан аулақ болыңдар!» деп жастарды жалқаулықтан, енжарлықтан сақтандырады.

М.Жұмабаев өлеңдерінде халық ауыз әдебиетінің бір түрі тұрмыс-салт жырларының баланың өмірге келуіне байланысты туған бесік жыры үлгісі де жаңа айшықпен қолданылған. Ақын «Бесік жыры» өлеңін:

*Жұмсақ бесік,*
*Жылы төсек,*
*Жата ғой, қозым.*
*Әлди, бөпем,*
*Әлди, бөпем,*
*Ұйықта, жұм көзің.*
*Құлыншақтар,*
*Қозы, лақтар –*
*Бәрі-ақ ұйқыда.*
*Сен – жұлдызым,*
*Сен – көз нұрым,*
*Кір тәтті ұйқыға, –*

деген жолдармен бере отырып, ауыз әдебиеті үлгісімен жас сәбидің тыныштығын, түнгі тәтті ұйқысын, ержетіп, азамат боп өсуін тілейді. Халықтың бесік жырындағы тал бесікте уілдеп жатқан сәбиге «ақырып тиіскен қаһарлы ер, таңдайында өлеңнің ұясы бар ақын, толқынды топта күрескен палуан, түрлі ою ойған ұста болар ма екенсің» деген үміт-тілегін Мағжан өзінің «Бесік жыры» шығармасында алты шумақты өлең үлгісін пайдалана отырып:

*Алмас қылыш,*
*Найза құрыш*
*Белге буарсың.*
*Сен – сырттаным,*
*Арыстаным,*
*Жауды қуарсың.*

*Туған жерден,*
*Өскен елден*
*Ерге не қымбат?*
*Жас жолбарыс,*
*Жаумен алыс,*
*Шаңға, қанға бат, –*

деп, асқан шеберлікпен жалғастырады, қазақ халқының жас ұрпағынан күтер үмітін, оларға айтар ой-пікірін, сыр-сезімін әсерлі өрбітіп, әсем жеткізеді. Ақынның «Бесік жыры» өлеңі тілге жеңіл, ойнақы, оқушының ойына қонымдылығымен оқырманды баурап алады. М.Жұмабаев өзінің «Бесік жыры» өлеңінде халық ауыз әдебиетіндегі бесік жырларын жаңаша түлетіп, жасаңғырта жаңғыртқан. Халық ауыз әдебиеті үлгілері М.Жұмабаевтың «Сылдырмақ», «Сал-сал, білек», «Бөбектің тілегі», «Жұбату» өлеңдерінде де барынша айқын көрініс тапқан.

Ақын М.Жұмабаев өлеңдерінен халық ауыз әдебиетіндегі жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдердің сарынын байқауға болады. Оның мысалы М.Жұмабаевтың «Ертегі» поэмасының соңындағы:

*Заман озды, адам тозды, ерлер жоқ...*
*Заман озды, ер заманы ерте екен, –*

деген жолдар халық ауыз әдебиетіндегі «Заман тозса, адам азады», «Заманына қарай адамы» деген мақалдармен үндесетіндігін байқаймыз.

М.Жұмабаевпен тұстас, замандас ақындардың ішінде халық ауыз әдебиетінен үйренбегені, халық ауыз әдебиетінен үлгі-өнеге алмағаны жоқ десе де болады. Солардың арасында М.Жұмабаевтың ауыз әдебиетін қолдану ерекшелігін Мағжантанушы Б.Қанарбаева: «Фольклорды пайдалануда Мағжанның сол кездегі ақындарға ұқсамайтын басты ерекшелігі болды. Мағжан фольклорға «төменнен қарайды». Сол кездегі қазақ әдебиетінің негізін салушы ақындардың, оның ішінде: Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов тағы басқа ақын-жазушылардың фольклорды пайдалану әдістерімен салыстырғанда Мағжан осындай өзгешеліктерімен оқшауланады», – деп атап көрсеткен [2, 140-141].

М.Жұмабаевтың қай шығармасы болмасын ақынның халық ауыз әдебиетінен шығармашылықпен үйренгендігі, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін өзінше дамытып қолданғандығы байқалады. Қаламгер өзінің «Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Егер сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», – деген пікіріне сай, халық ертегілеріндегі тыңдаушыны психологиялық тұрғыдан дайындап әкеліп, оны өзіне бейтаныс әлемге тосыннан енгізіп жіберу әдісін ақын «Жүсіп хан» әдеби-ертегісінде сәтті пайдаланған. Ақын поэмада Иран жері мен елі туралы ұзақ-сонар толғаумен таныстыру жасамайды. «Жері гүлге көмілген», «Бір гүл сайын бір бұлбұл», «Бір жеміс жақұттай», «Бір жемісі ақықтай», т.б. көркемдік әдістерді аса шеберлікпен қолдана отырып, әр сөзді алуан түрлі мағыналық қуатпен аша отырып, Иранның ғажайып табиғатын көркем картина тәрізді көз алдыңа елестетеді. Ақын асқан шеберлікпен қолданған бұл әдіс «Жүсіп хан» ертегі-поэмасындағы оқиғаларға деген оқырман сенімін арттырып, оқушыны ары қарай қызықтыра, ынтықтыра түседі. Бірақ, өкінішке орай, осындай ғажайып табиғаты ерекше көркем де көрікті елді Аббас сияқты жалмауыз байлардың сойылын соғып, қара халықты қанап отырған жауыз хан билейтіндігін айтқан кезде көз алдыңдағы әсем көрініс, рахат сезім су сепкендей басылады. Поэманың өзіне тән тағы бір ерекшелігі кейіпкерлері ертегілердегідей бірі мыңды жығатын алып күш иесі де, ақылымен баршаны аузына қаратқан данышпан да, аузымен құс тістеген шешен де болып суреттелмейді. Поэмадағы Аббас хан, Жүсіп, бас

уәзір, қолбасы, тағы басқа кейіпкерлер «таныс та бейтаныс» тұлғалар түрінде бейнеленіп, оқырманды өмір шындығына жақындата түседі.

«Жүсіп хан» поэма-ертегісінде адам, азаматтық, парыз, отаншылдық сияқты биік ұғымдардың бастауында тұрған ӘДІЛДІК шығарманың басты арқауы болып тартылған. Поэмадағы халық арасынан шыққан Жүсіп бейнесі әділдіктің, адамгершіліктің символы ретінде алынған. Поэма-ертегіден бастан-аяқ халық ертегілеріне тән сипатты айқын байқауға болады. Бұдан шығатын қорытынды бұл туындылар Мағжан Жұмабаев шығармашылығының 20-30 жылдардағы дәуірлеу кезеңінің алғашқы баспалдағы болып табылады. Башқұрт халқының ұлы перзенті, М.Жұмабаевтың досы Сәйфи Құдаш 1969 жылы Қазақстан Жазушылар Одағына жазған хатында: «Мағжан – ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын, оның өзіне ғана тән үні, таңғажайып әуенді жыры бар. Бұның қайнар көзі халық поэзиясының тұңғиық тереңінде», [3] – деп бағалауы – М.Жұмабаев шығармаларында халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет арасындағы ажырамас бірлік берік орын алғанының дәлелі. Мәдениеттің өмірдегі көрінісі – ұлттық тәрбиенің жемісі. Әдебиет – тәрбиенің, атап айтқанда, мәдениеттілікке тәрбиелеудің басты құралы болып табылады. Кез келген әдеби шығарманың эстетикалық мәні тәрбиеленушінің этикасы мен этникасын яғни мәдениетін қалыптастыруға себін тигізеді, әсер беріп адамдығын қалыптастырады.

Жас ұрпақтың әдептілігін дамытып қалыптастыру үшін, қазақ халқы әдебиеттің әдептілікке үйрететін үрдістерін жан-жақты пайдаланса, қазақ әдебиетінің ХХ ғасыр басындағы ұлт ақыны Мағжан Жұмабаев халықтық педагогика тағылымдары арқылы Алаш ұрпағына ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, сүюге шақырған.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Елеукенов Ш. Мағжан Жұмабаев. Шығармалар жинағы. Алматы, 1999.
2. Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. Алматы, 1994.
3. Құдаш С. Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев.// Қазақ әдебиеті, 1988. – №52.
4. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш. Алматы, 1997.
5. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. Алматы, 1989.

## Резюме

### Образцы народный педагогики в произведениях М. Жумабаева

***К.Т.Медеубаева,*** *к.п.н., ст.научн. сотрудник лаборотрий «Қазақ мектебінің даму мәселелері»*
*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университеті)*

В этой статье рассмотрена актуальность национальной педагогики в процессе воспитания в произведениях М.Жумабаева. Особенности культуры образования и обучения казахского народа развивалась на протяжении многих веков, а также национальные качества: гостеприимство, холостая уважение, духовности, смирения, добра, благополучия, имеют тенденцию к жизни, духовной жизни: любитель, красноречия, память является способность сохранять свои национальные особенности ,

**Ключевые слова:** национальное образование, национальная литература, народная педагогика, национальные черты, картины, народная литература, народные традиции, национальные особенности, произведение М.Жумабаева.

## Summary

This article discusses the relevance of the national pedagogy in the process of education in the works M.Zhumabaev.

## ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА-ART AND CULTURE

**ӘОЖ 371.044.3**
**А91**

# ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ӨНЕР ЖАСТАРЫНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

***Ж.А. Ауезбекова,*** *оқытушы*
*(Алматы қ, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Қазіргі әлемдік жаһандану үрдісі ерекше екпін алып, дамыған шақ. Мұндай аумалы-төкпелі сындарлы кезеңде, ең бастысы, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалуға тиіспіз. Өркениеті өрбіген мемлекетіміздің ертеңгі болашағы келер ұрпақтың қолында. Болашағымыздың үміті, өміріміздің гүлі, жас ұрпақтарымызды тәрбиелеуде ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісі қазіргі таңдағы өмірімізге лайықпа? Әлде, сол ұлттық тәрбиенің орнын осы интернет пен теледидар баса ала ма? XXI ғасырдағы өрттей жаулаған ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер мен үздіксіз даму үстіндегі өмірдің толассыз ағымында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу оңай шаруа емес. Оларға ұлттық тәрбиені дарыту одан да күрделі.

***Түйін сөздер:*** ұлттық тәрбие, халқының мәдениеті.

